$$\left\{ \begin{array}{l} b^{opt} = \lim_{NPV \rightarrow \min} f(NPV) \\ \Delta NPV = \sum f(I_i, \alpha) + K \\ I = f(I_1) + f(I_2) + f(I_3) + f(I_4) + C \\ 0 < b^{opt} \leq b^{пред.} \end{array} \right. \quad (4)$$

where b^{opt} – optimal conditions of the technical and economic assessment of the relative consumption of the adsorbent, ΔNPV – changes in Net Present Value when implementing the method, $\sum f(I_i, \alpha)$ - the sum of changes in NPV associated with the implementation of reagent method, K – capital expenditures, I – the total cost of the method (€/year), $f(I_1)$ – fuel costs, $f(I_2)$ – the cost of the adsorbent supplied to the down shaft of the boiler, $f(I_3)$ – payment for the emission of sulfur oxides, which depends on the consumption of the adsorbent, $f(I_4)$ – boiler repair costs associated with changes in the intensity of abrasive wear of heating surface pipes (all parts of the total costs are functions of the adsorbent consumption), C – operating costs, $b^{пред.}$ - the limit value of the relative reagent consumption, after which there is no noticeable reduction in the mass emission of harmful substances, kg/kg equivalent.

2.2.3 The reagent method of flue gas cleaning

The essence of the proposed method for cleaning flue gases is to pour natural zeolite into the convective shaft of the boiler through the devices of the system for shot-blasting the heating surfaces (Fig. 3). The method is suggested in [9] aims to absorb the substances like SO₂, SO₃ and NO_x contained in the outgoing gases. Simultaneously with a decrease in the concentration of oxides in the combustion products, the dew point temperature of the flue gases decreases, which ultimately improves the reliability of air heaters. In addition, lowering the temperature of the flue gases the dew point allows the boiler to operate in real conditions with a deeper cooling of the combustion products, i.e. with a lower temperature of the exhaust gases, which in turn makes it possible to increase the efficiency of the boiler compared to normal operation (without using the proposed technology).




Figure 3. Fractional Cleaning Device (adapted from [10]):

1 – fraction catcher; 2 - fraction feeder; 3 - ceiling spreader; 4 - winder; 5 - separator; 6 - mixer; 7 - pneumatic transport line; 8-blower machine

3 Results and discussions

3.1 The analysis of the technical and economic optimization of the method

In this part, the results of the feasibility study of a method based on sprinkling natural zeolites into the convection shaft of a TPE-216 boiler at the Kharanorskaya TPP at a fuel price of 1,500 thous.rubles/tonne are presented. Figure 4 shows the dependence of the change in Net Present Value on the adsorbent consumption.




Figure 4. The dependence of the change in Net Present Value on the adsorbent consumption (C) [7]

As a result, the optimal values of the reagent consumption amounted to 2.1 - 2.3%. Analyzing Figure 4, it becomes obvious that when the adsorbent consumption is from 0 to 6%, negative NPC values are observed under the considered conditions, which is a positive economic effect (profit) from the implementation of this method, which is ensured by fuel economy by increasing the boiler gross efficiency together with reduction in emissions of harmful substances.

With a further increase in the consumption of adsorbent, while reducing the effectiveness of this method of purification of flue gases there is an increase in net present value, proportional to the consumption of adsorbent. This fact is explained by the excess of the rate of change of the net present value of the cost of implementing the method over the change in the magnitude of the economic effect of its implementation.

3.2 Research methodology

According to [11] the research methods are the strategies, processes or techniques utilized in the collection of data or evidence for analysis in order to uncover new information or create better understanding of a topic.

In this case, the application of quantitative method of survey enables to gather data about firms' activity, attitude to implementation of new technologies, their willingness to usage of new methods to reduce negative impact on the environment.

Questionnaire is a good way to obtain information from a large number of companies in the energy sector. The problems that facing by each company may be the same, but the solution to this problem may differ among the enterprises of the energy sector.

3.2.1 Results of empirical research analysis

The questionnaire submitted to companies in the energy sector is devoted to the attitude of companies towards ecology and technologies for its protection.

The questionnaire was sent to 170 companies operating in the energy sector, namely, plants for the production of heat and electricity, the oil industry, and the distribution of electric energy. The total number of organizations that took part in the questionnaire was about 10%.

As it can be seen from the Figure 5, the most companies which participated in the survey were mostly from such countries as Lithuania and Georgia (40 % and 30 %, respectively). When only 20 % of respondents were companies from Kazakhstan and 10 % - Iceland.




Figure 5. Location of researched companies

The figure below depicts that the largest part of respondents was engaged in the production of heat and electricity and consisted of 60 %. Meanwhile 40% are organizations related to oil production, high voltage Equipment Installation, Power Transmission and Dispatch, Doing Electrical Projects.




Figure 6. Researched companies' activity

The energy factor plays a key role in world politics along with military, political or economic factors. Large and medium-sized companies are needed to provide the country with an efficient and reliable energy supply (Table 1).

Table 1. Small and Medium-sized Enterprises SMEs (European Commission) [12]

Company category	Staff headcount	Turnover	or	Balance sheet total
Medium-sized	< 250	≤ € 50 m		≤ € 43 m
Small	< 50	≤ € 10 m		≤ € 10 m
Micro	< 10	≤ € 2 m		≤ € 2 m

The obtained results presented in the Figure 7 demonstrates that half of the respondents belong to large companies. Whereas the rest half of the respondents, namely small and medium enterprises make up 40% and 10%, respectively.




Figure 7. The number of employees in the organization

We should also not forget that environmental protection plays an important role in policy of countries. The environmental protection at the companies is characterized by a set of measures that are aimed at preventing the negative impact of human activities on the environment, which ensures favorable and safe conditions for human life.

Based on this statement, the Figure 8 shows that 50% of companies believe that environmental protection is an integral part of their policies. While, the other half claims that it is necessary to pay more attention to this issue.




Figure 8. The role of environmental protection in the energy sector

As it was mentioned earlier, the problem encountered by each company may be identical, but the approach to solving this problem may vary among companies in the energy sector. The data from the graph below confirms that the most of the companies prefer physico-mechanical methods to solve environmental problems. With regarding to the other methods, namely chemical, biological and adsorption / absorption, they occupy 20% each.




Figure 9. The methods for improvement of environment

According to the data presented in the Figure 10, the availability of such driving factors as price, efficiency and eco-friendliness play an important role for the successful implementation of cleaning technologies in the technological process.




Figure 10. Assessment of factors for successful implementation of technology

Based on the abovementioned statement, eco-technologies have all the characteristics necessary to ensure efficient and environmentally friendly operation of the enterprise. Thus, the integration of new technologies will significantly improve the state of the environment. In turn, 50 % of companies are going to implement the eco-technologies in the near future to minimize damage to the environment and humans.




Figure 11. The intention of companies in implementation of eco-technologies

Among eco-technologies, zeolites can be considered as a method for reducing harmful emissions from enterprises in the energy sector. These minerals have proven themselves in the treatment of waters characterized by high hardness and high content of heavy metal ions; water and soil purification from radionuclides, cesium and strontium; water and soil purification from oil spills, petroleum products and dangerous chemicals; air purification from sulfur dioxide, nitrogen oxides and carbon oxides.

The unusual properties of zeolite attract the attention of companies that did not have experience with this aluminosilicate. This fact is confirmed by the data presented in the pie chart (Fig. 12). The graph shows that 60 % of respondents are interested in using relatively low cost minerals to reduce the emissions from company and increase its efficiency.




Figure 12. Interest in application of zeolites

4 Conclusion

Summing up all the information presented above, it is possible to say that innovation will play an important role in improving the environment. The introduction of innovative, clean, harmless technologies for our planet is the only right way of development, to which each country strives for. Based on empirical research, most graphs show that the energy sector is paying particular attention to pollution. To solve the problem with polluting emissions, companies of different sizes maintain the state of current equipment using various cleaning methods. But over time, the equipment wears out and new technologies come to replace them, namely eco-technologies.

Based on the research, eco-technologies can be as efficient as existing ones. Moreover, they are less expensive and have an environmental orientation. One such example is zeolite. Based on the opinions of respondents, no one has ever had experience with this mineral. However, many companies have expressed their interest in zeolites as a way to reduce harmful emissions and increase the company's efficiency with small investments.

This proves that it is wise to invest money in efficient and environmentally friendly technologies, because they can save energy, materials and raw materials. This will reduce production costs and take care of the environment.

References

1. Степанова Л. Природные цеолиты. Распространение, генезис, структура и свойства цеолитов, использование в сельском хозяйстве / Орловская областная публичная библиотека им. И.А.Бунина. 2005. Режим доступа к журн. URL : <http://www.buninlib.orel.ru/Eko/izdaniya/PDF/24.pdf> (дата обращения: 25.01.2019)
2. Bob Dudley, Electricity generation by fuel. BP Statistical Review of World Energy. 2018. N 67. p.47.
3. Алюмосиликаты/Энциклопедия Кругосвет. 2019. // Электрон. дан. Режим доступа URL : https://www.krugosvet.ru/enc/nauka_i_tehnika/himiya/ALYUMOSILIKATI.html (дата обращения 25.01.2019)
4. Пинигин В., Дорфман Ю. Проблемы использования цеолитов для снижения вредных выбросов при сжигании твердого топлива // Энергетика: Эффективность, Надежность, Безопасность, XVI Всерос. Научн. – тех. конф., Томск, Россия, С. 206-208
5. Сравнение ионообменных характеристик природных и синтетических цеолитов / Сыромотина Е.С., Мартемьянов Д.В., Казанцев С.О., Мартемьянов И.В. // Энергетика: Эффективность, Надежность, Безопасность, XXI Всерос. Научн. – тех. конф., Томск, Россия, в 2 т.: СКАН, 2015. Т.2. С. 287-290
6. Пинигин В.; Батухтин А.; Мирошников С., 2012. Энергетический анализ методов снижения вредных выбросов от котельных ТЭС. Энергетика: Эффективность, Надежность, Безопасность, XVIII Всерос. Научн. – тех. конф., Томск, Россия, С. 158-161.
7. Пинигин В. Повышение качества прогнозирования вредных выбросов от котельных установок ТЭС : автореф. дис. на соискание ученой степени канд. тех. наук. Чита, 2014. 23 с.
8. Оптимизация реагентных способов уменьшения вредных выбросов от котлов ТЭЦ. / Пинигин В., Батухтин А. // Промышленная Энергетика. 2012. №12. С. 46-49
9. Оптимизация режимов работы теплогенерирующего оборудования при использовании природных цеолитов для снижения вредных выбросов / Батухтин А., Пинигин В. // Вестник Забайкальского государственного университета. 2012. Т. 86. №7. С. 19-23.
10. РД 34.27.108. Руководящие указания по проектированию и эксплуатации установок дробевой очистки энергетических котлов : метод. рекомендации / сост. Ю. И. Кочулаев, В. М. Слышкин, Л. М. Люблинский, С. И. Гузенко, М. Н. Майданик. Москва 1980. 69 с.
11. Research methods / University of Newcastle Library Guides. 2019. // Электрон. дан. Режим доступа URL : <https://libguides.newcastle.edu.au/researchmethods> (дата обращения: 08.03.2020)
12. Small and Medium-sized Enterprises SMEs / European Commission. // Электрон. дан. Режим доступа URL : https://ec.europa.eu/growth/smes/business-friendly-environment/sme-definition_en (дата обращения: 08.03.2020)

УДК 62.01

АҒЗАДА АҚУЫЗДАРДЫҢ ҚОРЫТЫЛУЫ ЖӘНЕ АМИНҚЫШҚЫЛДАРЫНЫҢ СІҢУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Түлегенова Феруза Нурланқызы, Мұқанова Сая Жомартқызы, Мұхтаров Әбілхас
Қапизұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Биотехнология және микробиология»
кафедрасы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Аннотация: Қазіргі кезде адам ағзасында 100000 астам ақуыздар болатыны белгілі, олардың атқаратын биологиялық қызметтері алуан түрлі:

1. Катализаторлық, ферментативтік қызмет атқарады. Ферменттер химиялық құрамы жағынан – белоктар. Олар ағзадағы әртүрлі химиялық реакциялардың, процестердің жүру қарқынын реттейді.
2. Тасымалдаушы қызмет атқарады. Айталық қан құрамындағы гемоглобин деген белок оттегін өзіне байланыстырып, әртүрлі мүшелердегі ұлпалар мен жасушаларға тасымалдаса, екінші бір қандағы альбумин деген белок май қышқылдарын тасымалдайды.
3. Ағзаның қозғалуын қамтамасыз ететін белоктар, оларға бұлшық еттегі актин мен миозин белоктарын және жасуша мембранасындағы тасымалдаушы белоктарды т.б. жатқызуға болады
4. Қорғаныштық қызметі, ондай белоктар ағзаның иммундық қасиеттерін жүзеге асырады, қанның ұюы қан сары суының құрамындағы фибриноген белогінің фибринге айналуына байланысты. Бұл да белоктың қорғаныштық қасиетін көрсетеді.
5. Көптеген белоктар биологиялық активті заттар. Солардың ішінде гормондар, токсиндер т.б.
6. Белоктар құрылымдық қызмет атқарады. Олар кез келген жасуша мембранасының құрамында, цитоплазмасының негізі бола отырып, құрылымдық элементтерін түзеді. Жоғарғы сатыдағы жануарлардағы талшықты коллаген, ретикулин деген 17 белоктар жасушааралық матрикте болады, ал α - кератин ақуызы шаш, тырнақ, жүн, қауырсындардың негізін құрайды. Белоктар жасушадағы липидтермен байланыса отырып, жасушалардың, жасуша ішіндегі органеллалардың мембранасын құрайды.
7. Қор ретінде жиналатын белоктар: сүт құрамында - казеин, жұмыртқа белогі – альбумин, өсімдік дәніндегі көптеген әртүрлі қор белоктары т.б.
8. Ақуыздар рецепторлық қызмет те атқарады. Көптеген белоктар, әсіресе, гликопротеидтер, тандамалы түрде белгілі бір заттармен байланысады. Жүйке импульсін жасушаларға жеткізу қызметін атқарады.

Олардың қызметі жоғарыда көрсетілген функцияларымен шектеліп қоймайды. Мысалы реттеуші белоктарға ферменттер мен гормондардан басқа да ақуыздарды жатқызуға болады. Мысалы, ферменттердің белсенділігін реттейтін белоктар.

Кілттік сөздер: Белоктар, катализаторлық, ферментативтік, амин қышқылдары, пептидтер, денатурация, тағамдық ақуыздар.

Адам тамағының және жануарлардың азығының негізін ақуыздар құрайтыны белгілі. Жем-шөп құрамындағы белоктың сапасы мен мөлшері ауыл-шаруашылық жануарларының өнімін анықтайды. Көптеген өнеркәсіптердің технологиясы белоктардың қасиеттерін өзгертуге негізделген, атап айтқанда, теріні, табиғи жібектерді өңдеу. Нан пісіретін өндірістерде ұнның құрамындағы белоктың қасиеті мен сапасы өте маңызды рөл атқарады.

Азық белоктары биологиялық жағынан құнарлы және толық құнарлы емес болып екіге бөлінеді. Олардың биологиялық бағалылығы амин қышқылдарының құрамына байланысты. Ал амин қышқылдары биологиялық бағалылығы жағынан алмастырылатын және алмастырылмайтын болып бөлінеді. (1-кесте)

Алмастырылатын амин қышқылдарына мыналар жатады: аланин, аспарагин және глутамин қышқылдары, серин. Олар жануарлар ағзасында түзіле алады. Құрамына алмастырылатын амин қышқылдары кіретін белоктардың биологиялық бағалылығы біршама төмендеу болады.

Жартылай алмастырылатын амин қышқылдарына жататындар: аргинин, глицин, тирозин, цистидин және цистеин. Пролин және оксипролин имин қышқылдары мал ағзасында синтезделуге қабілетті.

1-кесте. Алмастырылатын және алмастырылмайтын амин қышқылдары


Алмастырыла- тын	Алмастырыл- майтын	Алмастырыла- тын	Алмастырыл- майтын
Аланин	Аргинин	Глутамин қышқылы	Лизин
Аспарагин	Валин	Пролин	Метионин
Аспарагин қышқылы	Гистидин	Серин	Треонин
Глицин	Изолейцин	Тирозин	Триптофан
Глутамин	Лейцин	Цистеин	Фенилаланил

Белоктің қоры микробиологиялық және химиялық синтез жолымен өндіру арқылы молайтылады. Микробиологиялық әдіспен алынған белоктің биологиялық құндылығы өсімдік тектес белоктан әлдеқайда жоғары, оның құрамында барлық керекті заттар бар [1].

Асқазан сөлінің ең негізгі ферменті - пепсин, ал оның катализаторлық қасиетін туғызушы тұз қышқылы болып келеді. Тұз қышқылы пепсиннің барынша активті болуына керекті сутек иондарының концентрациясын (рН~1,5-2,0) жасайды және пепсиногенді пепсинге ауысуына жағдай туғызады. Асқазан рН~1,5-2,0 болуының маңызы зор, себебі ол:

1. тамақпен түскен ақуызды денатурациялайды;
2. ағзаға тамақпен енген микроағзаларды өлтіреді;

3. пепсиногеннің активті түрі пепсинге айналуының инициаторы H^+ иондары көзі. Пепсиноген тізбегінен 42 амин қышқылы үзілгеннен кейін ол активті пепсинге айналады. Пепсин (1-сурет) эндонуклеаза тобына жатады.



1-сурет Тағам белоктарының ағзаға сіңу үрдісі

Белоктар мен жоғары молекулалы пептидтердің ыдырауын пепсиннен кейін үш эндопептидазалар жалғастырады, бұл ұйқы безінің сөлінде болатын трипсин (активті емес түрі – трипсиноген), химотрипсин (проферменті химотрипсиноген) және эластаза (проэластаза) ферменттері.

Трипсиногеннің трипсинге айналуы энтеропептидаза ферментінің әсерінен трипсиногеннің N – соңынан 6 амин қалдығы үзілгеннен кейін болады. Трипсин лизин мен аргинин түзген пептидтік байланыстарды ғана үзеді.


Химотрипсиннің α , β , γ деген түрлері бар, олардың проферменттері: химотрипсиноген А және химотрипсиноген В. Трипсинге қарағанда химотрипсиннің субстраттық әсері кең, ол пептидтермен қатар эфирлерді, амидтерді т.б. катализдейді.

Ұйқы безінің сөлінде кездесетін тағы бір фермент - эластаза, аты эластин деген субстраттан алынған. Эластаза құрамында глицин мен аланин амин қышқылдары көп мөлшерде кездеседі, әсер ету спектрі кең, трипсин мен химотрипсиннен ыдырамай қалған субстраттарды гидролиздейді.

Табиғи белоктардың гидролизін катализдейтін басқа да ферменттер бар: экзопептидазалар (аминопептидаза, карбоксипептидаза). Пептидтер гидролизі, олардың амин қышқылдарына дейін ыдырауы аш ішекте аяқталады [2].

Адам ағзасында амин қышқылдарының негізгі көзі – белок. Ас қорыту жолдарында белоктар, ферменттер қатысуымен жүретін гидролиз нәтижесінде амин қышқылдарын түзеді.

Қанға түскен амин қышқылдары ағзаның басқа мүшелеріне, ұлпаларға таратылып, негізгі бөлігі белоктардың биосинтезі үшін қолданылады. Қалған бөлігі – тотығып, дезаминдену, трансаминделу, декарбоксилдену сияқты көптеген өзгерістерге ұшырайды (2-сурет).



2-сурет Ағзадағы амин қышқылдарының катаболизмі

Амин қышқылдарының дезаминденуі кезінде олардан амин тобы - NH_2 үзіліп, аммиакқа NH_3 айналады. Аммиактан басқа дезаминдену реакциялар нәтижесінде окси-, кето- және май қышқылдары түзілуі мүмкін. Бұл өнімдер кейін көмірсулар, липидтер басқа қосылыстар синтезіне жұмсалуды ықтимал.

Аминдер улы заттар, жануарлар ағзасында аминоксидаза ферменттері аминдерді тотықтырып, альдегидке, одан әрі карбон қышқылдарына айналдырады. Әрі қарай карбон қышқылдары β – тотығады, ал сутегінің асқын тотығын каталаза ыдыратады [3].

Қорытынды. Тағамдық ақуыздар – амин қышқылдарының қайнар көзі болып табылады. Ересек адамның ағзасында тәулігіне шамамен 100 г. белок ыдырайды және қайтадан синтезделеді. Ұлпалық ақуыздардың метаболизмі кезінде түзілген аминқышқылдардың 25 % катаболитикалық процестерге қатысып, соңғы метаболиттерге дейін ыдырайды және энергияның көзі ретінде пайдаланылады. Аминқышқылдардың бір бөлігі белгілі бір биологиялық қызмет атқаратын, табиғаты амин қышқылды емес қосылыстардың синтезі үшін де пайдаланылады. Яғни, ағзаның ұлпалық ақуыздарды жаңартуға қажетті аминқышқылдарын тұтынуын қамтамасыз ету үшін адам ағзасына тәулік бойы тағаммен бірге қажетті мөлшерде белоктар түсіп отыруы қажет.

Ересек адам үшін оның қажеттілігі шамамен 100 г. Калория жағынан жеткілікті тағамдық рационда ағзаның қалыпты азоттық балансын (аминқышқылдық және белоктық алмасудың жағдайы) ұстап тұру үшін белоктың қажетті мөлшері 30-50 граммды құрайды. Ересек адамда қалыпты белоктық тамақтану кезінде азоттық тепе-теңдік байқалады, яғни белокты алмасудың соңғы метаболиттарындағы және зәр арқылы шығарылатын азоттың мөлшері тағаммен келіп түсетін белок пен аминқышқылдарындағы азоттың мөлшеріне тең. Ағзаның өсу кезеңінде, сонымен қатар ұзақ науқастан кейін тәуір бола бастағанда оң азотты баланс орын алады, яғни тағаммен түсетін азоттың мөлшері шығарылатын азоттан көп болады. Ашығу, ауыр науқастану және ағзаның қартаюуы кезінде теріс азоттық баланс орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Т.С. Сейтеметов, Биологиялық химия, Алматы-2011 ж.
2. С.Сейтов, Биологиялық химия, 2012ж.
3. С.О. Тапбергенов, Медициналық биохимия, Алматы-2011ж.

УДК 616.314.16308

КЛИНИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ ПРЕДЛАГАЕМЫХ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДИК ОБРАБОТКИ И ОБТУРАЦИИ СИСТЕМЫ КОРНЕВЫХ КАНАЛОВ

Исаков Сергей Валерьевич, Исакова Татьяна Ивановна

Кафедра терапевтической стоматологии, Государственная Образовательная Организация Высшего Профессионального Образования Донецкий национальный медицинский университет имени М.Горького, г.Донецк, Донецкая Народная Республика

Абстракт. Для улучшения результатов лечения деструктивных форм периодонтитов у 82 больных (108 зубов) применена новая методика механической обработки системы корневых каналов с дальнейшей апексификацией Pro Root МТА и obturацией горячей гуттаперчей Bee-Fill (техника Downpack).

Ключевые слова: деструктивный периодонтит, эндодонтическое лечение, система корневых каналов, obturация, латеральная конденсация.

Для эффективного лечения верхушечного периодонтита важным моментов являются знания анатомо-топографических особенностей системы корневого канала. Однако наши личные наблюдения (в т.ч. исследования СЭМ) показали, что на данный момент нет 100% возможности изначально определить состояние апикальной констрикции а также, разные варианты ее строения (расхождения дельт). Гистологические методы исследования свидетельствуют, что при традиционной методике обработки СКК некоторые участки остаются нетронутыми в процессе химической и медикаментозной обработки, либо слишком агрессивная механическая обработка СКК ведет к разрушению апикальной констрикции [1,2].

Важнейшей задачей эндодонтического лечения деструктивных форм периодонтитов, является снижение концентрации бактерий и их токсинов в системе корневых каналов, прекращение их пенетрации в периапикальные ткани и создание оптимальных условий для скорейшей регенерации кости.

На наш взгляд, несомненный интерес представляет механическая обработка каналов по предложенной нами методике комбинирования с применением ручных и машинных (размер, конусность, система) инструментов, а также создание максимально возможной конусности, obturацией апикальной части Pro Root МТА [3,4] с последующей пломбировкой канала горячей гуттаперчей Bee-Fill [5].

Целью исследования является повышение эффективности лечения деструктивных форм периодонтитов.

Нами обследовано 82 пациента (108 зубов) в возрасте от 18 до 50 лет, 49 женщин и 33 мужчины с хроническими формами периодонтитов с разным клиническим течением. Из них: 59 практически здоровы и 23 с соматическими заболеваниями. Больные с патологией пародонта не входили в число обследованных. Лечение подвергались однокорневые зубы верхней и нижней челюстей, с размером деструкции в области верхушки не более 3мм. При установлении диагноза всем пациентам проводилось обследование по единой схеме, включающей клинико–рентенологические методы диагностики и КТ.

При анализе дополнительных методов исследования, мы оценивали наличие и выраженность деструктивных изменений в области верхушек исследуемых зубов, их размеры и форму.

Для оценки результатов эффективности лечения выделили две группы зубов: контрольную и основную.

Во всех группах для удаления органической составляющей системы корневых каналов использовался 3% гипохлорит натрия, для воздействия на неорганику - 17 % ЭДТА, для дезинфекции использовался хлоргексидин.

В контрольной группе – 42 больных (56 зубов) использовали традиционную технику механической обработки ручными файлами, в качестве силера использовали эндофилл, obturation системы корневых каналов методом латеральной конденсации. В основной группе – 40 больных (52 зуба) нами применялась комбинированная техника препаровки системы корневых каналов с приданием максимально возможной конусности, апексификация апикальной части Pro Root МТА и последующей obturation горячей гуттаперчей Bee-Fill. Апикальное препарирование проводилось пределах 1мм от апикальной констрикции только ручным инструментом, под хорошим тактильным контролем. Это позволяет минимизировать дополнительные травмы периодонта, качественнее сформировать апикальный уступ уже роторными файлами. Придание наиболее возможной конусности, позволяет максимально очистить систему корневого канала и создать наилучшие условия для качественного запечатывания верхушечного отверстия методом латеральной конденсации с Pro Root МТА и последующей obturation горячей гуттаперчей Bee-Fill (техникой Downpack).

Сравнения клинической результативности лечебных комплексов, примененных в I, II группах зубов с деструктивными формами периодонтитов, показало существенное различие в частоте обострений воспалительно-деструктивного процесса в периодонте, возникающих после традиционного лечения и на фоне предложенного нами метода.

Так при традиционном методе лечения хронических форм периодонтитов осложнения отмечались в 12 случаях из 42 больных или в 17 зубах из 56, при этом в виде воспалительной реакции осложнения продолжались более 7 дней, купировались антибиотиками, иногда заканчивались хирургическим вмешательством (разрез по переходной складке).

При применении предлагаемого нами метода, осложнение наблюдалось в 3 случаях из 40 больных или в 3 зубах из 52, но обострение проходило 1-2 дня после назначения противовоспалительной терапии. Оценка структурно-функционального состояния тканей периодонта и верхушечного периодонтита в области пораженных зубов осуществлялась по показателям КТ через 12 месяцев. Динамика изменения очага деструкции при эндодонтическом лечении является показателем эффективности лечения.

Таким образом, в контрольной группе размер очага поражения увеличивался в 6 зубах, уменьшение в 16 зубах, остался в том же размере в 35 зубах. В основной группе: очаг деструкции остался в том же размере в 16 зубах, уменьшился в 36 зубах, увеличение не наблюдалось ни в одном случае. Эти наблюдения являются доказательством целесообразности применения предложенной нами методики механической обработки корневых каналов с последующей апексификации Pro Root МТА и obturation горячей гуттаперчей Bee-Fill.

Таким образом, применение современных эндодонтических манипуляций при лечении деструктивных форм периодонтитов эффективнее по сравнению с общепринятыми методами, так как сохраняются все функции зуба и сведены к минимуму осложнения в периодонтите.

Список литературы

1. Ковалев Е., Шундрин М.А., Марченко И.Я. «Периодонтит». – Полтава, 2004. – 183с.
2. Курманалина М.А., Ураз Р.М., Скагерс А.А. Консервативные методы лечения деструктивных форм периодонтита // Медицинский журнал Западного Казахстана – 2017. – №2(54). – С. 18-23.
3. В.Ф. Михальченко, И.Ф. Алеханова., и др. Новые методы в эксперименте и клинике // Волгоградский научно-медицинский журнал – 2009. Вып.3. – С. 57-59.
4. Филиппова Е.А., А.А. Лукьяненко «Результаты применения «PROROOT МТА» в терапевтической и хирургической практике» - Е.А. Филиппова, А. А. Лукьяненко // Вестник Российского университета дружбы народов - 2009. - № 4. - С. 398-399.

5. Николаева Е.А., Гинали Н.В., и др. Лабораторное исследование качества заполнения корневых каналов зубов при применении различных методик obturation // Вестник Смоленской государственной медицинской академии – Смоленск – 2016. Вып. 3. Т. 15. - С. 86-92.

В₂ (РИБОФЛАВИН), В₁₂ (ЦИАНОКОБАЛАМИН) ДӘРУМЕНДЕРІН ӨНДІРІСТЕ АЛУ ЖОЛДАРЫ

Түлегенова Феруза Нурланқызы, Мұқанова Сая Жомартқызы, Мұхтаров Әбілхас Қапизұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Биотехнология және микробиология» кафедрасы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Табиғатта дәруменнің негізгі көзі өсімдіктер мен микроорганизмдер болып табылады. Қазіргі кезде микробиологиялық жолмен дәрумен В₂-ні, А және В₁-ді, дәрумен түзуші алғы заттары – эргостерин және биотинді тауықтар мен торайлар үшін өндіреді.

Витамин В₂ клетканың тыныс алуына, ақуыздар және липидтер синтезіне, жүйке жүйесі жағдайын, бауыр қызметін реттеуге қатысатын ферменттер құрамына кіреді. Оның жетіспеушілігінде организмнің өсуі бәсеңдеп, ақуыздар алмасуы бұзылады. Витамин флавиномононуклеотид (ФМН) және флавинадениндуклеотид (ФАД) тотығу-тотықсыздану ферменттерінің активті топтары құрамына кіреді [1].

Рибофлавинді жоғарғы қатардағы өсімдіктер, ашытқылар, мицеллалы саңырауқұлақтар мен бактериялар тузеді. Сәбіздің 1 тоннасынан 1 г витамин В₂ алынады, бауырдың 1 тоннасынан - 6 г, ал *Ermothecium ashbyii* немесе *Ashbya gossipii* өндірістік штамдарын өсіргенде - қоректік ортаның 1 тоннасынан витаминнің 25 кг жиналады. Сонымен қатар, өндіруші ретінде *B.subtilis* және *Asp.niger* мутантты штамдары пайдаланылады [2].

В₂ суда жақсы ериді, төменгі рН төзімді, бірақ нейтральды және сілтілі орталарда және ультракулгін сәулесі әсеріне тұрақты емес.

В₂ витаминінің алуының технологиялық процесі аэробты ферментация, термолиз және концентрлеу, кептіру мен грануллаға айналдыруынан тұрады.

Ферментациясы стерилді жағдайда, тұрақты аэрация жасауымен 28-30°C температурада 60-100 м² көлемді ферментерлерде жүреді. Субстрат ретінде сояның, балықтың және жүгер ұны, меласса, сүттің сарысуы, казеин, техникалық май, кальций карбонаты, бірауыспалы фосфат калийі. Өсіру стимуляторы ретінде биотин, тиамин, инозит қосады.


Ферментацияның ұзақтығы 60-80 сағат, мицелийдің лизиске ұшырағанға дейін, саңырауқұлақтың спора түзуіне дейін рибофлавиннің концентрациясы 1200 мг/л барады [3].

Ферментация аяқталғанда дақылдық сұйықтықты мицелиймен бірге вакуум-кептіргіш аппаратқа салады. 80°C температурада клетка құрылымдардың термолизісі жүреді және сусыздануы мен концентрленуі байқалады. Әрі қарай сироп тәрізді массаны аэрозольмен кептіреді, ылғалдылығы 8%-ға тең болуы керек. Кептірілген массадан гранулалар дайындалады, оларды толықтырады (1 г концентратқа 15 мг В₂ келеді) жемдік қоспа ретінде қолданады. Медицинада қолданатын витамин В₂ әрі қарай тазартылады және кристалданады.

Кеңес Одағы кезінде *Ermothecium ashbyii* саңырауқұлағының көмегімен азықтық концентрат рибофлавинді алады. Бұл культураның кемшілігі тұрақсыздығы қатты ортада бөлме температурасында төменгі температурада сақтағанда және саңырауқұлақты лиофилизациялау процесінде рибофлавиннің жоғарғы синтезделу қабілетін оңай жоғалтады.

Ermothecium ashbyii штамын сақтау үшін ұзақ уақыт (8-10 ай) қайта – қайта қатты қоректік ортада егуді ұсынады және колоннаның қызыл сары түске боялғанын бөліп алады (1-сурет). Анық боялған колонна жоғарғы рибофлавиннің жасанды қабілетімен коррелирленеді.

В2 витаминінің алуының технологиялық процесі :



1-сурет. Технологиялық нұсқасы

Саңырауқұлақ инокулятын дайындау үшін тізбектелген сызба – нұсқамен қайта егіледі: қисық пробиркада агарланған ортаға егеді – сұйық ортаға – колбаға– инокуляторға егуді орындайды. Пробиркадағы ортаның құрамы соя ұны, қант қызылшасы, агар, 6,8 рН немесе ашытқы экстракті, пептон, глюкоза, агар, 6,8 рН (2 -нұсқа) [3].

Өсіру ұзақтығы 5-7 тәулік колбаға және арналған ортаның құрамы: соя ұны, қант қызылшасы (1-вариант) немесе пептон, қант қызылшасы, жүгері экстракті, K_2HPO_4 , $MgSO_4$, күнбағыс майы (2 - нұсқа) өсіру ұзақтығы 48 сағат.

Инокуляторға беретін ортаның құрамы: жүгері экстракті, қант қызылшасы, K_2HPO_4 , техникалық май. РФ препаратын алудың технологиялық сызба нұсқасы (2- сурет). 8-инокуляторда культураны өсіру ұзақтығы 21-26 сағатты құрайды, содан соң 7 ферментерге құрамы: жүгері ұны, соя ұны, жүгері экстракті, қант қызылшасы, K_2HPO_4 , $CaCO_3$, $NaCl_2$ және техникалық майды құрайтын қоректік ортаны жібереді. Ортаны 6 араластырғышта 120-122°C температурада 1 сағат залалсыздайды.

Ферментерде культивирлеу процесі жасуша лизис болғанша жүргізіледі және спора түзілгенше (микроскоппен анықталады) жүргізіледі. Культивирлеу температурасы 28-30°C. Ферментердегі ауаның қысымы $(1-2) \cdot 10^4$ Па, минутына 1л культуральды сұйықтыққа ауаның шығыны 1,5-2,0 л, рибофлавиннің шығымы 1200 мкг/мл.

Культуральды сұйықтықтан Рибофлавин азықтық препаратын алу, құрамы 30-40% құрғақ зат болғанша 10 вакууммен булаумен алынады. Шырынды 11 шашыратқыш кептіргіште кептіреді, құрғақ қабықшаны 12 ұнтақтағышта ұнтақ майда болғанша майдалайды, содан соң буып түюге жібереді [4].

Адам баласына В₂ витаминінің қажеттілігі 2-2,5 мг/тәулік құрайды. В₂ витамині тамақпен бірге түседі (рибофлавин сүтте, бауырда жұмыртқаның сарысында, ашытқыда көп болады) және ішек микрофлорасының тіршілік етуінің нәтижесінде болады. Медицинада В₂ витаминінің витамин препараттары ретінде қолданады. Бауыр ауырғанда емдікке қолданады [5].

В₁₂ витаминінің жануарлар да, өсімдіктер де синтездей алмайды. Бұл – микроорганизмдер: бактериялар, актиномицеттер және көкжасыл балдырлар синтездейтін бірден-бір витамин. Жануарлардың тіндерінде бауыр мен бүйрек В₁₂ витаминіне бай.

Витамин В₁₂ көмірсулар және липидтер алмасуын реттеуге, аминқышқылдар, пурин және пиримидин негіздер синтезіне қатысады; эритроциттер жетілуіне, жілік майында гемоглобиннің бастапқы затын тузуге В₁₂ витаминінің маңызы зор. Витамин В₁₂ –нің табиғи көзі тек микробалдырлар болып келеді, оның синтезі өте күрделі метаболизм жолымен өтеді (1 кесте).

Кесте1. В₁₂ витаминінің алудың микробиологиялық үрдістерінің сипаттамасы

Микроорганизм	Ортаның негізгі компоненттері	В12 витаминінің шығымы, мг/л	Ескерту
1	2	3	4
<i>Bacillus megaterium</i>	кызылша мелассасы, аммоний фосфаты, кобальт тұздары, бейорганикалық тұздар	0,45	аэробтық процесс ұзақтығы 18 сағ.
<i>Propionibacterium freudenreichii</i>	Жүгері тұндырмасы, Глюкозаның кобальттық туындысы, рН 7,0 (NH ₄ OH қосу арқылы)	19	Аэробтық (3 тәулік) және анаэробтық (3 тәу.) кезеңдер
<i>Propionibacterium freudenreichii</i>	Жүгері тұндырмасы, Глюкозаның кобальттық туындысы, рН 7,0 (NH ₄ OH қосу арқылы)	8	үздіксіз екі кезеңді үрдіс 33 сағ. Бойы
<i>Propionibacterium shermanii</i>	Жүгері тұндырмасы, глюкозаның кобальттық туындысы, рН 7,0 (NH ₄ OH қосу арқылы)	23	периодтық үрдіс ұзақтығы 7 тәулік
<i>Streptomyces olivaceus</i>	глюкоза, соя ұны, спирттік өндірістің еритін калдықтары, бейорганикалық тұздар	3,3	6 тәулік бойы аэрация мен ферментация
<i>Streptomyces sp.</i>	соя ұны, глюкоза, кобальттік тұз	5,7	6 тәулік бойы аэрация мен ферментация

Биопродуцент ретінде бірклеткалы микроорганизмдерді, актиномицеттерді, метантүзуші, фотосинтездеуші бактерияларды алады, оның ішінде пропионқышқылды бактериялардың 10 түрі бола алады (*Propionibacterium shermanii*, *P. freudenreichii* және басқалары), *Pseudomonas denitrificans*, *Micromonospora purpurea*, *Nocardia rugosa*, *Eubacterium limosum*, *Propionibacterium arii* селекцияланған штаммы клеткадан витамин В₁₂ шығара алады, ал жоғарыда аталған өндірушілер витаминді клетка ішіне сақтайды

Периодтық тереңдік ферментация тәсілімен өндіруші *P.shermanii* анаэробты жағдайда жугері экстракты, глюкоза, кобальт тұздары мен аммоний сульфаты бар субстратта 3 тәулік бойы дақылдандырады. Инкубациясы аяқталғанда дақылы бар коректік ортаға 5, 6-диметилбензимидазол (5,6-ДМБ) қосады. Витаминнің концентрациясы 250 мкг/г жеткенге дейін тағы 72 сағат бастапқы зат қатысуымен ферментация жалғаса бермек. Клеткада жиналып қалған В12 85°C температурада рН 4,5-5,0 сепарациялау және сумен экстракциялау жолымен бөліп алынады, экстрагенттен ақуыздарды тұнбалайды, ал сұйықтығын ионалмасу колонкалардан өткізеді.

Витамин В₁₂ өндірісінде қоректік концентрат ретінде метандық ашытуды атқаратын термофильді микроорганизмдер консорциумын қолданады. Олардың ішінде целлюлозаны ыдырататын, Көмірсуларды ашытатын, аммонифицирлейтін, сульфиты тотықсыздататын және метанды түзетін бактериялар бар.

Бірінші 10-12 тәулік бойы көмірсуларды ыдырататын және аммонифицирлейтін бактериялар өсіп кебейеді, олар органикалық қышқылдарды май қышқылдары мен аммиакты турлендіреді (рН 5,0-7,0). Ферментацияның екінші сатысында ортаны сілтілейді (рН-8,5), бірітіндеп метан тузуші бактериялар биомассасы көбейіп май қышқылдарды және аммиакты метан мен көміртегі диоксидіне дейін ыдыратады. Метан түзуші микроорганизмдер анаэробты жағдайда витамин В12 –нің негізгі өндірушісі болып келеді. Субстратты ортаны кобальт тұздары, төменгі майлы қышқылдар мен төменгі спирттер қосуымен оңтайлайды. Октын-октын дақылдың сұйықтықтың бөлігін вакуумда сусыздандырады, аэрозольмен кептіреді, толтырғыштармен араластырады, концентраттың ылғалдылығы 10-15% -ға тең [6].

Адамдардың ағзасы дәрумендерді (әсіресе С витамині мен В тобының витаминдерін) көбірек қажет етеді. Сол себептен көктемде витаминдері мол тағамдарды жиірек пайдаланған жөн. Барлық витаминдер организмге жүйелі әсер етіп, бірін – бірі толықтырады. Олар жеткілікті мөлшерде болмаған жағдайда, метаболизм бұзылып, денсаулықтың нашарлауына әкеп соқтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аубакиров Х. Ә. Биотехнология: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 368 бет.
2. К-Х. Элмағамбетов, О.О. Байдуйсенова, К.М. Мухаметжанов. Микроорганизмдер биотехнологиясы. - Астана, 2008. - 196-204 б.
3. Сейтеметов Т.С., Төлеуов Б.М. Биологиялық химия. Қарағанды, 2007.
4. Сеитов З.С. Биохимия, Алматы, 2002.
5. Химия биологически активных соединений. Под ред. Преображенского А.Н., М., Химия, т- 1-2, 1976.
6. Воробьева, Л. И. Промышленная микробиология / Л. И. Воробьева. М.: Высш. шк., 1989.

МРНТИ 14.07.09, 34.01.45

БИОТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА STEM ИНТЕГРАЦИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Рамазанова Алия Амангельдиевна

PhD докторант, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Абстракт. Биотехнология пәнін оқыту үшін үлгілік әдіс – тәсілдердің терең мазмұнын талдап және қолданудың маңызы орасан зор. Осыған орай жеке тұлғаның ғылыми біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін қазіргі STEM интеграцияланған бағдарламаларын қолдану өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мақалада, биотехнология пәні бойынша арнайы модульдегі су өсімдіктері тақырыбын оқытуда STEM пәнаралық бағдарламаларын қолданудың ерекшеліктері мен практикалық зерттеу әдістерінің үлгілері келтірілген. Модельді тәжірибе ретінде интергацияланған тәжірибе ұсынылады: су өсімдіктерін арнайы коректік орталарда өсіру, асептикалық жағдайда *in vitro* –ға көшіру. Мұндағы, өсімдіктің өсуіне қажетті жағдайлар (температура, жарық, ылғалдылық), тіршілікке бейімділік деңгейі өсу көрсеткіштерімен анықталады. Кіріктірілген білім беру үрдісін пайдалана отырып, зерттеудің практикалық маңызын бірнеше ғылым саласының өзара интеграциясы негізінде студенттердің болашақ кәсібіне деген қызығушылығы және сенімділігін арттыру маңызды болып табылады.

Кілттік сөздер: Биотехнология, STEM интеграциясы, су өсімдіктері, технология, инженерия.

Қазіргі таңда жаратылыстану ғылымдарын табысты игеру үшін табиғаттағы құбылыстар мен процестерді сипаттау жеткіліксіз, сондықтан көптеген деректерді қолдану, заманауи технологияларды меңгеру және нақты өмір жағдайында өз қабілеттерін қалай қолдана алу керектігін білу қажет. Мұндай озық әдістемелік тәжірибелер, білім алушылардың теориялық білімді практикамен ұштастыра алуына көмектеседі және кәсіптік біліктілігін қалыптастырып бәсекеге қабілетті маман қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жетістіктерін сауатты пайдалануға құзыретті бола алады [1].

Әлемнің көптеген елдерінде оқытуды жаңғырту, оның нақты өмір жағдайларына барынша жақындау идеясы интеграцияланған STEM пәнаралық бағдарламаларын қолдануда іске асырылады. STEM: S – science, T – technology, E – engineering, M – mathematics аббревиатурасын ашып көрсететін болсақ, ағылшын тілінен аударғанда жаратылыстану пәндері мен технологиялардың өзара әрекеттестігін, математика білімдерін пайдаланумен жаңа инженерлік шешімдер құруды білдіреді. STEM бағдарламасының тұжырымдамасы білім алушылардың теориялық ақпаратты алдын - ала талдаудан кейін өз жобасын - өнімді, оның сызбасын немесе моделін құруды көздейді [2].

Мұндай қызметте білім алушылар математика негіздерін, шығармашылық қабілеттерін, идеяларды ұсыну және тексеру іскерліктерін қолданбай, жасалатын өнімнің қасиеттері мен сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жетілдіре алмайды. Құрылған өнімнің табыстылығын тексеруде қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен бағдарламалау қажет. Ғылым бір орында тұрмайды, онымен бірге заманауи білім де өзгереді. Студент ақпаратты тыңдаған және есте сақтаған жағдайда, алған білімдерін қолданып ғана қоймай, сонымен қатар жаңа шешімдерді өз бетінше жасай білу, қолда бар мәліметтерді сыни тұрғыдан қайта ойлау және бұған дейін пайдаланылмаған ғылым мен техниканың жаңалықтарын аша білуі де маңызды. STEM технологиялары практикалық дағдыларды дамытуға, білім алушылардың шығармашылық идеяларды іске асыруға және одан әрі кәсіби қызметте жалғастыруға дайындығын қалыптастыруға бағытталған. Сабақта студенттер қарапайым және қол жетімді инженерлік шешімдерді талдай отырып, заманауи материалдар мен жабдықтарды пайдалану арқылы, өнімнің прототипін өз бетінше жасайды. Соңғы өнімді жасау үшін бұрыннан бар мәліметтерді, алған білімдерін пайдалана алады [3].

STEM интеграциясы әртүрлі деңгейлерде оқытылуы мүмкін:

1. Дисциплинарлық (пәндік) - ұғымдар мен дағдылар әр пән бойынша бөлек оқытылады;
2. Мульти – дисциплинарлық (мульти пән аралық) – жалпы тақырып аясында ұғымдар мен дағдылар әр түрлі пәндерде оқытылады;
3. Интердисциплинарлық (интерпән аралық) - тығыз байланысты ұғымдар мен дағдылар білімді тереңдету мақсатында екі немесе одан да көп пәндерде оқытылады;
4. Трансдисциплинарлық (транс пәндік) - екі немесе одан да көп пәннен алынған білім мен дағдылар нақты проблемалар мен жобаларға қолданылады, бұл оқыту тәжірибесін қалыптастыруға көмектеседі [4].

STEM-интеграцияланған оқыту заманауи білім беру үшін маңызды мәнге ие және жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді. Бұл контексте STEM «*integrated learning*» - бұл қазіргі заманғы талаптарға сәйкес адам ресурстарының сапасын дамыту үшін түрлі интеграциялық үлгілердің көмегімен жүзеге асырылатын білім берудегі жаһандық қозғалыс. Сондықтан, ол қазіргі білім берудегі тренд болып табылады. Интеграцияланған бағдарламаларды іске асыру үшін қосымша білім беруді, мәселен, құрастыру және робототехника, биотехнология немесе нанотехнология бойынша элективті пәндерді және әртүрлі бағыттағы үйірмелер мен факультатив сабақтарды да пайдалануға болады. Бірақ жалпы білім беру стандарттары шеңберінде STEM оқытуды іске асыру үшін жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін интеграциялау мүмкін. Себебі, екі және одан да көп пәндердің интеграцияланған сабақтарын өткізу мүмкіндігі бар, мысалы, химия, биология және физика тұрғысынан судың қасиеттерін зерттеу бойынша сабақта, осы пәндердің оқытушылары жоспарлаған және білім алушылардан молекуладағы химиялық байланыстарын, физикалық қасиеттері және өмір сүру кезіндегі судың рөлі туралы білімді меңгеруді талап ететін тапсырмаларды қамтиды. Графикалық редакторларды пайдалана отырып, адам қаңқасының құрылысын зерттеу бойынша биология және информатиканың интеграцияланған сабағының тағы бір мысалы, немесе жарық қасиеттерін және фотосинтез процессін зерттеу кезінде физика және биологияның интеграциясын мысалға келтіруге болады [5].

Биологиялық химия, өсімдіктер физиологиясы, биотехнология пәндері негізінде өсімдіктердің өсу процессін физиологиялық, биохимиялық көрсеткіштер арқылы (белок, көмірсу, макро және микроэлементтер) анықтау заманауи биотехнологиялық зерттеу әдістері арқылы жүргізіледі. Қазіргі кезде зерттелмеген өсімдіктер әлемі алуан түрлі. Жабайы өсетін өсімдіктердің биологиялық белсенді қосылыстарын анықтау арқылы құрамындағы заттарды, мұндағы фенолдар, флаванонидтар, терпендер, пептидті екіншілік метаболиттерді анықтап медицинаға қажетті препараттар көзі болып табылатын шикізаттарды алу маңызды болып табылады. Сондықтан кіріктірілген білім беру жүйесі арқылы білім берудің мазмұнын жаңартуға болады. Бұл арнайы мамандандандырылған пәндерді кіріктіру болып табылады.

XXI ғасырда білім беру индустрия ғасырының дамуы мен өсуіне ықпал ететін ғылымның, техниканың, инженерия мен математиканың (STEM) маңыздылығын атап көрсетеді. Ақпараттық технологиялар мен биотехнологиялар саласындағы жетістіктер қазіргі дәуірдің екі анықтаушы факторы. Бұл тұрғыда интеллект пен биотехнологияны меңгеру әлемдік өнеркәсіптік революция деп аталатын жаңа дәуірдің алдында тұрған жауапкершіліктің бірі болып табылады. Биотехнология ғылымының даму үрдісінің жетістіктері XXI ғасырда әртүрлі өнімдерде кеңінен қолданылды, осылайша, инновация және өнеркәсіптік революция міндеттерін шешу тұрғысынан сапалы кадрлық ресурстарды дайындау міндеттілігі артуда [6].

Бәсекеге қабілетті маман даярлау үшін әлемнің көптеген елдері ғылымды дамытуға және технологиялық білім беруге басымдық береді. Дамыған елдерде білім берудің сапасын жақсарту үшін атқарылатын шаралардың бірі оқу бағдарламалары жүйесіне STEM интеграциясын енгізу болып табылады. STEM интеграцияланған оқыту пән бойынша білімді дамытып, оқуға деген қызығушылықты ынталандыра алады, және білім алушының болашақ кәсібіне байланысты дағдылардың қалыптасуына көмектеседі. Осылайша, студенттерге

арналған STEM оқытуды енгізу, XXI ғасырдағы оқу бағдарламасының маңызды компоненті болмақ, жоғары білім беруде инновациялық оқытуды, мысалы биотехнология бойынша сабақ жүргізуді қамтамасыз ету үшін қажет [7].

Өсімдіктер биотехнологиясын оқыту кезінде STEM интеграциясын қолдана отырып медицина, химия, биология, математика, физика ғылымдарының элементтерін пайдалануға мүмкіндік береді.



Сурет 1. Өсімдіктер биотехнологиясы пәнінен студенттермен зертханалық сабақ «Макрофиттердің биотехнологиялық маңызын талдау».



Сурет 2. Су өсімдіктерін әр түрлі өндірісте пайдалану мүмкіндіктері.

Модельді тәжірибе ретінде және *in vitro* жағдайында су өсімдіктерін өсіру процестері, өсімдіктердің маңызын, құрамын, қолданылуын зерттеу кезеңдерінде бірнеше ғылым саласының өзара интеграциясын байқауға болады. Студенттер аталған процестер бойынша өзара топтасып, жұптасып жүргізген зерттеу нәтижелерін талдау кезінде инженерлік, технологиялық, математикалық және ғылыми құзыреттілігін дамыту мүмкіндіктері артады.



Сурет 3. Өсімдіктер биотехнологиясын оқытуда STEM интеграциясының қолдану үлгісі.

Студенттерге өсімдіктер биотехнологиясы элективті пәнін оқыту барысында, су өсімдіктерін зертханалық жағдайда өсіру арқылы оларды жан жақты зерттеу мәселелері берілді. №3 суретте көрсетілгендей студенттердің зерттеу жұмыстары ғылым, технология, математика, инженерия салаларының өзара байланыстыру нәтижесінде су өсімдіктерін өсіру технологиялары, құрамындағы биологиялық белсенді заттарды зерттеу, алынған нәтижелерге математикалық талдау жұмыстарын жүргізе отырып арнайы диаграмма жұмыстарын құру және зерттеу жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып қандай өнімдер алуға болатыны туралы зерттеу нәтижелері ұсынылды.

Қорытынды. Әлемдік білім беру жүйесінің басты назары STEM бағыты бойынша білім беру саласындағы бастамаларға шоғырландыруына және еңбек ресурстарын дамыту есебінен неғұрлым күшті экономикалық өсіруге ұмтылуына байланысты, STEM элементтерін интеграциялау қажеттігі маңызды болып табылады. Сондықтан да, биотехнологиялық білім беруде STEM интеграциясын дамыту үшін зерттеу жұмыстарын жүргізуде студенттердің топтасып, жұптасып жұмыс жасау әдістерінің маңызы мен аудиториялық практикаға басты назар аудару қажет. Әрине, STEM оқытуды жүзеге асыру жолдары осы мүмкіндіктермен шектелмейді, олардың болашағы әлдеқайда кең және бүгінгі күні әрбір оқытушылардың педагогикалық шеберлігі және жеке қызығушылығымен, қоғамның инновациялық технологияларды кеңінен енгізуге қаншалықты дайын екендігіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Awad N., Barak M. Pre-service science teachers learn a science, technology, engineering and mathematics (stem)-oriented program: The case of sound, waves and communication systems //Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2018. – Т. 14. – №. 4. – С. 1431-1451.
2. Репин А. О. Актуальность STEM-образования в России как приоритетного направления государственной политики //Научная Идея. – 2017. – №. 1.
3. Lederman N. G., Lederman J. S. Research on teaching and learning of nature of science //Handbook of research on science education, volume II. – Routledge, 2014. – С. 614-634.

4. Leung A. Boundary crossing pedagogy in STEM education //International Journal of STEM Education. – 2020. – T. 7. – №. 1. – C. 1-11.
5. Riechert S. E., Post B. K. From skeletons to bridges & other STEM enrichment exercises for high school biology //The American Biology Teacher. – 2010. – T. 72. – №. 1. – C. 20-22.
6. Subekti H. et al. Comparison of Student Achievement in Agricultural Biotechnology-STEM Integrated Using Research Based Learning //Journal of Physics: Conference Series. – IOP Publishing, 2018. – T. 1108. – №. 1. – C. 012100.
Башқұрт халқының арасында Едіге туралы «Идукай и Мурадым» деп аталатын эпос сақталған. «Этот эпос широко известен на всей территории Золотой Орды: в самостоятельных вариантах он бытует среди башкир, татар, казахов, кыргызов, узбеков, каракалпаков и других тюркоязычных народов и является их общим культурным достоянием» [18, с. 374-375]. Л.Х. Мухаметзиянова татарлардың «Идегей» эпосының татар халқы үшін маңыздылығын көрсетеді: «Это одно из редчайших произведений, которое, являясь связующей нитью истории татар с его историей более пятивековой давности, непосредственно участвовало в формировании нации» [19, с. 538]. Эпоста Алтын Орда мемлекетінің тарихындағы күрделі кезеңде тарих сахнасына шыққан Едіге, Тоқтамыс, Ақсақ Темір сынды танымал тұлғалардың өмірі мен қызметі бейнеленуі шығарманың тарихи негіздеріне ерекше назар аударуды талап етеді. Ғалымдардың пікірінше, эпоста XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар көрініс тапқан. Эпостың пайда болуына осы дәуірдегі тарихи оқиғалар ықпал етті. «Едіге» эпосында тарихтан орын алған, халықтық жадыда өшпестей болып таңбаланған Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардың ізі бар. М. Тынышбаев XX ғасырдың басында Алтын Орда тұсындағы оқиғалардың түрлі халықтардың ұжымдық жадысында сақталғандығын атап көрсетеді: «Бір Едігенің өмірін әрқайсысы әр түрлі қылып, өзді-өзінің тұрмысына қарай ыңғайлап атадан балаға баяндап қалдыра берді. Сондықтан ертеде болған Тоқтамыс хан, Едіге, Уақ-Еркөкше, Еркөсай, тама Шора, Орақ, Мамай, Орманбет бидің аттары қазақ арасында (әсіресе оттасы, суласы болған Кіші жүзде) осы күнге шейін ұмытылған жоқ. Сондықтан бұларды Қазанда, Қырымда, Ноғайда ұмытқан жоқ» [20, 111 б.]. Эпоста кейіпкердің аты, шыққан тегі, әлеуметтік мәртебесі, түр-сипаты туралы маңызды мәліметтер есте жақсы сақталатын формада берілді.

Жадыда сақталатын оқиғаның, тұлғаның қандай принциптерге сай іріктелетіні белгісіз. Қазіргі тарихшылар көзқарасы тұрғысынан маңызды кейбір тұлғалар мен оқиғалар жадыда қалмаса, басқалары халық жадында жақсы сақталған. Әлеуметтік маңызы бар оқиғалар тарихи жады мазмұнын құрады. Қоғамдық өмірге билеушілердің ықпалы зор болғандықтан солардың өмірі мен қызметі жиі жады объектісіне айналып, ұжымдық жадыда бекітілді. Билеушінің тұлғасы киелілендірілді, оның өлімінен кейін елге қауіп-қатер төнді, сыртқы жаулап алу қаупі пайда болды. Билеуші тұлғасының халық тағдыры үшін маңыздылығы оларды басты жадыда сақталынуы тиіс объектіге айналдырды.

Көшпелі халықтарда атадан-балаға мұра болып қалған өз руының шежіресін жасау дәстүрі болды. Көшпелі халықтардың генеалогиялық жадысы өте терең, бірнеше ғасырларды

камтыды. Бұл дәстүрдің элементтері кейбір халықтарда қазіргі күнге дейін сақталды. Көшпелі қоғамда әр адам міндетті түрде өзінің шыққан тегін білуі керек. Қазақтарда «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген көнеден қалған сөз бар. Шежірені білмеу өз ата-бабаларын ұмыту деп бағаланды. «В государствах-наследниках Золотой Орды имена и деяния предков поначалу передавались потомкам в устных преданиях, а позднее фиксировались в форме генеалогий. Чрезвычайная распространенность этой практики подтверждается тем, что сохранилось множество башкирских, татарских, казахских и крымско-татарских генеалогий XVI–XIX веков» [21, с. 812].

Халық рулық-ұжымдық жадыда өз шыққан тегін, шежіресін сақтады. Ата-бабалардың есімдері, олардың өмірі мен қызметі қамтылған ата-тек жайлы генеалогиялық жады қалыптасты. Феномен устного исторического знания тюрко-монгольских народов заключалось в том, что его основная суть выражается формулой “Запомнить - передать”, т.е. “Память - трансляция”, по вертикали и горизонтали [во времени и пространстве]. Феномен же письменных источников [летописей и пр.] как письменного исторического знания других, в основном оседлых народов, заключалось в том, что его основная суть выражается формулой “Записать - передать”, т.е. “Письмо - трансляция”, по вертикали [во времени], затем по вертикали и горизонтали [во времени и пространстве] [22, с. 4]. Шежіре қазақ, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз және басқа халықтардың тарихи жадында жүздеген жылдар бойы сақталған. XX ғасырдың 60-жылдары башқұрт шежіресін зерттеген Р.Г. Кузеевтің айтуынша: «В шежере находили также отражение факты и события, которые могли сохраниться только в памяти народа в форме исторических преданий, легенд и т.д. Поэтому почти в любом шежере, независимо от того, составлялся он одним человеком или многими людьми, содержится переложение или точный пересказ более старых шежере, исторических фактов, сохранившихся в памяти народа» [23, с. 20]. Ата-текті білу, ата-бабаны құрметтеу тарихи жадының негіздерінің бірі болды, шежірені білу қазақтардың күнделікті өмірінде өте қажет болды. Шежірелерде бекітілген тарихи жады келесі сәттерді сақтады: адам есімдері, генеалогиялық тізбектегі оның орны, ерлігі немесе қызметі.

Башқұрт шежірелерінде Алтын Орда кезеңіндегі оқиғалар мен тұлғалар туралы мәліметтер кездеседі. Башқұрт руы юматы шежіресінде: «В те времена Джанибек-хан с Аксак Тимуром были ханами. При них для юрта были великие бедствия, на всех [досл. во все стороны] совершались набеги» [23, с. 31] деп жазылған. Башқұрт шежіресінде Алтын Орда ханы Барак туралы деректер кездеседі: «На реке Белой гора Тура-тау известна. Это место его [Тура-хана] ставки. Он был самовластным ханом башкирского народа. Его сын был Кусем-хан. В те времена была битва хана Бурака из Сарайчика, события были из-за земли и воды. Затем Кусем-хан своего младшего брата Бәрдибэка отправил с сильным войском с северной стороны. Бурак с правой стороны [т. е. с юга] отправил Мансура. Затем с двух сторон противостояли [друг другу], готовились к битве. Ведя переговоры, заключили соглашение о следующем. Правая сторона реки Самары досталась Бурак-хану, его подданные были ногайцами. Северная сторона реки Самары досталась Кусем-хану, его подданные были башкиры. Затем после перемирия Бәрдибэк [и] султан Мансур с двух [противоположных] берегов реки Белой состязались в стрельбе из лука, каждый из них был хорошим стрелком и эмиром, и стрелы обоих из них перелетели дороги [идуших] по [обеим] сторонам реки Белой. [После того как] с таким пиршеством прожили один месяц, ушли обратно, то есть вернулись в свои страны. Башкирский и ногайский народы на [определенное] время остались [жить] в мире, до эпохи Урак Мамай [23, с.80]. Барак өз тұсында ең беделді хандардың бірі болған.

Ортағасырлық тарихи шығармаларда шежірелер, аңыз-әңгімелер маңызды дерек ретінде кең пайдаланды. Мәселен, Әбілғазы жазған «Шежіре-и Таракима» («Түрікмен шежіресі») және «Шежіре-и Түрк» («Түрік шежіресі») атты тарихи екі шығарманың атауында шежіре сөзі қолданылды. А.Н. Кононов: «Родословная туркмен» является не только важным историческим источником, но и значительным литературным памятником, в котором мастерски излагаются многие народные предания, легенды, народные этимологии этнонимов, пословицы и

поговорки» [24, с. 23] деп жазады. Тарихи жады ғасырлар бойы тұрақты болмады, уақыт өткен сайын өзгеріске ұшырап, жаңа есімдермен, тарихи оқиғалармен толықтырылып отырды. Алтын Орданың мұрагер халықтарының жадысында олардың оқшаулану (постордалық кеңістікте жекелеген хандықтардың пайда болуы) кезеңіндегі оқиғалар да бекіп қалды. Ауызша дәстүр негізінде түрлі формада қалыптасқан және дамыған, табиғи жолмен өз мәдени ортасында пайда болған тарихи жады XVIII-XIX ғасырларда жазбаша түрде тіркеле бастады. Ресей ғалымдары И.Г. Андреев, А.И. Левшин, И.Н. Березин, В.В. Вельяминов-Зернов, Н.И. Гродеков, А.Н. Харузин, Н.А. Аристов, Г.Н. Потанин және т.б. зерттеушілер тарихи фольклор нұсқаларын жинауға үлес қосты.

Алтын Орда дәуірі жайлы тарихи жадының өз ерекшеліктері болды. Көбіне әлеуметтік мәртебесі өте жоғары (билеушілер) адамдар туралы жады сақталды. Негізінен жадыда мынадай ақпарат түрлері қалған: билеушілердің есімдері (Жошы, Тоқтамыс, Едіге), қаза болуына және өліміне қатысты фактілер (Жошының аң аулап жүріп қайтыс болуы). Қандай да бір тұлға есімімен өткен уақыттың белгілі бір оқиғалары байланысты болды, сондықтан жеке адам есімі арқылы тарихи жадыға жүгіну заңды құбылыс еді. Тарихи оқиғаға қатысушылар мен куәгерлердің әңгімелері уақыт өте келе тарихи аңызға, жырға айналып, оқиғаның өзі және оның егжей-тегжейі тарихи жадыда қалды. Тұлға есімі арқылы оқиға туралы тарихи жады қалыптасып, белгілі бір адам туралы естеліктер мәңгі есте сақталды. Негізінен қоғам үшін маңызды оқиғаларды жадыда қалдыруға тырысты. Оқиғаны ұжымдық тарихи жадыға енгізіп, оған тарихи дәстүрден орын берді.

Қоғам үшін тарихи жадының құндылығы жоғары болғандығын атап өту қажет. Тарихи жады қоғам мүшелерін біріктіріп, шығу тегінің ортақтығы туралы түсінік қоғамның тұтастығын қамтамасыз етті. Бұл ауызша дәстүр білімпаздарына көрсетілген ерекше құрметтен байқалады. Қоғам тарихи жадының құндылығын тек мойындап қана қойған жоқ, сонымен бірге оны ұзақ уақыт сақтау мен келесі ұрпақтарға жеткізудің маңыздылығын түсінді. Көненің көздері – ескерткіштерге ұқыпты және құрметпен қарау нәтижесінде олар қазіргі күні тұрғызылған орындарында әлі тұр. Алтын Орда туралы жады топонимикада сақталды. В этой связи уместно напомнить, что понятия Ак-Орда и Кок-Орда часто встречаются в исторической литературе по Башкортостану; здесь можно встретить такие определения, ставшие уже топонимическими. Например, в Зианчуринском районе до сих пор сохранилось название «Ак Урды» как название деревни [18, с. 363].

Қазіргі Қазақстан территориясы түгел дерлік Жошы ұлысының құрамына енді. Қазақстанда осы кезеңнің «жады орындары» - Алтын Ордамен байланысты тарихи ескерткіштер орналасқан. Ұлы даланың қасиетті орталықтарының бірі - Ұлытауда аңыз деректері бойынша Жошы хан, Алаша хан, Тоқтамыс хан, Едіге би және басқа тарихи тұлғалар жерленген. Жошы туралы тарихи жадыны қалыптастыруға және сақтауға белгілі бір дәрежеде оның кесенесі ықпал етті, кесене ол туралы жадыны жандандырып, өзектендірді. Әр халықтың тарихи жадысы оның тарихи ескерткіштерінен көрінеді, оларды тану арқылы жас ұрпақ өз өткенін біліп, болашағын бағдарлайды. Бұл ескерткіш ұлттың тарихи санасын оятып, Жошы негізін қалаған Ұлық Ұлысты еске салады.

«Вероятно, ханы всех этих орд завещали хоронить себя в глубине степей, так мы находим могилу основателя Мангытской орды Эдигея на одной из Улутавских вершин, которая и носит название этого военачальника» [5, с. 193]. Едіге шыңы Ұлытау ауылынан батысқа қарай 35 шақырым қашықтықта орналасқан. Оның төбесінде Алтын Орданың атақты билеушісі Тоқтамыс хан жерленген. Сонымен қатар Едіге шыңында орта ғасырларда аса зор беделге ие болған Едігенің моласы бар. Сондықтан халық тауды Едіге шыңы деп атап кеткен. Жошы хан кесенесі – Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде, Қаракенгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Тағы бір «жады орны» Қазақстанның Атырау облысында орналасқан Алтын Орданың астаналарының бірі Сарайшық қаласы. Бұл жерде ордалық хандар – Тоқта мен Әз-Жәнібек жерленген. Историкі давно отмечали выдающуюся сакральную роль Сарайчука для рода Джучидов как курука - средоточия их

фамильных гробниц. Там восходили на престол Золотой Орды Джанибек, Бердибек и, может быть, Узбек. Да и само название местности - «Малый Дворец» - вызывает в памяти обычай возведения дворцеобразной постройки над могилой правителя [25, с. 571].

Сонымен қатар, Сарайшық – Алтынордалық ақша сарайымен белгілі болған қала. Көне қалада теңге соғатын орындардың бірнешеуі болған. Оның дәлелі, қазба жұмыстары кезінде табылып жатқан теңге мен тиындардың сан алуандығы. Қазақстанның ұлттық валютасы «теңгенің» атауында тарихи жады сақталынған, «теңге» сөзі «данг» (алтынордалық күміс монета) деген сөзден алынған.

Алтын Орда туралы тарихи жады түркі халықтарын біріктіріп, өз тарихтарының ортақтығы туралы сезім туғызуы мүмкін еді. Сондықтан кеңестік кезеңде Алтын Орданы оның мұрагер халықтарының тарихи жадынан өшіруге бағытталған идеологиялық саясат жүргізілді. 1944 жылы КСРО-да Алтын Орда тарихын зерттеуге ресми түрде тиым салынды. Қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар және башқұрт халықтарына ортақ тарихи-батырлық жыр «Едіге» реакциялық деп танылып, қолдануға тиым салынды. Кеңестік кезеңде Татарстанда тарихи зерттеулерде негізінен Бұлғарлар мемлекетіне назар аударылды, ал Алтын Орда тарихы жағымсыз жағынан айтылды немесе мүлде айтылмады. Кеңестік кезеңде «Едіге» эпосын зерттеген қазақтың көрнекті ғалымы Қаныш Сәтпаев қуғынға ұшыраса, Татарстанда осы эпосты жариялағаны үшін Н.Исанбет қудаланды.

1980 жылдары шыққан көрнекті қазақ жазушысы І. Есенберлиннің «Алтын Орда» трилогиясы қазақ халқының ұжымдық жадысынан кеңестік билік күшпен өшірген жадыны қайта жаңғыртқандай болды. 80 жылдардың аяғы 90 жылдардың басында Алтын орда мәселесі қоғамдағы өзгерістерге байланысты қайта көтерілді. Алтын Орданың мұрагер халықтары оның тарихын өз тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастыра бастады. Кеңестік биліктің Алтын Орда тарихын, «Едіге» эпосын зерттеуге тиым салған қаулылары жойылып, оқулықтардың Алтын Ордаға қатысты бөлімдеріне өзгерістер енгізу мәселесі қойылды, ғылым-көпшілік және ғылыми мақалалар жарық көрді. Осылайша тарихи жадыны қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

1993 жылы Қазанда «Золотая Орда: история и культура» деген тақырыпта алғашқы ғылыми конференция өтті. Татарстанда 1996 жылы Тарих институты құрылды, осы институт жанынан 2003 жылы Алтын Орда тарихын зерттеумен айналысатын арнайы орталық құрылды. Қазір ол М.А. Усманов атындағы Алтын Орда және татар хандықтарын зерттеу орталығы деп аталады. Орталықты И. Миргалиев басқарады. 2002-2013 жылдары шығарылған «История татар с древнейших времен» 7 томдық еңбегінің үшінші томы Алтын орда кезеңіне арналды. Ф. Урманченің «Народный эпос «Идегей»», И.Г. Закированың «Эпическое творчество периода Золотой Орды: мифологические и исторические основы» деген еңбектер жарық көрді.

Қазақстанда 2014 жылдан бастап мемлекеттік деңгейде Алтын Орда тарихына бет бұрыс жасалды. Осы жылы Қазақстанның Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев қазақ жұртының Алтын Ордамен тарихи сабақтастығын, Ұлытаудың қасиетті жер екендігін және Алаша ханның, Жошы ханның, Тоқтамыстың, Едігенің бұл жерде болғандығын Ұлытауда берген сұхбатында айтқан болатын [26].

2019 жылы Тараз қаласында Қырғызстанның, Өзбекстанның, Монғолияның және Ресейдің ғалымдары қатысқан Алтын Орданың 750 жылдығына арналған «Талас құрылтайы: тарих пен тағылым» ғылыми-практикалық конференция өтті. Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойын атап өту Алтын Орданың мұрагер халықтарының жадысын қалпына келтіруге тағы бір серпін берді. Қазақстанда Жошы ұлысы жайлы жадыны қалыптастыру және сол арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Ұлық Ұлыс – Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойына дайындық пен оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді. Жоспарға құны 3,5 млрд теңге 40 түрлі іс-шаралар енгізілген: Батыс Қазақстанның Алтын Орда дәуіріндегі ежелгі керуен жолдары мен керуен-сарайлары: керуен сарайлар мәліметтері базасын зерттеу және құру жобасын іске асыру; Алтын Орда кезеңіндегі Сарайшық қалашығын қалпына келтіру бойынша археологиялық жұмыстар жүргізу; «Жошы хан»

кесенесінің жанында туристік кешеннің құрылысы; ҚР Ұлттық музейінде «Алтын Орда және Қазақ хандығы залдары» экспозициясын құру; «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығының қабылдау орталығының құрылысын аяқтау және абаттандыру; Ұлттық және халықаралық іс-шараларды, оның ішінде көшпенділердің мәдениеті, Жезкиік-2020, Ұлытау-2020 музыкалық фестивалдерін ұйымдастыру; ҚР Ұлттық мұражайында «Алтын Орда: Мемлекеттік Эрмитаж коллекциясынан» көрмесін өткізу; Алтын Орда, Жошы хан, Алаша хан және басқалары туралы деректі фильмдердің ғылыми-танымдық циклы; Нұр-Сұлтан қаласында Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасына арналған қорытынды халықаралық конференцияны өткізу; Ұлытау ауылы маңында туристерді қабылдайтын этно-ауыл құру [27].

Өткен уақытқа көз салсақ, біздің ата-бабаларымыз бір мемлекет – Алтын Орданың тұрғындары болды, сондықтан қазіргі уақытта бұл Алтын Орда мұрагерлерінің жақындасуының факторы болуы керек. Алтын Орда кезеңінің оның тікелей мұрагер халықтарының ұлттық тарихи санасын қалыптастырудағы рөлі ерекше.

Қазақстанда 2019 жылы Тұңғыш Президент қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның тарихи жадысы және кеңестік кезеңге дейінгі тарихи кезеңді қабылдауға арналған әлеуметтік зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу шеңберінде 14 облыстан (қалалық және ауылдық елді мекендер) және 3 республикалық маңызы бар қалалардан 2500 қатысушы сауалнамаға қатысты. Елдің түрлі аймақтарында 8 фокус-топтар жүргізілді. Сауалнамаға қатысушылар Қазақ хандығы кезеңін (29,6%), Алтын Орда дәуірін (25%), Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихын (1941-1945 жж) – 21,8% тарих жылнамасындағы ең қызықты кезең деп есептейді. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, қатысушылардың белгілеуінше, Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі танымал тарихи қайраткерлер үштігіне Шыңғыс хан (98,2%), әл-Фараби (94,6%) және Томирис (82,5) кіреді. Қазақстандықтардың басым бөлігінің Алтын Ордаға деген көзқарасы оң (44,8) және бейтарап (28,9%) [28]. Әлеуметтік зерттеу нәтижелері «Алтын Орда: тарих және тарихи жады» дөңгелек үстелде талқыланды. Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, халықтың Алтын Орда туралы тарихи жады толық деңгейде қалыптаспаған.

Посткеңестік кезеңде Алтын Орданың тарихын халық жадында жаңғырту бағытында біраз шаралар атқарылды. Алтын Орда туралы халықтың ұжымдық жадысын нығайту үшін осы кезең тарихына арналған ғылыми және мәдени іс-шаралар мақсатты түрде және жүйелі жүргізілуі тиіс. Сонда ғана біз қоғамның басым бөлігінің тарихи жадысының қалыптасуына ықпал ете аламыз. Алтын Орданың шынайы тарихын қалпына келтіру ұлттық бірегейлікті, ұлттық сананы қалыптастыру тұрғысынан да маңызды.

Болашақта Қазақстанда Алтын Орда тарихын жан-жақты зерттеумен айналысатын зерттеу орталығы құрылып, жаңа ғылыми еңбектер жазылуы керек. Қазақстанда Алтын Орда тарихымен айналысатын кәсіпқой мамандарды қалыптастыру қажет, өйткені осы ортағасырлық кезеңмен айналысатын тарихшылар саны өте аз. Алтын Орданы зерттеумен айналысатын мамандар осы бағыттағы ғылыми ізденістерді күшейту үшін өз қызметтерін үйлестіргені жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Трепавлов В.В. Золотая Орда после распада: воспоминания о единстве //Тюркские народы средневековой Евразии. Избранные труды. – Казань: ООО «Фолиант», 2011. – С. 360–382.
2. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... //Утемиш-хаджи. Чингиз-наме /Факсимиле, пер., транскрипция, текстол. примеч., иссл. В.П. Юдина. А.-А.: Ғылым, 1992. – с. 14-56
3. Сабитов Ж.М., Кушқумбаев А.К. О происхождении этнонима «узбек» и «кочевые узбеки». //Золотоордынская цивилизация. - 2011. - № 4. - С. 166-173.

4. Сабитов Ж.М. Концепты Ак Орда и Алтын Орда в контексте процесса национального строительства. //Молодой учёный. – 2015. - № 6.1 (86.1). – с. 31-36
5. Валиханов, Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. - 432 с.
6. Валиханов, Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 3. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. - 416 с.
7. А.П. Чулошников Вопрос о происхождении киргизской (казахской) народности в исторической науке и народные предания, как источники дальнейшего его освещения. //Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть первая. Древнее время и средние века. – Оренбург, 1924. - с. 251-284
8. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах.– Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии: Том II. 1985. – 416 с.
9. Крамаровский М. Золотая Орда как цивилизация (по материалам археологии). //Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. – с. 427-446.
10. Образ Золотой Орды и «зарвавшиеся татары». Дамир Исхаков о том, как история великой империи вновь «обреталась» в общественном сознании татарской нации. Часть 1-я «БИЗНЕС Online»: <https://www.business-gazeta.ru/article/446354>
11. Исхаков Д. М., Измайлов И. Л. Этнополитическая история татар (III - середина XVI вв.). - Казань: РИЦ «Школа», 2007. - 356 с.
12. Трепавлов В. Джучиев улус в XV–XVI вв.: инерция единства. //Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. - с. 735-742
13. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме /Факсимиле, пер., транскрипция, текстол. примеч., иссл. В.П. Юдина. А.-А.: Гылым, 1992. – 296 с.
14. Зайцев И.В. Крымская историографическая традиция XV-XIX вв.: пути развития: рукописи, тексты и источники. - М.: Вост лит., 2009. - 304 с.
15. Измайлов И.Л. Становление историографической традиции. //История татар с древнейших времен. В семи томах. Том 3. Улус Джучи (Золотая Орда) XIII – середина XV в. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани, 2009. - 1048 с.
16. В.П.Юдин Переход власти к племенным биям и неизвестной династии Тукатимуридов в казахских степях в XIV в. (к проблеме восточных письменных источников, степной устной историографии и предыстории Казахского ханства). //Утемиш-хаджи. Чингиз-наме /Факсимиле, пер., транскрипция, текстол. примеч., иссл. В.П. Юдина. А.-А.: Гылым, 1992. – с. 57-75
17. Тынышбаев М. История казахского народа. Сост. и авторы предисл. Такенов А.С. и Багалиев Б. – Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1993. – 224 с.
18. Мажитов Н.А., Султанова А.Н. История Башкортостана. Древность. Средневековье. - Уфа: Китап, 2009. - 496 с.
19. Мухаметзянова Л.Х. Татарский эпос «Идегей»: эхо сквозь столетия. //Золотоордынское обозрение. 2018. Т. 6, № 3. С. 537–550. DOI:10.22378/2313-6197.2018-6-3.537-550
20. Тынышбаев М. Мырза Едіге батыр. Ертегідегі Едіге мен тарихтағы Едіге. //Таңдамалы. Избранное. - Алматы: Арыс баспасы, 2001. – 109-116 б.
21. Гёнцель Ч. Филологические заметки к двум генеалогиям крымско-татарского рода Ширин //Золотоордынское обозрение. 2017. Т. 5, № 4. С. 811–824. DOI: 10.22378/2313-6197.2017-5-4.811-824
22. Алпысбес М.А. История Казахстана в казахском шежире. Место шежире в изучении истории. Автореф. дисс...канд. ист. наук. – Караганды, 1999. – 30 с.

23. Башкирские шежере. Составление, перевод текстов, введение и комментарии Р.Г. Кузеева. – Уфа: Башкирское книжное издательство, 1960. – 304 с.
24. Кононов А.Н. Введение //Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази хана хивинского. - М.-Л.: Издательство АН СССР, 1958. – с. 7-33.
25. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды./ Отв. ред. М. А. Усманов. 2-е изд., испр. и доп.– Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. – 764 с.
26. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/akorda_other_events/kazakstan-prezidenti-nenazarbaevtyn-ulytau-torindegi-suhbaty
27. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2019 года № 1059 <https://online.zakon.kz>
28. Әлеуметтік сауалнама көрсеткіштері / Электрондық ресурс: URL бойынша сілтемесі : <https://iwep.kz/#/posts/5da82fcad02b6c51acde814a/#header>

HISTORICAL MEMORY OF THE GOLDEN HORDE HEIRS

Alpysbes Makhsat¹, Erisheva Tolky²

¹ Lev Gumiliyov Eurasian National University, Dr. Prof., Nur-Sultan, Qazaqstan

² Lev Gumiliyov Eurasian National University, Dr. Prof., Nur-Sultan, Qazaqstan

Annotation. In this article, the authors study the forms of historical memory of Turkic peoples that exist in a similar form among Kazakhs, Bashkirs, Uzbeks, Karakalpaks, Nogais, Crimean Tatar people, Karachais, Circassians, Tatars, Chuvash and other ethnic groups that are descendants of the state of the Golden Horde. A historical and comparative study of historical information and information, such as heroic epics, heroic legends, traditions and historical tales, using ancient words and sayings preserved in their historical folklore. These materials are a valuable source, which represent the single most important source of historical memory of the Turkic peoples.

Keywords: the history, the Turkic, the memory, the Kazakhs, the Shezhire, the Golden Horde

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ НАСЛЕДНИКОВ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Алпысбес М.А.¹, Еришева Т.А.²,

¹ Евразийский национальный университет Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

² Евразийский национальный университет Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Аннотация. В данной статье авторы изучают формы исторической памяти тюркских народов, существующие в похожем виде у казахов, башкиров, узбеков, каракалпаков, ногаев, крымскотатарского народа, карачаевцев, черкесс, татар, чувашей и других родственных по происхождению этносов, являющихся наследниками государства Золотой Орды. Историко-сравнительное изучение исторических сведений и информации, таких как героические эпосы, богатырские сказания, предания и исторические сказки, с использованием старинных слов и высказываний, сохранившиеся в их историческом фольклоре. Эти материалы ценным источником, которые представляют единственный наиболее важный источник исторической памяти тюркских народов.

Ключевые слова: история, тюркские народы, память, казахи, шежира, Золотая Орда

ӘОЖ 930:908 (574.25)

ЕРТІС ӨНІРІНДЕГІ ДІН МЕН ДІНИ ОРЫНҒА ҚАТЫСТЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (XX ғасырдың бірінші жартысы)

Алпысбес Махсат¹, Рахимов Мәди²

¹ Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, т.ғ.д., Нұр-Сұлтан, Қазақстан

² Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ білім алушы докторант, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Аннотация. Мақала XX ғасырдың I жартысындағы Кеңес билігінің Ертіс өңірінің киелі орындарына қатысты бағытталған саясатына арналады. Дін – апиын деген тарихи сөздің байыбына бармай жалаң ұрандатып, кеңестік билік қазақ халқының наным-сеніміне, діни көзқарастарына қарсы саясат қолданып, көнеден қалыптасқан жүйені түбірімен үзуге бел буды. Атеистік қоғам орнату бағытымен Ертіс өңірінің қасиетті діни нысандары, медреселер жабылып, жергілікті жердегі мешіттер қиратылып, ұлттың рухани құндылықтары жойыла бастады. Саяси қудалауға түсіру мен идеологиялық науқандардың нәтижесінде халықтың санасы қияли коммунизм идеясымен уландырылып, әдет-ғұрып пен дәстүрлер ұмыттырыла бастады. Сондықтан саяси процестері кезінде қазақ халқының ұлттық тарихи жадының тұтастығын сақтауда Ертіс өңіріндегі киелі орындардың тарихи-мәдени рөлі жайлы бұл мақалада жан-жақты талданады.

Кілт сөздер: тарих, киелі, саясат, әулие, ишан, мешіт, Ертіс, Рухани Жаңғыру

Кіріспе. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қазақ халқы көнеден ұстанып келе жатқан дәстүрлі діни ұстанымдарының түп негіздері мен қоғам арасындағы ара қатынас байланысының үзілген уақыты болатын. Бұл туралы 1918 жылғы 20 қаңтардағы «Дінді мемлекеттен және мектепті діннен ажырату» [1, 5 б.] жөніндегі РКФСР (Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы) бірінші декреті, халықтың санасын идеологиялық жағынан жаңа бағыт – құдайды жоққа шығаратын атеистік идеяны насихататуға жол ашты. Дегенмен, Қазақстанда Кеңес үкіметі орнаған жылдары халықтың діни сенімдеріне абайлық танытып, атеизм бірден күш алған жоқ.

Азаматтық соғыс жылдары мешіттер халықтың қызметіне қайта қайтарылып, әр түрлі мекемелерге қаратылғанымен ақ пен қызыл арасында болған қақтығыстарда олар бірі-бірін кінәлағандай екінші жаққа сілтей салып, мысалы, Баянаулада мешітті өртеп жібергенде, ол оқиғаның куәгерлерінен сұрағанымызда, оны ақтар немесе қызылдар жасады деп нақты айта алмады. Бірақ Қамариден қазіреттің немересі өзінің әулеті қуғынға түсіп, кейінгі 1960-шы жылдарға дейін Баянауылдың басына көшіп келіп тұруға болмайды деген қолына қағаз берілгендігі жайлы баяндады. Яғни дін қызметкерлеріне қауіп төніп, соның ішінде мысалы Абдолла хазіреттің шәкіріті Ысқақ қазіретті Славгород жақта өлтіріліп кеткен. Ал Аппақ қазіретті өзі үйінен Алматыға тергеуге апарып, одан кейін Павлодар түрмесіне алып келіп, ақыры сонда жазаланғаны туралы Аппақ қазіреттің немересі, бүгін көзі тірі асыл ұрпағы, Құрбанәлі ишанның өз аузынан естідік.

Діни және киелі орындарға байланысты ұстаным Ресей тарапынан қандай болғаны бұрыннан белгілі, молаларды қазып, алтын іздейтін, обаларды тонайтын «бугровщик» (бугор деп обалардың дөң болып жатқанын айтады, сол обалардың дөңі қазып тонаушылар) - «молатонаушылар» көп болғаны белгілі. Бірақ кеңес өкіметі орнаған бетте тарихи орындарды заңмен қорғау талаптыр айтыла бастайды. 1928-ші жылдары байларды кәмпескелеу туралы заңына орай дін қызметкерлерін де қанаушы тап өкілдеріне жатқызылып, қуғындала бастады. Сөйтіп 1930-ші жылдары қазақ еліндегі Кеңес үкіметінің дінге қарсы күрес күшейді, ал саяси қуғын-сүргін басталысымен, олардың ішінде дін адамдары совет өкіметіне қарсы, сенімсіз

элемент санатына жатқызылды. Діни қауымдастықтардан діни-мінәжаттық орындар күшпен тартып алына басталды. Мешіттер, діни мектептер жабылып, қасиетті орындарға баруға, діни-ғұрыптық мерекелерді атап өтуге қатаң түрде тыйым салынды. Қазақ халқының рухани тәлім-тәрбие беретін ғимараттары сауық сайран көтеру орындары мен шаруашылық қоймаларына айналып, рухани әлемнен күдері үзілген халықтың санасына Кеңес үкіметі атеистік көзқарастарды үгіттеуге кіріскен кезең болатын.

Методология және зерттеу әдістері. Тарих ғылымы кең көлемді әдістемелік тәсілдерге ие, соның негізінде бір-бірін толықтырып тұратын осы жұмыстың зерттеу базасын қалыптастыруға болады. Ең бастысы жалпы ғылыми танымдық принциптері, соның ішінде тарихилық принципі. Тарихилық принципі әр түрлі тарихи құбылыстарды зерттеуде маңызды әдістердің бірі, соның ішінде тарихи құбылыстың дамуы, нақты тарихи шартты объектілерді және жеке зерттеулер жүргізуде қолданылатын ұстанымдардың бірі. Сонымен қатар зерттеу жұмысы жүйелілік принципіне негізделді, бұл әдіс Ертіс өңірінің киелі орындары, жалпы дінге қатысты кеңес үкіметінің ұстанған саясатын жүйемен қарастыруға мүмкіндік туғызды. Аталмыш әдіснамалық принциптерден басқа, салыстырмалы-тарихи зерттеу тәсілі қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс зерттеу құбылысының мәнін ашуға мүмкіндік жасады.

Талқылау. Кеңес үкіметінің дін саясатына қатысты жүргізген ресми іс-құжаттарына сүйенетін болсақ, 1928-1930 жылдар аралығында Ертіс өңірінде жаппай ғибадат орындарының жабылуы орын алып, Ұлы Отан соғысына дейін бірде-бір мешіт, мінәжат орындары қалмаған анықтауға болады. Мысалы, мұрағат құжаттарында Павлодар аумағында жұмыс істеп тұрған 14 мешіттің алтауы шаруашылық қоймасына, төртеуі мәдениет үйіне, төртеуі басқа мекемелерге ауыстырылған екен [1, 8 б.]. Тіпті көптеген мешіттердің қиратылғаны туралы тарихи фактілер кездеседі. Соның бірі, Шығыс Қазақстан облысы Бақты ауылымен Зайсанда мешіттер толығымен қиратылған [2. п-47, 52.].

Қасиетті Меккеге қажылық сапарына баруға тыйым салынып, мешіт-медреселер жабылғандықтан, халықтың жалғыз үміті киелі жерлерді сақтау болып қалды. XX ғасырдың 50-ші жылдарына дейін әулиелер культі кеңес кезеңінде басты рөл атқарды. Сол себепті ислам дініне қарсы үгіттеу шараларында әулиелер мен киелі орындарды жою үкіметтің негізгі талаптарына жатты. Биліктің киелі орындарды бұзып немесе атеизм мұражайына, қызыл бұрыш, клуб, мәдениет үйлеріне ауыстырғанымен, олар өзектілігін жоғалтпай, халықтың ықыласымен қайта жанданып отырған. Бұл тенденцияны бүкіл Қазақстан аумағы бойынша бақылауға болады. Сарыөзек өзені бойындағы мазарда (Атырау облысы) Даулетова Ж. азаматша әлі де шырақшылықпен айналасып, зиярат жасап келушілерді қабылдауда. Ол бірнеше рет ескертілсе де кісілерді қабылдауын тоқтатар емес деп көрсетілген [3, 63 б.].

Ертіс өңірі Баянауыл аймағында және Шығыс Қазақстан облысы (ШҚО), қазіргі Абай ауданында орналасқан Қоңыр әулие үңгірлеріне жаппай тыйымдарға қарамастан халық жасырын түрде баруын тоқтатпаған. Сол секілді Қалқаман, Жамантұз, Мойылды көлдеріне батпақты тұзды суларымен емделу үшін шілде, тамыз айлары аралығында халық жыл сайын келіп отырған. Баянауыл жерінде орналасқан шипалы әулибұлақ бастауларына халық жанына шипа, дертіне ем іздеп барып тұрған. Халықтың зиярат ететін орындары Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу мазары, Жидебай-Бөрілі кешені, Жасыбай батыр жатқан жерлерге халық жыл сайын қолайлы мезгілде келіп тұратын болғандықтан жергілікті билік тарапынан арнайы бақылауда болған.

Киелі жерлердің бір ерекшелігі өзін-өзі қорғай білу қасиетінде. Бұл туралы тарихшы, дінтанушы Ә. Муминов жазып кеткен [4. 124 б.]. Киелі жерлердің осы бір ғажайып қасиеті туралы бірнеше теолог ғалымдардың ғылыми еңбектерінде де кездеседі. Халықтың аңыздарына сүйенсек, киелі орындардың иелері аруақ немесе аң, құс түрінде көрініп, өз орнын қорғап тұрады екен. Соның бір дәлелі ретінде өзінің дүниеден өтерін бір жыл бұрын білген әулие Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жатқан жерін XX ғасырдың 50-ші жылдарына дейін қызыл үкімет адамдарының талай рет келіп, бұзбақшы болу әрекеттері жайында айтуға

болады. Бұл оқиғалар туралы М.Ж. Көпейұлы ұрпағы Ә. Пазылов өзінің сұхбаттарында келесідей әңгімелеп кеткен: «Мәшһүр Жүсіп бабамыздың мазарына қызыл өкіметтің жеңдеттері талай келіп, ішіне кіре алмай немесе жолда ажал құшқан кездері болған. Ал зиратын жермен-жермен еткен хатшы да, оны бұзған адамдар да кейін қарғысқа ұшырап, оңбай кетсе керек. Тіпті ұрпақсыз кеткенін көрген жұрт «әулиенің ісі ғой» десетін» [5, 53 б.].

Ислам негіздерін дәріптеп өткен, Павлодар облысы Шарбақты ауданың тумасы қасиетті Ғабдыл-Уахит хазірет тұлғасына да байланысты тылсым оқиғалар байланысты. 1920-шы жылдары Ғабдыл Уахит хазіретті бірнеше рет ішкі істер халық комиссариаты (ІХК, орысша НКВД) қызметкерлері тергеуге апармақшы болғанда қолдары жансызданып, қарулары атпай әбігере түссе керек. Нәтижесінде хазіретті тұтқыннан босатып жіберуге мәжбүр болған. 1926 жылдары Ғабдыл-Уахит хазірет дүниеден өткен соң, зираты көптеген адамдардың тәу етіп, зиярат етіп баратын орнына айналған. 1953 жылы хазірет жерленген жерге мазар тұрғызылыпты. Билік тарапының үкімімен бе, әлде кездейсоқ оқиға болды ма екен, хазіреттің мазары орман өрті кезінде қиратылыпты. Тек 2012 жылы ескі мазар орнына жаңа кесене бой түзеп, қазіргі уақытта халықтың игілігіне қызмет атқаруда [6, 434 б.].

Соғыстан кейінгі кезеңде өңірдің ақсақалдар қауымы өкілетті мекемелерге өтініштер жолдап, аудан орталықтарында бір-бір мешіттер ашып беруін сұраған. 1944-1946 жж. аралығында Баянауыл, Майқайын, Қызылжар ауылдары облыстық атқару комитетіне ауылдағы ескі бос тұрған ғимараттар орындарына мешіт, ғибадат орындарын ашу үшін жиырмадан аса хат жолдаған. Бірақ дін мен культ істері жөніндегі кеңес басқармасы өтініштерді орындауға үзілді кесілді бас тартқаны туралы құжаттар кездеседі [1, 9 б.].

Мұсылман қозғалысының рухани ұстаздары: молда, хазірет, ишандарға байланысты кеңес үкіметі қарсы қудалау шараларын ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастайды. 1926 жылы 14 желтоқсанда жарияланған құпия құжатта қазақ аудандық хатшылығы «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп» секілді газет-журнал беттерінде қазақтың дәстүрлі сенімдеріне байланысты жалпы көлемде сын айтып, осыған қарсы идеологиялық насихат жариялау жұмыстарын тапсырған [7, 45 п.].

1927 жылғы 8 маусымында қабылданған «Мұсылман діни қозғалысымен күрес» қаулысында келесідей сөйлемдер жолығады: «Қазақтардағы мұсылман қозғалысында келесідей ерекшеліктерді ескерген жөн: а) Рухани көзқарастағы қазақтар арасында діни дәстүрлі жүйе суфизм (ишанизм) және шаманизммен бағытында өрбіген; б) Руханият бірінші кезекте халықтың руаралық топтарымен байланысқандықтан ауыл ақсақалдарымен үгіттеледі; в) Дәстүрлі қазақ қоғамындағы нормалар шариғатпен шешіледі, сондықтан жергілікті кеңес үкіметінің ұйымдары осыған баса назар аудару қажет. Себебі соңғысы өз күшімен беделін халық арасында әлі де ұстап тұр.

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты мұсылман руханиятына қатысты келесідей қатаң шараларды жүзеге асыру тапсырылады: 1) Қазақстандағы рухани орталықтарды жою қажет. Үкімет тапсырған шаралар негізінде рухани білімдерді таратушыларды оқшаулау керек. 2) Тағылық сипаттағы діни сенімдерді, әсіресе анимистикалық сенімдерді, соның ішінде ислам сұрағына қатысты партиялық ұйымдарға халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу тапсырылады. 3) Халықты емдеу, пітір садақасын халық арасынан жинау секілді рухани адамдар жүргізетін заңсыз әрекеттерге қарсы күрес әрекеттерін қатаң түрде жүргізу; 4) ІХК мен ІІІ ОГПУ (біріккен мемлекеттік саяси басқарма) қызметкерлеріне қазақ халқының жиналатын жерлерде ұлттық мерекелерді атап өтуге, мұсылман съездерінің өтуіне, диуана, дәруіштердің жүруіне немесе тойлардың өтуіне қатаң тыйымдардың сақталуын қадағалау. Көнбеген жағдайда қатал жаза, репрессия шараларын қолдануға рұқсат етіледі.....» [8, шп.-277, 278, 280].

Бұл құжаттардан қазақ қоғамында қалыптасқан рухани жүйені бұзу үшін кеңес үкіметі халықты қорқыныш пен үрей арқылы басқарғанын көреміз. Осы санаттағы нұсқаулар 1920 - шы жылдары қазақ руханиятына бағытталған күрес шараларына қарағанда 30-шы жылдардың ортасына таман тіпті шектен шығып, жаппай қуғындау науқандарына ұласады. Бірақ қанша

қуғындаса да, халық ортасынан қасиетімен танылған адамдар кеңес өкіметі кезінде де шықты. Біз қарастырып отырған өңірде қасиеті бойына дарыған адамдар Кеңес өкіметі кезінде көп болды. Олар негізінен халық тарапынан өзі ішінде қасиетті, әулие деп танылған адамдар еді. Олардың қасиеті – бірі сынықшы, яғни аяқ қолы сынған адамдарды емдейтін, сынған сүйекті сылап отырып орнына келтіріп, орнынан қозғалған сүйектің дұрыс бітіп, жазылуына халық емі негізінде көмек бере алатын болған. Мысалы, гипстеуден қашатын ем алушылар халық ортасында танылған сынықшы емшілірге қаралатын болған. Ертис өңірінде сынықшы ретінде аты кең таралған тұлғалардың бірі Мерғалым сынықшы еді. Сондай-ақ, басқа да ем жасаушы тұлғалардың қатарында Қайса бақсының есімі аталады. Тылсым күш иесі ретінде Қайса бақсыға сәлем бермей өтпекші болған жолаушылардың көліктері себепсіз өшіп қалуы, көтермесі бар ауруға шалдыққандардың Қайса бақсы алдына апарғанда бірден тыйлуы, ит болып (рахит) ауырған немесе тіл, көз тиген балаларды апарып ем жасатқаны туралы естелік айтып отыру осы күнде де бар, куәләр де көп.

Бұл кезең кеңес мұсылмандарының рухани элитасы толығымен жойылған уақыт аралығы болды. Соның ішінде елдегі қожалар тобы мен олардың ұрпақтары жаппай қудалау саясатына ұшыраған. Қожа ұрпақтарына рухани ұстаздық ету қызметтері түгілі, әлеуметтік жұмыстармен шұғылдануға тыйым салынған. Егер билік өкілдері шыққан тегін біліп жатқан жағдайда, заңсыз қамау мен тергеуге алып, ГУЛАГ (Еңбекпен түзеу лагерьлері мен жер аударылғандар қоныстарының қамау орындарының Бас басқармасы) лагерлер жүйесіне айдауға жіберетін. Сондықтан қожалар ұрпақтары өздерінің шығу тегін жасыруға амалсыз мәжбүр болған. Мысалы, Ақкөл-Жайылма өңірінің қасиетті тарихи тұлғасы Исабек ишан хазіреттің ұрпағы Жандарбек қожа өзінің ата-бабалары секілді қасиеттілігіне қарамастан қарапайым өмір сүрген. Жандарбек қожа есімі Ертис-Баянауыл өңіріне халық арасында танымал еді. Себебі, қасиетті ишанның шөбересі Жандарбек қожаның бойына аталарынан маңызды қасиет дарыған болатын. Дегенмен Кеңес кезінде бойдағы қасиетті көрсету оңайға соқпаған. Сондықтан Жандарбек Қожахметұлы шыққан тегін жасыруға мәжбүр болып, 1934 жылы Ақкөлден Жамбыл облысындағы Қаракемер ауылында қара жұмысқа аттанған. Ұлы Отан соғысы басталған уақытта 219 атқыштар полкі қатарында өз еркімен майданға қатысып, ел қорғады. Соғыстан кейінгі уақытта елге оралған Жандарбек қожаны ауылдастары ислам дінінің ақ жолын уағыздауға қарай бағыттайды. Сол кезден бастап Жандарбек қожаның қасиеті туралы жалпақ жұртқа ақиқат белгілі бола бастаған.

Белгілі ақын, драматург Қалижан Бекқожиннің ағасы Қайыржан Бекқожин жайында 1937 жылға қатысты мұрағат материалдарында келесідей жазба кездеседі: «Павлодар қаласы, Володарский 58 үйде азамат Бекқожин Қайыржанның әлеуметтік статусы – дін уағыздаушы (молда) ұлы болып табылады» – деп көрсетілген [1, 66 б.]

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден дәстүрлі діни ұстанымдар кеңес өкіметінің тыйымдарына қарамастан отбасы қатынастарында тұрақты ұсталғаның бақылауға болады. Отбасының үлкендері бес уақыт намаз оқып, отбасының кіші өкілдеріне үлгі-өнеге бола білген. Бұл ретте Қызылорда облысынан Т.Елемесовтың пікірін келтіруге болады: «Кеңес мектептерін бітіріп, жоғарғы білім алғандардың арасынан құдайға сыйынатындарды жолықтыруға болады. Олардың көбісі айтады: «Бізде ақсақалдар бар, біз олардың еркіне мойынұсынамыз», – деген.

Қарастырылып отырған уақыт аралығында дін – халықтың апиыны аталғанымен, ұлттық және діни мерекелік іс шаралар табиғатта, мазарлар аумағында, шағын аулаларда жүзеге асырылып отырған. Бес уақыт намаз жасырын оқылып, қасиетті Құран кітабын ел-жұртқа көрсетілмей тығылып оқылған. Мәселен Павлодар облысы, Ертис ауданына қарасты ел арасына қасиетімен белгілі болған Таймас әулиенің кесенесін тұрғызу барысында, құрылысшылар жер астынан Құран кітабын тапқан. Жергілікті имамның айтуынша, Кеңес заманы кезінде әулиенің басына тағзым жасап барғандар Құран кітабын жер астына көміп, сақтаған болуы керек деп болжам жасады. Сондай-ақ, кейбір елді-мекендерде Құрбан айт пен Ораза айтқа ондаған адамдар жиналып қатысып отырған. Қоғамда көнеден ұстанып келе

жатқан әдет-ғұрыптар кең таралған. Соның ішінде бесік құда, қарсы құда, сүйек жаңғырту секілді рәсімдер қолданыста болған. Аптап ыстық күндері ел арасында жаңбырды шақыру үшін тасаттық рәсімдері де жүргізілетін. Бұл әдет-ғұрыптарды Кеңес үкіметінің басшылары мұсылмандық ғұрыптардың сарқыншақтары деп түсініп, баспасөз беттерінде кең көлемде сынға алып отыратын.

Қорытынды. Жалпы, келтірілген мәліметтер Кеңес билігінің қоғамды атеистік бағытта діни сенімдерінен айыруға талпынғанымен қазақ халқының күнделікті өмірінен діни-ғұрыптық дәстүрлерді толығымен жоққа шығара алмады деген қорытынды жасауға болады. Бұл бағыттағы тенденцияны Ертіс өңірінің киелі орындарының мысалдарында бақылай аламыз. Ислам мен исламға дейінгі дәстүрлер отбасылық қарым-қатынаста, қоғамның белгілі бір бөліктерінде өзектілігін жоғалтпай сақталынып қала алды. Табиғи киелі нысандар мен әулиелер мен батыр бабалары жатқан жерлері қазақтардың маңызды орны ретінде қала берді.

КСРО-ның ыдырауынан кейін Қазақстанда тарихи-мәдени, рухани құндылықтарға деген қызығушылық арта түсті. Сол себепті киелі жерлерге деген құрмет қайта жанданып, ұмыт болған ұлттық жадыны қайта қалпына келтіру бойынша ізденушілік жұмыстар атқырала бастады. Әулиелердің басына кесенелер салынып, қираған мешіттер бой түзеуге көшті. Есімдері ескерілмей келген ишан, хазірет, діни ұстаздардың тарихи өмірбаяны объективті зерттеле бастап, негізсіз жалған жалалардан ақталды. Қазақ рухани мәдениетінің негіздері жаңғыртылып, көптеген ұлттық, діни дәстүрлер қоғамдық өмірдегі өз орнын қайта таба білді.

Пайдаланылған деректемелер

1. Болтина В.Д., Шевелева Л.В. Из истории ислама в Павлодарском Прииртышье 1919-1999. Сборник документов. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2001. – 492 с.
2. ҚР ОММ Қ.789. Т.1. Іс 29.
3. Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (XIX-XX) (Историко-этнографическое исследование) / дисс. на соиск. уч. ст. докт.ист.наук. – Алматы, 2006. – 310 с.
4. Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова / А.К. Муминов, при участии А.Ш. Нурмановой и С. Саттарова. Сост. указ. У.А. Утепбергеновой; Под ред. С.Н. Абашина. – Алматы: Жібек жолы, 2011. – 304 с.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / құрастырушылар: С.Е. Нұрматов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.
6. Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары. – Астана: Фолиант, 2017. – 504 б.
7. ҚР ОММ Қ.81. Т.4. Іс 3.
8. ҚР ОММ Қ.81. Т.4. Іс 3. 277-284 пп.
9. Артықбаев Ж.О., Дауенов Е.Н. Ақкөл-Жайылма өңірінің қожалары: тарихы мен қазіргі жағдайы // <http://kozhal.ar.kz/20163445-aqkol-zhajylma-ongirining-qozhalary-tarihy-men-qazirgi-zhaghdaju>. - қаралған күні: 14.04.2020.

SOVIET POLICY REGARDING FOR RELIGIONS AND RELIGIOUS PLACES IN IRTYSH AREA (the first half of the XX-th Century)

Alpysbes Makhsat¹, Rakhimov Madi²

¹ Lev Gumiliyov Eurasian National University, Dr. Prof., Nur-Sultan, Qazaqstan

² Lev Gumiliyov Eurasian National University, the doctoral student, Nur-Sultan, Qazaqstan

Abstract. The proposed article is devoted to the policy of the Soviet government, aimed at the religious and sacred places of Irtys. Using the well-known Marxian expression “religion is opium

for the people”, the power of the Soviets adopted it in order to fundamentally destroy the religious consciousness, the traditional belief system of the Kazakh people, and conducted an ideological policy against the established religious outlook of the people. Advocating the principles of building an atheist society, places of worship and religious cults were closed, venerated sacred objects of Irtysh, were destroyed on the sites of mosques and madrassas, and spiritual values fell under analysis. As a result of political persecution and ideological companies, persecution of religious ministers, their persecution and persecution was organized, and people's customs and national traditions began to be forgotten in the minds of the people. Therefore, during the political processes, in order to preserve the ethnic identity and national identity of the Kazakh people, they were emasculated, in the context of the proclaimed ideological orientation towards the construction of a single “Soviet nation”. The article comprehensively analyzes the historical and cultural role of the sacred objects of Irtysh.

Keywords: the history, the sacred, the politics, the ishan, the Irtysh, the Rukhani Zhangyru

References

1. Boltina V.D., Sheveleva L.V. (2001). Iz istori islama v Pavlodarscom Priirtyshye 1919-1999. Sbornik dokumentov. [From the history of Islam in Pavlodar Priirtysh. 1919-1999. Collection of documents]. – Pavlodar: TOO NPV «ECO», 492 p.
2. Centralny gosudarstvennyy arhiv Almaty Respubliki Kazakhstan. [Central Archive of Almaty of the Republic of Kazakhstan]. K.789. T.1. Is 29.
3. Mustafina R.M. (2006). Bytovoï islam u kazakhov (XIX-XX) (Istoriko-etnographicheskoe issledovanie) / diss. na soisk. uch. st. doct. ist. nauk. [Domestic Islam among Kasakhs (XIX-XX) (Historical and Ethnographic Research)]. – Almaty, 310 p.
4. Muminov A.K. (2011). Rodoslovnoe drevo Mukhtara Auesova.[Family tree of Mukhtar Auezov]. – Almaty: Jibek joly, 304 p.
5. Mashkhur Jusup Kopeev (2013). – Almaty: Filosovija, Sayasattanu, dintanu institute, 359 p.
6. Sakralnye obekty Kazakhstana obenatsionalnogo znachenija. [Sacred objects of Kazakhstan of national importance].Astana, 496 p.
7. Centralny gosudarstvennyy arhiv Almaty Respubliki Kazakhstan. [Central Archive of Almaty of the Republic of Kazakhstan]. K.81. T.4. Is 3.
8. Centralny gosudarstvennyy arhiv Almaty Respubliki Kazakhstan. [Central Archive of Almaty of the Republic of Kazakhstan]. K.81. T.4. Is 3. 277-284 pp.
9. Artykbaev J.O., Dauenov E.N. Akkol-Jailma onirinini kojalary: tarihy men Jagdayi [Koja of Akkol-Zhayylma region: history and situation] // <http://kozhalary.kz/20163445-aqkol-zhajylma-ongirining-qozhalary-tarihy-men-qazirgi-zhaghdayi>. 14.04.2020.

ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИИ И РЕЛИГИОЗНЫХ МЕСТ ПРИИРТЫШЬЯ (первая половине XX века)

Алпысбес М.А.¹, Рахимов М.И.²

Абстракт. Предложенная статья посвящена политике Советской власти, направленной по отношению религиозных и сакральных мест Прииртышья. Используя известное марксовское выражение «религия - опиум для народа», власть Советов взяла его на вооружение чтобы в корне уничтожить религиозное сознание, традиционную систему верования казахского народа, и вела идеологическую политику против устоявшегося религиозного воззрения народа. Пропагандируя принципы строительства атеистического общества, были закрыты места поклонения и религиозных культов, почитаемые сакральные объекты Прииртышья, были разрушены на местах мечети и медресе, подпали под разбор

духовные ценности. В результате политических преследований и идеологических компаний было устроена травля религиозных служителей, их гонения и преследования, а в сознание народа стали забываться народны обычаи и национальные традиции. Поэтому во время политических процессов для того, чтобы сохранить этническое идентичность и национальное самосознание казахского народа, происходила их выхолащивание, в условиях провозглашенной идеологической установки на строительство единой «советской нации». В статье всесторонне анализируется историко-культурная роль сакральных объектов Прииртышья.

Ключевые слова: история, сакральный, политика, святой, ишан, мечеть, Иртыш, Рухани Жаңғыру

УДК 93/94

МЕНТАЛИТЕТ КАЗАХСТАНСКОЙ УРБАНИЗАЦИИ И ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ

Алпысбес Махсат¹, Тукпатуллин Тимур²

¹ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, доктор исторических наук, профессор кафедры истории Казахстана

² Костанайский государственный университет имени Ахмета Байтурсынова, Костанай, Казахстан, докторант первого года обучения по образовательной программе «История»

Аннотация: Данная статья посвящена изучению общих вопросов истории и процесса урбанизации в Казахстане в советский и постсоветский период, его этнодемографических показателей, и влияние этих процессов на менталитет народа, отдельные характеристики этнической ментальности казахов, и современных процессов трансформации национальной и культурной идентичности, связанных с возвратом традиционных культурных ценностей. В период прошлой советской действительности, например, наш социум был более-менее интегрирован вокруг идеи строительства социализма, но этнические процессы продолжали свой ход, по большей части, в фоновом режиме. После распада СССР и провозглашения национальной независимости союзными республиками, в новых странах постсоветского пространства произошли большие подвижки, и в значительной мере они были связаны с миграцией русского и русскоязычного населения из стран бывшего Союза. Происходили большие изменения в связи с экономической реструктуризацией и в сфере процессов современной урбанизации, и, в конечном итоге, они связаны с вопросами трансформации общественного сознания и, в определенной мере, этнической ментальностью в жизни.

Ключевые слова: урбанизация, казахи, ментальность, этничность, идентичность

Мухамеджан Зейнелхан нашел свою тему и технику в долгом, заслуживающем большого уважения, труде. В итоге виртуозное владение старинной казахской техникой вышивкой крючком позволяет мастеру эстетически свободно создавать мир своих всегда узнаваемых и потому расшифрованных символов. В них гармонично соединяются тонкая колористическая гамма, большое и тонкое чувство любви к родной культуре, духи природы, шаманский мистицизм, алтайская прародина, аналогии с тюркскими рунами, наскальными «солнцеликими» («Знаки степей», «Тенгри», «Хан-Тенгри», «Композиция», «Алтай», «Маска шамана»). Художественная манера Зейнелхана абсолютно оригинальна, символы всё вплетено в узоры нитей, всё связано буквально и метафорически, всё в самодостаточном мире степных символов упорядочено, не конфликтно, осмысленно. Ассоциации с казахской культурой (и современной политической культурой) бесспорны и узнаваемы зрителем.

Образ второй. Синтез культурных универсалий

Его сформировал Сержан Баширов. Художник, много и выигранно работавший в ювелирном искусстве, имевший коммерческий и творческий успех, вдруг находит совершенно иную пластическую форму для визуализации своего миропонимания. В древних знаках родной культуры «свернулись» смыслы вечных культурных универсалий (Солнце, Луна, Земля, Человек, Жизнь, Смерть и т.п.). Пластические аналогии Сержана находят выход в разных композитных техниках и материалах: латунь, серебро, бронза, дерево, минералы, кожа; гравировка, зернь, скань, чеканка и т.п. («Три знака», «Керулен 2», «Құрак», «Солнце, звезды, Луна», «Лодка»). Очень индивидуальная, «башировская» образная система, неповторимый и сложный в своей уникальной простоте авторский стиль является одной из лучших метаморфоз казахского символизма. Со всей очевидностью это пример того, философская составляющая Идеи мировоззрения самого художника воплотилась в Образ с помощью новой пластической формы.

Образ третий как исповедь Sektai

Он – «alter ego» Сембигали Смагулова. И потому художник спокойно и достойно представил в экспозиции работы, созданные почти за четверть века своего союза с символизмом. Первые пробы кисти художника в символизме датируются серединой 90-х гг. как плотная масса энергии цвета, наложенная на многослойность линий. Так у тогда молодого автора возникала система знаковости в живописных, не заказных работах. А ведь многие скульптурные заказы от государства Сембигали признаны успешными и соответственно оценены в наградах и премиях. Затем, по мере своего становления «его» и творческого кредо, усложняется и конфликтует мир вокруг и в самом художнике. Наряду с архетипичной графикой символов (*стороны света, мужчины/женщины, верх/низ, лунарные/солярные* и т.п.) художник конструирует свою собственную знаковость с понятным ему смыслом. Затем активно интегрирует ее в символическое пространство своих картин, демиургом которого является сам Sektai, что совпадает с мнением А. Эггума относительно Эдварда Мунка: «Художник создал целый набор изобразительных знаков и символов, которые он использует для внушения сильных и зачастую, многосложных чувств» [4, с.127]. Сембигали, бесспорно, является одним из лучших художников современного Казахстана, программно существующих в пространстве символизма.

Образ четвертый как социальный экфрасис

Оразбек Есенбаев привнес в символизм не свойственный стилю опыт социальной темы, причем конфликтно заостренной («КСК», «Рокировка», «МЧС», «Доступное жилье»). Еще один нестандартный ход этого художника – концепт, «обернутый» в анималистическую образную систему (насекомые, птицы, звери) для создания визуальных аналогий исходной авторской Идеи. Интегрированные в живописное пространство картины многочисленные типизированные представители фауны обладают смыслами бинарной оппозиции схожести/непохожести. Главное – они становятся символами реальной социальной жизни с её бесконечной человеческой ложью в череде похожих дней; как улитки, ползущие по дороге в никуда; мышью возней людей-грызунов; откатах в мире людей и зверей; ходами слонов на

шахматном поле карьеры и т.п. Символистский мир Оразбека Есенбаева, лишенный статичности и оптимизма, воплощается в самых разнообразных трансфигурациях. Это идея социального конфликта, увы, не символического, перенесенного в мир зверей, но тем более заостренно ассоциированным с миром людей. Смешно в баснях дедушки Крылов, а vis-à-vis творчество – жизнь горько: конфликт в обществе и с обществом вечен под луной ...

Образ пятый, супрематический

Садыр Карибаев – непростой художник с непростым художественным мышлением и сложным внутренним посылом к творчеству. Его вариации на тему символизма звучат в супрематической тональности как комбинации цветных плоскостей в разновеликих геометризованных фигурах («Амазонка», «Супрематика 18», «Супрематика 16», «Портрет», «Кентавр», «Пластиграф 9»). Автор представил девять избранных работ, созданных в период 1995-2019 гг. В их числе те, которые С. Карибаев через время (порой, немалое), дописывал, либо накладывал поверх изобразительного поля новые фрагменты (в твердом материале и другом цвете). Произведение становилось процессом, длящимся во времени и пространстве с параллельным рождением/перерождением символа. Такая процессуальность усложняет глубину погружения в символические миры художника... От зрителя требуется повышенная восприимчивость и воображение, дополненные основательным знанием стилиевой истории XX века. И еще способность признавать за художником право на культурную самоидентификацию, пусть даже малопонятную. А художник должен делегировать зрителям право на самые разные вариации понимания/толкования.

При всей вариативной разности творчества художников, представленных на выставке «Многоликий символизм», можно вычленить общий знаменатель, суть стилистики казахского символизма:

1. Как правило, художники, идущие стезей символизма, одержимы стремлением передать не буквальный образ, а тайну архетипа, зов далекого мифа, глубину своего постижения сакральных смыслов, силу личного переживания, впечатления и т.п.

2. Предпочтение (за редким исключением) бессюжетным композициям, как следствие – осознанное усиление значимости пространства, организованного особым образом, наполненного (а, порой, переполненного) внутренними смыслами. Символистское пространство большинства работ художников всегда изолированное, замкнутое в себе, сложно разработанное, стремящееся изобразить неизобразяемое.

3. Активная смысловая форсированность, высокий тонус эмоционального напряжения, высокий интеллектуальный контроль со стороны художника.

4. Фигуративное сопровождение в символизме не имеет случайностей, как и каждая линия, штрих, пятно, точка, абрис и т.п. Все вместе они образует новое смысловое пространство, поскольку каждый элемент, обладая самодостаточным значением, будучи частью пространственной конфигурации, обретает новые, более глубокие смыслы. Такая возможность продуцирует, в свою очередь, новый срез восприятия, и с необходимостью рождает новую систему зашифрованных иносказаний. Семантическая нагруженность, таким образом, любой работы художника-символиста возникает / не возникает исключительно в интеллектуальном пространстве зрителя.

5. Символистская образность выстраивается как принцип параллельно развивающихся мотивов, рождая ассоциативные связи у зрителей, далеко не всегда вложенные художником. В результате и фон, и каждый элемент композиции, и пространство в целом, наделяются собственной изобразительной драматургией в полифонической структуре концептуально-образного и эмоционального строя символистского произведения.

6. Художник-символист предпочитает сконцентрироваться только на том концепте, который, по его мнению, способен к преобразению, условно говоря – к играм разума с многими смысловыми и эмоциональными ассоциациями (ведь «мир – мое представление»). С этой целью используются различные приемы: резкие ракурсы, растяжение/сжатие планов, цветовые диссонансы, подчеркнутая контурность, плоскость

картины как возможность свернуться/развернуться в любую сторону, совмещение в границах одной композиции графичности знака, живописности, эпатажного намека и т. д.

7. Колорит в произведениях символистов не сводится к предметным характеристикам, а выстраивается в ритмически организованную систему декоративного свойства при отрицании главенствующей роли света в формировании цветовой системы. Более того, художник-символист каждый раз в новой работе не просто выстраивает колористическую систему произведения, он ее нарочито трансформирует, абсолютно не стремясь закрепить в индивидуальных предпочтениях.

Все вместе взятое означает, что стилистические дороги символизма бесконечны. Мировоззренческие миры художников, усложненные их смысловыми и интеллектуальными силовыми полями, визуализированные в художественном материале, конструируют поистине бесконечную вселенную. И в казахском варианте символизма имеется ресурс еще многих не открытых/не найденных смыслов.

Метаморфозы символистской концептуальности прочно вплетены в современный казахстанский художественный процесс. Вместе с тем, существует соблазн поверхностной, упрощенной символики у тех художников, кто не пережил/прожил экзистенциальные пороги как катастрофу своего личностного микрокосма и потому не осмыслил ее посредством выхода на уровень философского макрокосма. А ведь эта ситуация имеет место в разных национальных школах, например, «современный северянин с одной стороны, утрачивает свой этнический символизм и, одновременно, не может выйти на контакт, сопрячься с универсальными метафизическими символами. Все может утонуть в море прозаичных мифологизированных псевдосимволов и знаков. Это актуальная проблема для евразийских этносов» [5, с.13].

Символизм в современном исполнении должен, как во все времена, начиная с античной эстетики, осмысливаться диалектически, в процессе поиска тождества Идеи и Образа и преодоления дихотомии мира идей и материального мира. Так и только так в казахском символизме отыщется Истина. Ее опознают через время, сейчас мы только немного к ней приблизились, возможно, только так думаем.

Список использованных источников

1. Шопенгауэр А. Мир как воля и представление. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. М., 1992. 830 с.
2. Кузнецова О. Н. Проблема понимания смыслов в искусстве символизма. Вестник ЮУрГУ. Серия «Социально-гуманитарные науки», 2019, т. 19, № 4. С. 66–70.
3. Иванов Вяч. Мысли о символизме // Иванов Вяч. Родное и вселенское. М.: Республика, 1994. С. 211–213.
4. Цит. по: Максак М. Ф. Феномен живописного символизма Эдварда Мунка. Дом Бурганова. Пространство культуры. 2009. №2. С. 119-131.
5. Пудов А. Г. Эстетика этнического и метафизического символизма в современном якутском искусстве. Академический вестник Якутской государственной сельскохозяйственной академии. 2020. № 1 (6). С. 13-18.

УДК 433

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕЛІК САУДАНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Абдрахманова А.Д., Батталов К.К.

Евразийский Национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан, Казахстан

Абстракт. Мақалада XIX ғ. екінші жартысындағы Ақмола облысының өмірінде жәрмеңкелердің орны мен рөлі талданған. Жәрмеңке Қазақстанның экономикалық дамуының инфрақұрылымның бір саласы ретінде қарастырылады. Констнатинов, Петров және Тайыншакөл кілтті сауда орындарының қызметі мен жәрмеңкелердің өту барысы, сауда жүргізу процесі сипатталған. Сауда орындарының шекара бойында және далалы аймақтың ішкі өңірлерінде қалыптасқан. Жәрмеңкелік сауданың дамуымен қатар Ресейдің ішкі өңірлерінен, Орта Азия аймақтарынан келген көпестердің Қазақстан нарығына қызығушылығы арта түсті. Қазақстанның нарығы басым түрде мал мен мал шаруашылығының шикізат өнімдерін өткізетін орталығы ретінде талданған.

Ключевые слова: жәрмеңке, сауда, көпес, тауар айналымы, шикізат.

Егер XVIII ғасырда қазақтармен еркін сауда-саттық ісі негізінен шекара шебіне таяу бекіністерде жүргізіліп келген болса, енді XIX ғасырда оның сипаты мүлде өзгерді. Патша әкімшілігінің отарлау үрдісі Қазақстанда шекара бойындағы әскери бекіністерді салудан басталып, әрі қарай әкімшілік реформалардың жүргізілуі мен қоныстандыруды іске асыру арқылы күшейе түсті. Сауда орталықтары бірте-бірте Қазақстанның ішкі аудандарына қарай ойысты. Олар округ орталықтарына, қоныс аударушы шаруалардың елді мекендеріне және жаңа қалаларға қарай жақындай түсті.

Бұрын сауда орталықтары Орынбор, Троцк, Петропавл, Пресногорьков, Омбы, Семей мен Орал бекініс қамалдары болса, XIX ғ. бірінші жартысынан көпестер мен саудагерлердің жиналған жәрмеңкелері орталық өңірлерден орын ала бастады. XIX ғ. екінші жартысындағы неғұрлым ірі сауда орталықтары Ақмола, Павлодар, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау, Қазалы және Жаркент қалалары болды. Аталған аймақтардың арасында Ақмола өңірі экономикалық тұрғыдан маңыздылығы жоғары аймаққа айналды.

Ақмола облысындағы сауда ісі үш түрде жүзеге асырылады: тұрақты сауда – қалалар мен кейбір ірі елдісекендерде (сауда орындарында), айырбас – қазақтармен (алып жүретін сауда мен тарату саудасы) және мезгілді – жәрмеңкелік сауда. Облыстағы тұрақты сауда нүктелері Петропавл, Омбы мен Ақмола қалаларында орналасты. Бұл орындар еуропалық және азиялық тауарларды сақтау қоймасы және жергілікті отырықшы мен көшпелі халықты тауармен қамтамасыз ету бөлімшелері болып табылады. Басқа отырықшы аймақтарда ұсақ сауда кәсібі сауда дүңгіршектерінде немесе мерзімді жәрмеңкелерде өткізілді [7].

Облыстағы сауда ісі Сібірдің жәрмеңкелерінде шоғырланған. Бұл өңірде жәрмеңкелердің даму ісі жол қатынастарының жеткіліксіз болуы мен халықтың басым бөлігінің көшпелі өмір салтты ұстануымен қиындата түседі. Сауда көбінесе айырбас түрінде сақталған [2]. Басқа да далалық аймақтарда сияқты Ақмола облысында халықтың құрамы мен аймақтың экономикалық жағдайына орай (көшпелі халықтың басымдығы және мал шаруашылығының қарқынды, ал өндіруші шаруашылықтың баяу дамуы) жәрмеңкелік сауда маңызды рөл атқарды. Дала халқында мал өнімдерінің мол болуы және көшпелілерге зауыт пен мануфактуралардың дайын өнімдерінің кіргізілуі – бұл ақшалай қатынастың орнына айырбастың қалыптасуына жағдай туғызады [7].

Қырғыз даласында өндірілетін тауарлар мол болғанына қарамастан, олар алуан түрлілігімен ерекшеленбеді, себебі, тек мал мен мал шаруашылығының шикізат өнімдері басым түрде өнідірілді. Сонықтан да дала тұрғындары қажет еткен тауарлардың үлкен көлемі басқа аймақтардан әкелінеді. Дала нарығының жұмыс жасау механизмі дала мен Ресейдің алыс өндірістің орталықтары арасындағы делдалдық ісін құрайды. Айырбас саудасы алғашқы ортаазиялық даласымен сауданың негізі болып қалыптасқан. Бұндай сауданың делдалдық етушілер Сібір татарлары болған. Орыс көпестері бастапқыда тілді меңгермеуінің салдарынан бұндай саудаға кіріспеді. Кейін Ертіс пен Горький шептерінің ашылуымен казактар далалы жерлерге терең ене бастады және айырбас негізінде казактармен сауда байланысын орнатты. Қазақтар өз малдарын төмен бағамен өткізіп отырды, ал орыс тауары үшін (маталар, ағаш, фарфор мен шойын өнімдері) үш есе жоғары құн төлеген, айырбас сауда казактарды, кейін орыстар кәсіпкерлерін де байыта түсті. Алайда, кейін қазақтардың сауда ісін жүргізуі бойынша тәжірибесі мен білімі кеңейі мен дала өнімдеріне сұраныстың артуына байланысты көшпелілердің тауарына құн өсе түсті, ал орыс тауарларына баға керісінше төмендеді. Бұндай тенденцияның орын алуының тағы бір себебі далалы аймақтарға жан-жақтан ағылып келген және қазақ саудагерлер мен көпестердің көлемі жылдан жылға көбейе берді. Оның үстіне қазақтардың арасында «алыпсатарлардың» (сатып алушылар, алып сатушылар) кең таралуы айырбас сауда ісіне нұқсан келтірді [8].

Қазақтарда сауда ісін «сатып қой» деп атаған, яғни қойды сату немесе айырбастауды білдірген. Бұл қойды бірнеше жылға несиеге береді және тауар үшін ақша емес қой немесе басқа бір тауарды алатын [3]. Облыстағы сауда кәсібі жергілікті тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырды. Сонымен қатар, алыс өндірушілер мен тұтынушылардың шикізат қоры қажеттілігін де өтеу отырып, Ақмола өңірінің және бүкіл мемлекеттің экономикалық күш қуатын арттырды.

1893 жылға таман облыста 42 басты жәрмеңке қызмет етті: Ақмола уезінде Константинов, Атбасарда – Петров, Петропавл уезінде – Тайыншакөл [2]. Сауда айналымы 10 млн рубльден асады, оның ішінде әкелінген тауарлар бойынша 6 миллионнан асса, өткізілгені бойынша 4 миллионды құрайды [7].

Жәрмеңкелік саудада айырбасталған тауарларды негізгі 5 нысанға бөліп қарастыруға болады: 1) мал 2) мал өнімдері (май, тері, киіз) 3) өмірге қажетті өнімдер мен шаруашылық өнімі 4) Түркістан өлкесінен әкелінген азиялық тауарлар (киім-кешек, жібек маталары, кептірілген азық-түлік) 5) еуропалық тауарлар (шыны және фарфор ыдыстары, қағаз, шұға мен жүн, темірден жасалған тауарлар және т.б.) [2]. Аталған тауарлардың арасынан мал өнімдері ерекше қызығушылық тудыртты. Мәселен, төменде берілген кестеде 1883-1892 жылдар аралығында 10 жыл барысында әкелінген мал өнімдерінің көлемі 1257988 рубльден (1886 ж.) 2137368 рубльге (1892 ж.) дейін және де өткізілген көлемі жағынан – 977001 рубльден (1891 ж.) 1628658 рубльге (1892 ж.) дейін өзгеріп отырды [2]. Мал өнімінің басым түрде айырбасқа айналуы түсінікті болып табылады. Себебі, көшпелі қазақ халқының басты өндірген өнімі де болған мал еді.

1-кесте Қазақстан жәрмеңкелерінде тауар айналымы

Жылдар	Әкелген мөлшер	Өткізілген	Жылдар	Әкелген мөлшер	Өткізілген
	Рубль			Рубль	
1883	1372797	1190803	1888	1442629	1247131
1884	1688916	1571800	1889	1936359	1441770
1885	1505603	1444708	1890	1525129	1164632
1886	1257988	1136274	1891	1434687	977001
1887	1425090	1268555	1892	2137368	1628658

Мал өнімдерімен қатар басқа да тауар түрлері өткізілді. Мысалы, аталған он жылдың ішінде крестьяндардың кіргізген өнімдері мен азық-түлігі 50229 рубльден (1885 ж.) 455568 рубльге дейін (1892 ж.) облысқа әкелінді, ал оның 43247 рубльден (1887 ж.) 146690 рубльге (1881 ж.) дейін сатылды. Демек, мал өнімдеріне қарағанда Ақмола жәрмеңкелерінде крестьяндар әкелген өнімдер көшпелі халықтың арасында екінші орында тұрған тауарлары болған [2]. Жәрмеңкеде өткізілетін тауар айналымының жалпы мөлшері жағынан мал өнімдері 70%-дан аса құрайды, ал еуропалық тауарлар – 20%-дан аса [7].

Облыстағы жәрмеңкелерде өткізілетін тауар түрі мен сипатына, айналымның көлемі мен сауда жүргізу ықпалының аймағына байланысты жәрмеңкелер жазғы және күзгі болатын. Жазғы жәрмеңкелердің арасынан ең танымалы Ақмола қаласындағы – Константинов, Атбасардағы – Петров, Петропавл уезіндегі – Тайыншакөл. Бұл Сібір мен Түркістан өлкесінің саудагерлерін жинайтын жәрмеңкелер болып табылады. 1894 жылғы сауда айналымы жалпы көлемде әкелген тауар мөлшері бойынша шамамен 72%-ды және сатылуы бойынша 85%-ды құрайды. Бұл жәрмеңкелік сауданың басым түрде дамығанын және облыстың экономикалық дамуында кілтті рөл атқарғанын аңғартады.

Аталған жәрмеңкелер тек өзара бір-бірімен ғана байланысты емес, сонымен бірге, Қарқаралы уезінде орналасқан Ботов немесе Қоянды жәрмеңкесімен де байланыс орнатылған. Қоянды мен Константинов жәрмеңкелерінің арасындағы қатынас жақын орналасқан Ақмола мен Қарқаралы уезінің, алыс орналасқан Жетісу облысының да мал өнімдерінің шоғырлануына және әрі қарай Тайыншакөл жәрмеңкесіне тасымалдануына ықпалын тигізеді.

Күзгі жәрмеңкелер казак шептерінің шекарасында орналасқан. Бұндай жәрмеңкелер көшпелі қазақтар қыстауға көшу барысында өздерінің артық мал мен шикізат өнімдерін азық-түлік, киім-кешек, үй шаруашылығының заттарына айырбастауға мүмкіндік беретін. Бұндай жәрмеңкелердің 12-і маңызды болған: Атбасардағы – Знаменская (27 қараша – 6 желтоқсан), Көкшетауда – Покровская (14 қыркүйек – 1 қазан), Зерендідегі – Казанская (17-24 қазан), Арықбалықта – Александро-Невская (10-24 қараша), Екатеринбургская ауылында – Иоанно-Богословская (20-26 қыркүйек), Новорыбинск ауылында – Рождественско-Богородицкая (1-8 қыркүйек), Пресногорьковск ауылында – Михайловская (1-7 желтоқсан), Николаевск станциясында – Хрестоводвиженская (14 қыркүйек-25 желтоқсан), Чарлаковск ауылында – Иоановская (10-18 қараша) және Омбы қаласындағы Введенская (21-30 қараша). Аталған жәрмеңкелердің тауар айналымы 200 мың рубльден 600 мыңға дейін қамтиды [4, 53-54]. 1881 ж. жазғы жәрмеңкелердегі тауар айналымы 84,3% құраса, шеп бойындағы сауда орындарында 42% ғана құраған [6].

Ақмола қаласындағы Константинов жәрмеңкесі – Ақмола облысының оңтүстігінде орналасқан шеткі жәрмеңкелердің бірі, себебі, бұл жерде солтүстік-батысқа қарай бағытталатын Петропавл-Ақмола пошта байланысы тоқтайтын және осы аймақтан оңтүстіктегі Түркістан өлкесіне қарай Ақмола-Түркістан бағытымен керуен саудагерлері өтетін жол басталады.

Өзінің орналасуына қарай Ақмола орыс және азиялық нарығы болып табылады: Ақмоланың түкіпіренен және шекаралас Қарқаралыдан, алыс Жетісу уездерінен қазақтар осы аймаққа малдарын айдап әкеледі; Түркістан өлкесінің оңтүстігінен (Ташкент, Бұқара) мұнда азиялық тауарлар бар саудагерлер, ал солтүстік-батыстан (Петропавл, Есіл, Курган, Троицк, Челябинск, Орынбор мен Самара аймақтарынан) көпестер өз тауарларын өткізуге және мал мен мал өнімдерін сатып алуға келеді [4].

Ақмола жәрмеңкесі дала қазақтары үшін, әсіресе алыс уезд пен болыс тұрғындары үшін маңызды рөл ойнады. Барлық уездердің сауда ісі Ақмола қаласында жүзеге асырылатын. Қала мен бірқатар болыстардың арасындағы үлкен ара қашықтықтың болуы тұрақты байланыстың тек жаз мезгілінің бірінші жартысында ғана сауда орындарына жиналуына мүмкіндік беретін. Жәрмеңкенің ресми мерзімі 21-ші мамырдан бастап 10-шы маусымға дейін созылатын, алайда, шын мәнінде 10-шы маусымнан 1-4 шілдеге дейін жалғасатын. Бұл уақытта Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесі аяқталып барлық саудагерлер Ақмолаға жиылатын [7].

Константинов жәрмеңкесінің жалпы айналымы 1894 жылы 3,933,24 рубдльды құрады, оның әкелінген тауары бойынша 2 085 750 рубльды және өткізілгені – 1 847 574 рубль. Оның 90%-ын мал өнімдері құрайды.

2-кесте Константинов жәрмеңкесіндегі тауар айналымы

	Әкелінген тауар көлемі			Сатылған тауар көлемі		
	1894 ж.	1893 ж.	айырмасы	1894 ж.	1893 ж.	айырмасы
Мал	859.906 84	877.997	-18 000	859.90684	877.997	-18090 16
Мал мен дала өнімдері	810.042	983 280	-173.237 50	810.04250	983.280	-173 237 50
Еуропалық мануфактуралар	311.500	453 500	-142000	138 700	145.900	-7200
Метал өнімдері	16.000	73 000	-57000	11000	16000	-5000
Тері өнімдері	26.200	21 800	-4400	12400	8300	-4100
Азиялық тауарлар	62.100	70 900	8800	15525	35.500	-19 975

Өткен жылмен салыстырғанда 1894 жылы жәрмеңкелік сауданың жалпы айналымы 614 130 рубльге (немесе 13,5%-ға) азайды. Оның ішінде әсіресе мал мен дала тауарларының көлемі 173 237 рубльге төмендеді. Жәрмеңкеге әкелінетін мал өнімдерінің мөлшері толыққанды тұтынушылардың сұранысына байланысты, яғни 1894 жылы мал өнімдерінің аз өткізілуі сұраныстың сол жылы төмен болуына байланысты. Бұны түсіндіретін тағы бір себеп Жетісудан жәрмеңкеге айдап келе жатқан мал шекарада кешігіп қалып, кейін бірден Тайыншакөл жәрмеңкесіне жеткізілуінде де жатыр. Ал, еуропалық тауарлар сәтті түрде өткізіліп отырды. Себебі, 1893 жылы бұл тауарлардың әкелінуі 142 000 рубльге кемісе де олардың сатылуы тек 7200 рубльге ғана төмендеді [7].

Атбасарда орналасқан Петров жәрмеңкесі (10 маусымнан бастап 5 шілдеге дейін) өзінің географиялық орналасуының жағдайына байланысты Тобыл, Орынбор, Пермь губернияларының және Бұқара саудагерлері жиналатын орынға айналды. Сауда айналымы 1880 жылы 432 000 құраса, 1894 жылға таман 2 миллион рубльге жеткен. Константинов жәрмеңкесінде сияқты басты сатылған тауар – мал мен мал шаруашылығының өнімдері (бүкіл жәрмеңкелік сатылған өнімнің ішінен 68%-ды құрайды), оның ішінде қойдың өнімі бірінші орынды алып жатты. Малдың басым тауар ретінде өткізілуін дәлелдейтін келесі факті: егер де 1880 жылы малдың сатылуы тек 84,5 мыңды құраса, 1892 жылы 580 мың мал басын құрады, немесе 7 есе артқанын көрсетеді. Атбасар жәрмеңкесінің рөлі Ресей саудагерлері үшін өсе түсті. Петров жәрмеңкесінің дамуы Ресейдің малды сатып алушылардың тарапынан петропавлдың алып сатарларынан, Тайыншакөл жәрмеңкесінен емес, ендігі кезекте даланың түкпір-түкпірінен малды өсірушілерден сатып алуға тырысуынан да көруге болады [8].

Петропавлда орналасқан Тайыншакөл жәрмеңкесі Ташкент және Бұқарамен кең түрде айырбас сауда жүргізетін аймақ ретінде әйгілі бола бастады. Есіл казак шебінің салынуы аяқталғаннан кейін дала халқымен бейбіт сауда қатынастары қалыптасты. Ал, Петропавл түрлі тауарларды сақтау қоймасына айналып, бұл жерде дала өнімдері отырықшы халықтардың өнімдеріне айырбас қызу жүріп жатты. Тайыншакөл жәрмеңкесі көшпелілердің малдарын Ресей көпестері жаппай сатып алатын орынға айналды. Тайыншакөл жәрмеңкесі Петропавл мен Ақмола, Қарқаралы жәрмеңкелерін біріктірген жолда орналасты. Жәрмеңкенің ресми қызмет ету мерзімі 5-ші шілдеден бастап 1-ші тамызға дейін болатын, бірақ, шын мәнінде 1-15 шілденің күндері аралығында болды. Константинов пен Петров жәрмеңкесінде сияқты мұнда да басты сатылған тауар мал өнімдері, ал қосалқы тауарлар (еуропалық және азиялық)

Петропавл, Курган, Шадринск, Түркістан мен Бұқарадан әкелінетін және жалпы мөлшерде бүкіл тауардың тек 1/10 үлесін ғана құрайтын.

Қазақтардың сауда байланысы Қытай және Ресей мемлекеттерімен тығыз жүріп жатты. Сонымен қатар, Хиуалықтар, бұхарлықтар, ташкенттіктер, қоқандықтар, Кіші Бұхардың немесе Шығыс Түркістанның солтүстік өңірінің халқы да қазақтармен саудаласады. Алайда, алғашқы екі ірі империямен басым түрде сауда дамыған болды. Бұны бірнеше себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, Ресей мен Қытай қазақтарға бірқатар мануфактуралық тауарлардың алуан түрлілігі мен басқа шетелдік аймақтарға шығарылмайтын өнімдерді тасымалдайды. Екіншіден, Ресей мен Қытайда аталған тауарларды арзан шикізат көзіне айырбастау қажеттілігі туындаған болатын. Үшіншіден, Үкіметтің осы өңірде сауда ісінің кеңеюіне байланысты жүргізіп жатқан іс-шаралары да маңызды. Төртіншіден, аталған екі мемлекетпен сауда қатынастарынан пайда көретін адамдардың көп болуы да әсер етеді. Бесіншіден, Орынбор мен Сібір шекараларында халықтың сауда жасауы [5].

Тұрақты орындардағы сауда ісі және айырбас жергілікті көпестер мен тұтынушылардың мүдделерін қанағаттандыратын және уақыт өзгерісімен айналым көлемі өзгеріске ұшырамады. Ал, жәрмеңкелік сауда тек жергілікті ғана емес таяу өңірлердегі өндірушілер мен тұтынушылардың сұранысына ие болатын. Бұл Ақмола облысының экономикалық күш қуатын айқындайтын көрсеткіш [7].

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы – Қазақстанның жалпыресейлік экономикаға тартылуы. Бұның айқын нышаны жәрмеңкелік сауданың дамуы болды. Алайда, сауда ісінде Қазақстан шаурашылық жағынан тек шикізат көзі тұрғысынан ғана игерілді. Бұл жағдай өз кезегінде ресейлік өнеркәсіп орындары шығарған дайын өнімді өткізетін нарыққа айналды. Сонымен қатар, Орталық Ресейдің сауда-өнеркәсіп және монополистік буржуазиясының капиталы салынатын аймаққа айналуына әкелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Завалишин И. Описание Западной Сибири. – Москва, 1867 г. 160 с.
2. Краткий статистический очерк промышленности и торговли в Акмолинской области за 1880-1894 гг. / сот. Н.Коншин. – Омск: Изд. Акм. обл. стат. ком., 1896 г. 37 с.
3. Колмогоров Г. О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства // «Вестник Императорского Географического Общества». 1855 г. Ч XIII. Кн.1. 36-38 с.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. 768 с.
5. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.3 – Санкт-Петербург, 1832 г. 321 с.
6. Обзор Акмолинской области за 1881 год, Омск, Типография Акмолинского Областного Правления, 1882.
7. Обзор Акмолинской области за 1894 год /Акмолинский обл. стат. ком. – Омск: Типография Акмолинского Областного Правления, 1895.
8. Обзор Акмолинской области за 1895 год /Акмолинский обл. стат. ком. – Омск: Типография Акмолинского Областного Правления, 1896.

ӘОЖ 930:908 (574.25)

ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН ҰЛТТЫҚ САНА ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ИДЕОЛОГЕМАСЫ ТҮРҒЫСЫНДА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Алпысбес М.А.¹, Еришева Т.А.²

¹ Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, т.ғ.д., Нұр-Сұлтан, Қазақстан

² Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 3 жыл білім алушы докторант, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада тарихи жады мен ұлттық сананы қоғамдық санадағы алар маңызды орны тұрғысынан, оның тәуелсіз ел, дербес мемлекет құрудағы бірден-бір идеялық және идеологиялық фактор ретінде қарастырылады. Теориялық ізденістер нәтижесінде бұл зерттеу тарихи жады мен ұлттық тарихи сана мемлекеттік идеологияға қатысты мәселенің өзектілігін арттыруға бағытталған.

Кілт сөздер: жады, тарих, сана, идеологема, идеология, қазақ, халық, мемлекет

Кіріспе. Кеңес одағы жарты ғасырдан астам халық санасына марксизмді терең ендіріп, орыс халқының Кеңес одағы халықтары ішінде артықшылығы туралы идеяны И.В.Сталиннің «ұлы орыс халқы» туралы атакты тезисі арқылы үстем етті. Кеңес одағында біртұтас «кеңес халқын құру» деген идеологема аясында ортақ тарих, ортақ тіл, ортақ менталитет қалыптастырылып, жергілікті халықтардың ұлттық рухын әлсіретуге бағытталған саясат жүргізілді. Нәтижесінде саны аз кіші ұлттар жаппай жаппай орыс тілін үйреніп, өз тілін ұмытуға айналды, әсіресе қазақ халқы соның зардабын әлі тартып отыр. Ұлтқа жаны ашыған, ұлтқа қызмет етпекші болған азаматтарды ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жабылып, репрессияға ұшыратып жіберді. 1990 жылы Қазақстанның мемлекеттік егемендігін және 1991 жылы Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жария еткен тарихи құжаттар қазақ ұлттық мемлекетінің идеясын жариялады, тәуелсіз мемлекет құру ісі басталды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «Қазақстанның тәуелсіздігі – қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қолы жеткен өз мемлекеттігін құруға деген заңды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуге тиіс» деп айтқан болатын [1, 43 б.].

Талқылау. Тарихи сана, әсіресе, оның көшпелі тұрмыс пен мәдениет жағдайында қалыптасқан ерекшеліктері, жеке зерттеудің объектісіне айналатындай-ақ үлкен ғылыми мәселе. Бірақ оны ұлт мәдениетінің төл феномендері арқылы ғана зерттеу мүмкін. Сондай мәдени феномен ретінде қазақ шежірелерін алып қарасақ, оның ішкі мазмұнынан тарихи сананың көрінісін іздеуіміз керек. Сонда біз осы күнге дейін әлі де бір жүйелі жауабы табылмаған күрделі мәселені шешуге мүмкіндік аламыз. Тарихи сана өз бойында тек аса маңызды мәні бар тарихи оқиғаларды сақтайды. Тарихи сананың табиғаты тарихта өткен көрнекті тарихи тұлғалардың, сол сияқты, қалың әлеуметтің белгілі қабаттарының және әлеуметтік топтардың, олардың көсемдерінің іс-әрекеттерінен бастау алады. Тарихи сана дегеніміз қалың әлеумет ортасында нақты қызмет атқарып тұрған қоғамдық сананың бір түрі. Оның өмір сүретін болмысы белгілі қоғамда ұрпақтан-ұрпаққа, адамнан-адамға беріліп, өз жалғасын тауып отырған тарихи мазмұндағы ақпараттардан құралады. Қазақ ұлты өз тарихы мен ұлттық төлтума болмысын жаңғыртуға ұмтылды. Мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасуы мен даму процесін зерттеу өзекті мәселелердің бірі. Бұрынғы тәуелсіздік пен мемлекеттілік жөніндегі, тіпті өте алыс өткен уақытқа қатысты «жады» ұлттық-тарихи сана-сезімді және этникалық бірлікті ынталандыруда маңызды рөл атқаруы мүмкін [2, с. 128].

Халықтың тарихи жадысыз тәуелсіздік мемлекеттіліктің тек сыртқы белгісі ғана бола алады. Нақты егемендік үшін мемлекет құрушы ұлттың тарихи жады өте маңызды, өйткені тарихты зерделеу ұлттық мақтаныш пен патриотизмді дамытуға ықпал етеді. Хатчинсон мәдени ұлтшылдық динамикасы деген өз зерттеуінде үш тұжырым жасайды. Соның біріншісі - «ұлт құру процесіндегі тарихи жадының маңыздылығы» [3, с. 325].

Ұлттық сана – қоғамдық сананың құрамдас бөлігі. Отаршылдық кезеңде халыққа танылған құлдық санадан құтылып, оның орнына ұлттық сананы қалыптастыру керек болды. Ұлттық сананы жаңғырту тарихи жады негізінде ұлттық тарихты танудан, Қазақстан территориясында құрылған ежелгі мемлекеттердің Алтын Орданың, Қазақ хандығының тарихын білуден басталады. Осы мемлекеттер қандай іргетас негізінде құрылғанын, олардың арасындағы тарихи сабақтастықты, ұрпақаралық сабақтастықты, дәстүр сабақтастығын зерттеу ұлттық сананы жаңғыртуға ықпал етеді. Ю. Хабермастың пікірінше: «Ортақ тарих, ортақ тіл және мәдениет негізінде қалыптасатын ұлттық бірегейлік санасы ғана, тек бір ұлт қатарына жату ғана бір-бірінен алыс, шексіз кеңістік бойынша шашыраған адамдарды өзара саяси жауапкершілікті сезінуге мәжбүрлейді. Тек осылай ғана азаматтар өзін жалпы тұтастың бөліктері ретінде көре бастайды» [2, с. 369].

Қазақ этникалық қауымдастығын мемлекеттіліктің негізі деп жариялай отырып, елдегі билік жаңа идеологиялық тұғырнаманы қалыптастыра бастады [4, с. 6]. Посткеңестік Қазақстандағы құрастырылған маңызды идеологемалардың бірі патшалық Ресейдің жаулап алуынан нәтижесінде жоғалтылған және 1990 жылдары қайтадан қол жеткізілген мемлекеттілік идеясы болып табылады. Ұлттық тәуелсіздік идеологемасы ұлттық тарих жобасындағы басты идеологемалардың бірі. Ұлттық тәуелсіздік идеологемасының жағымды және жағымсыз кейіпкерлері бар. Тәуелсіздік үшін күрес жүргізгендер (Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы және т.б.) және осы соғысты басып-жаншыған патша үкіметінің өкілдері. XX ғасыр басында да қазақты егеменді ету, тәуелсіздікке жеткізу деген жол "Алаш" идеясымен тікелей байланысты болғанын сол кездегі ұлттық қозғалыстың, саяси партияның аты «Алаш» аталып, қазақ өкіметі «Алаш Ордасы» деп аталғанын ешқашан ұмытпауымыз керек. Міне осы тұстан қазіргі қазақ елінің, халқының қамын ойлаған тума ғалымдар мен ойшылдар жат жұрттық ғалымдардың зерттеулеріне көз салмас бұрын, әуелі қазақ халқының өз ортасынан шыққан ұлт кеменгерлерінің еңбектерімен таныс болғаны абзал.

Идеологема – қандай да бір идеологияның бөлігі, идеологиялық жүйенің элементі, идеологема әрқашан таңбаланған, яғни эмоционалды боялған. Идеологемаларды мақсатты пайдалану бұқаралық сананы басқарудың тиімді құралы - идеологема оңай есте қалады. Әлемде қалыптасқан жағымсыз идеологемалар жаппай репрессия, жеке басқа табыну, тоталитаризм, фашизм, вахабизм, шиизм, сепаратизм, және т.б. Ал жағымды идеологемалар: егеменді демократия, демократия, бостандық (тәуелсіздік) үшін күресушілер және т.б.

Тәуелсіздік халықтың ұлттық санасы мен тарихи жадының жаңғыруына жаңа мүмкіндіктер берді. Тәуелсіздік қазақ халқына онжылдықтар мен ғасырлар бойы ұмытылған ұлы есімдерді қайтарды. Қазақ мемлекетін құру барысында тәуелсіздік мәселесіне, тәуелсіздік мәнін терең ұғынуға мемлекет тарапынан басымдылық берілді. Қазақ қоғамында тәуелсіздіктен айырылу қаупі төнген кезеңдерден бастап ғасырлар бойы бостандыққа ұмтылу идеясының болғандығын тарихи жадыда қалыптасқан деректерден көруге болады.

Е. Бекмаханов: «Қазақстан тарихын зерттеу кезінде аса маңызды дерек ретінде фольклордың маңызы айрықша зор. Мұның бұлай болатын себебі, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін Қазақ халқының жазба әдебиеті болмады. Сондықтан, тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз және т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан» [5, 42 б.] деп жазып кеткен. Халық үшін маңызды оқиғалар – ұлт-азаттық үшін күрестер ұзақ уақыт бойы халық жадында қалды. Кеңес уақытында тәуелсіздік үшін

күрес мәселесі жабық тақырыптардың бірі болды. Кенесары Қасымұлы көтерілісін тарихи жады негізінде зерттеуге талпынған Е. Бекмаханов қуғынға ұшырады. Посткеңестік кезең тәуелсіздік үшін күрес мәселесінің негізгі аспектілерін талдауға мүмкіндік берді. Қазақстанның аумақтық тұтастығын және қазақ мемлекеттілігі негіздерін, халық бірлігін сақтау мақсатында қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы зерттеле бастады.

Академик Манаш Қозыбаев «Тәуелсіздік жолы – ұзақ жол, ғасырлық жол ол ата-бабаларымыздың жолы, ерлік жолы» [6, 4 б.] деп, 1590-1990 жылдар арасын қамтитын қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын жеті кезеңге бөліп қарайды [6, 22-27 б.]. Ата-бабалар үшін тәуелсіз, еркін, азат ел болу асыл арман болып келді және барлық күш-жігерлерін осы асыл арманды орындауға сарп етті. Олар үшін бостандық ең жоғары өмірлік құндылық болды. Тарихшы ғалымдардың айтуынша, тәуелсіздік үшін күресте Сырым Датұлы басқарған отаршылдыққа қарсы қозғалыстың (1783-1797 жж.), Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының ұлт-азаттық көтерілісінің (1836-1838 жж.), Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысының немесе ұлттық соғысының (1837-1847 жж.), Жанқожа Нұрмұхамедұлы көтерілісінің (1856-1856), Есет Көтібарұлының көтерілісінің (1858-1869 жж.) орны ерекше. Ұлттық қазақтың тарихына тән ерекшеліктерінің бірі оның батырлық сипатта болуын атап өту керек [7, с. 199].

Ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен қастерлі тарихи батырлардың пантеоны бірқатар есімдерімен толығып отырды. Бұл жерде өз батырларын, оның ішінде көрнекті билеушілер мен көсемдерге табынуы қайта жанданды. Посткеңестік Қазақстанда қабылданған құжаттарда тәуелсіздік мәселесіне айрықша мән беріледі: Қазақстан-2030 стратегиясында «Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажет. Бабаларымыздың өз мемлекетінің іргетасын қалауы мен дамытуын шолып қарағанда, олардың өз мемлекеттілігін сақтап қалу үшін тарихи ауыр және қатал күрес жүргізгенін айқын көрсетеді» деп айтылса, Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейлі жылында қабылданған «Мәңгілік ел» патриоттық актісінде көрсетілген жеті тұғырдың ең алғашқысы – бұл тәуелсіздік. Тәуелсіздікті нығайту - тарихи ұлы миссия.

Бірақ негізінде тәуелсіздікке, дербестікке, егемендікке қарай ұмтылу барлық халықтың түпкі санасында түбегейлі орналасқан феномен және тарихта жетекші рөл атқаратын фактор екені даусыз. Тарихи даму барысында қазақ халқының санасында тәуелсіздік идеясымен «ата жұрт», «атамекен» ұғымдары байланыстырылып, негізгі құндылыққа айналып, беки түскен. Қазтуған жырау:

Еділді алса – елді алар,
Енді алмаған не қалар?
Жайықты алса – жанды алар,
Жанды алған соң не қалар?
Ойылды алса – ойды алар,
Ойлашы сонда не қалар?
Қара мауыты мұшақат,

Бүтін тоғай жерді алар [8, 21 б.]. Жыраулар ұғымында елді, жерді қорғау, сақтап отыру маңызды.

XX ғасырдың басында Алаш зиялылары білімді қару қылып, тәуелсіздік үшін күрес жүргізді, олар білімділіктің көзін ашпай халықтың шынайы тәуелсіздігіне қол жеткізу қиын екендігін жақсы түсінді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздік туралы «Бұл халықтың бостандық пен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі ғана емес, мұның өзі ұлттық зиялы тектілеріміздің ешқашан да толастамаған қызметінің қорытындысы» деген болатын [1, 12 б.].

Тарихи білімнің дәстүрлі қоғамда қажеттілігі аса зор екені белгілі, және тарихи тәлім өмірлік тәжірибе ретінде де кез келген адам үшін сондай-ақ өз алдына өте қажетті. Сөйтсе де адамның жадтық қабілеті еш қозғалыссыз күйде, мәліметті білетін субъектінің санасында ғана қала береді. Яғни сөз – көшпелі, жады – орнықты құбылыс болып табылады. Сондықтан да,

мұндай жағдайға душар болған қауымда, ауызша дәстүрге негізделген қоғамдарда адам санасының ой реттеу қызметі мен оның жадтық қызметі жақсы болуынан, оларды аса қолайлы қолдана білуі де сана мен жадының сенімді мұрағат болу-болмауына тікелей байланысты болды. Әдетте ауызша мәдениет ортасында өскен адам үшін оның жады әлбетте сенімді есте сақтау құралы бола алатыны күмәнсіз. Адамның мұндай жеке реттеуші ой қызметі мен сананың жетілу дәрежесінің арқасында ерекше тарихи мұрағат ретінде өз жадында ұзақ тарихи дәуірлердің оқиғалары, атақты тұлғалары мен олардың қажетті өмір тәжірибесі туралы тарихи деректер осындай дәстүрлі қоғамның ұжымдық тарихи санасында сақтала береді. Нақты айтқанда адам санасы өткен замандағы тарихи тұлғалардың өмір тәжірибесін, тарихи оқиғалардың тәлімін ой елегінен өткізеді, сақтайды.

«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының 2014 жылы жүргізілген сауалнамасында респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: «Азаматтардың бірігуі үшін не негіз бола алады?». Жауап нұсқалары түрінде 10 параметр ұсынылды: ұлттық сана-сезімді жаңғырту; ҚР егемендігін қорғау; экологияны қорғау; барлық қазақстандықтардың материалдық әл-ауқаты; ұлтаралық келісім; ортақ тарихи жады; президенттің саяси курсына қолдау; діни құндылықтар; мәдениет пен білімнің дамуы; демократия принциптерінің орнығуы. Жалпы қарағанда ең маңызды құндылықтық санат материалдық әл-ауқат болды, оны респонденттердің 52 % көрсеткен. Екінші орында – ұлттық келісім (44 %), ал үшінші орында – ҚР егемендігін қорғау және ұлттық сана-сезімді жаңғырту (сәйкесінше 25 % және 24 %). Қазақ тілді халық үшін маңызды санат – ұлттық сана-сезімді жаңғырту 39 % болды [4, с. 15].

Қазақтың тарихи танымы мен тарихи санасы, тарихи білімі мен тарихи түсініктері, жалпы тарихтану дәстүрі ерте замандардан бастау алып бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан жүйелі құбылыс. Мұны біз бір сөзбен қазақтың халықтық тарихи жады деп түсінгеніміз дұрыс, немесе қазақ шежіресі. Оның өзіндік ерекшеліктері мен ұлттық үлгісі қазақ шежіресі болып табылады және ол дүние жүзінде өмір сүріп жатқан халықтардың тарихи танымы мен дәстүрінің дамуына ұқсас жолмен қалыптасып келген.

Тарихшы, профессор С.Ф. Мажитовтың білдірген пікірінше: «Қазіргі кезеңде қазақ мемлекеттілігін жаңғырту отаршылдық дәуірдегі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеудің негізгі тұғырларын анықтады. Ең алдымен, қазақ халқының тәуелсіздік үшін күрес тарихының өткеніне жүгінуді бір жағынан - оны зерттеудегі отандық тарих ғылымының жетістіктері аясында, екінші жағынан – ұлт-азаттық қозғалыстың «мемлекет» және «мемлекеттілік» ұғымдарымен байланысына қатысты теориялық қағидаларды жиынтық талдау арқылы анықтау қисынды» [9, с. 24].

Қорытынды. Қоғам кеңестік құндылықтар жүйесінен бас тартқаннан кейін оның орнына жаңа құндылықтар жүйесін орнатуы қажет еді. Ұжымдық жадыны қалыптастыру ұлттық-мемлекеттік құрылыстың ажырамас бөлігі. Ұжымдық тарихи жады құрылымының маңызды элементі – тәуелсіздік идеологемасы. Қазақи қоғамдық санада, оның өмір салтында терең із қалдырған бұқара халық үшін тәуелсіздік идеясын барынша өзектендіру қажет. Халық өзінің егемендігінде, еркіндігінде ғана үйлесімді дамуына мүмкіндіктер алады.

Пайдаланылған дереккөздер

1. Назарбаева Н. Қазақстан халқының азаматтық таңдауы – тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 72 б.
2. Нации и национализм. / Б. Андерсон, О. Бауэр, М. Хрох и др. Пер с англ. и нем. Л.Е. Переяславцевой, М.С. Панина, М.Б. Гнедовского. – М.: Практикс, 2002. – 416 с.
3. Смит Э.Д. Национализм и модернизм: критический обзор современных теорий наций и национализма / пер. с англ. А.В. Смирнова, Ю.М. Филиппова, Э.С. Загашвили и др. М.: Практикс, 2004. – 464 с.

4. Бейсембаев С. Феномен казахского национализма в контексте сегодняшней политики: от отрицания к пониманию. /Программа для молодых исследователей в области публичной политики Фонда Сорос-Казахстан. – 2015. – 36 с.
5. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ға-сырдың 20-30 жылдарында. – Алматы, «Санат», 1994. – 416 бет.
6. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым, ту байлап. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 192 б.
7. Галиев А.А. Конструкция и деконструкция Великой отечественной Войны в постсоветской Центральной Азии. //«Прошлое»: теория и практика (де)конструирования в научном и политическом дискурсах: Материалы Всероссийской с международным участием научно-практической конференции, Казань, 22–23 ноября 2019 г. / Отв. редактор А.В. Овчинников. Казань: Изд-во «Познание» Казанского инновационного университета, 2019. - 419 с.
8. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. – 400 бет.
9. Мажитов С.Ф. Независимость Казахстана как исторический феномен // Независимость Республики Казахстан – основа стабильного развития, единства и процветания страны: Материалы научно-практической конференции. – Алматы, 2010. - с. 20-41

HISTORICAL MEMORY AND NATIONAL CONSCIOUSNESS IN THE CONTEXT OF THE IDEOLOGY OF INDEPENDENCE AND AS THE IMPORTANT FACTOR OF STATE CONSTRUCTION

Alpysbes Makhsat¹, Erisheva Tolkyn²

¹ Lev Gumiliyov Eurasian National University, Dr. Prof., Nur-Sultan, Qazaqstan

² Lev Gumiliyov Eurasian National University, Dr. Prof., Nur-Sultan, Qazaqstan

Annotation. In this article, categories such as historical memory and national identity are considered from the point of view of their significance and place in public consciousness as the only ideological and ideological factor in the creation of an independent country, an independent state. As a result of theoretical research, these studies will identify the most pressing issues of historical memory and national historical consciousness and their role in state ideology.

Keywords: the history memory, the consciousness, the ideology, Kazakhs, the State

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И НАЦИОНАЛЬНОЕ САМОСОЗНАНИЕ В КОНТЕКСТЕ ИДЕОЛОГЕМЫ НЕЗАВИСИМОСТИ И КАК ВАЖНЫЙ ФАКТОР ГОСУДАРСТВЕННОГО СТРОИТЕЛЬСТВА

Алпысбес М.А.¹ Еришева Т.А.²,

¹ Евразийский национальный университет Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

² Евразийский национальный университет Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Аннотация. В данной статье такие категории как историческая память и национальное самосознание рассматриваются с точки зрения их значения и места в общественном сознании как единственного идеологического и идеологического фактора в создании независимой страны, независимого государства. В результате теоретических исследований, данные изыскания позволят выявить наиболее актуальные вопросы исторической памяти и национального исторического сознания и их роли в государственной идеологии.

Ключевые слова: историческая память, сознание, идеология, народ, государство

УДК 94

ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ МЕКТЕП ОҚУЛЫҒЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Алпысбес М.А.¹, Смаханова Ж.С.²

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Абстракт. Бұл мақаланың мақсаты тарихи білім беру мақсатында жазылатын мектеп оқулықтарында тарихи туындылардың, тарихи зерттеулердің күрделі мәселелерін, зерттеу барысында ғылыми тұрғыдан алынған нәтижелерін айналымға енгізілуі, және олардың тарихи сана тәрбиелеу мен жаңаша тарихи білім берудің жолын көрсетуде туындайтын қиындықтарды қарастыруға бағыт беру болып табылады. Мақала аясында бұл мәселелер толығымен шешімін табу көзделмейді, бірақ осы мәселені өзекті етуді міндет деп санайды. Қазіргі уақытта білім беру саласындағы ауқымды өзгерістер реформалау болып табылады, ал оның бір бөлігі мектеп оқулықтары, оның жазылуы, мазмұнын жаңарту, жаңа көзқарастармен толықтыру, жетілдіру сияқты маңызды мәселелерді қамтиды. Соның ішінде «Рухани Жаңғыру» мемлекеттік стратегиялы бағдарламасы аясында айтылған жоба – жаңа гуманитарлық білім, білімнің салтанат құруы, ал «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында Қазақстанның тарихи құндылықтарын – жылқышылық мәдениеті, аң стилі, Алтын Адам, және т.б. бүкіл әлемдік қауымдыстыққа елеміздің дүние жүзі тарихындағы орнын айшқтайтын етіп көрсетуге бағытталады, және гуманитарлық білімнің, әлеуметтік және қоғамдық, оның ішінде тарих ғылымдарының дамуы деңгейі жоғары болу талабы бар.

Тірек сөздер: тарих, зерттеу, тарихи шығарма, нәтиже, оқулық

Кіріспе. Гуманитарлық пәндер мен әлеуметтік ғылымдардың арасындағы тарих ең көнесі болып табылады. Оның ең басты нысаны әрі мәні – уақыт, яғни тарихи уақыт санаты арқылы әлемнің дамуының өзгерісін аңғару, бақылау және баяндау екен. Қоғамдық ғылым болғандықтан уақыт өте келе оның мазмұны да әр ғасыр сайын толығып дамып келе жатыр. Дамуы тек тарихи білімнің артуымен ғана емес, сапасындағы болып жатқан өзгерістермен де толысып жатыр, жаңадан теориялар жасалып, ғылыми концепция – тұжырымдамалар жасалуда. Осындай өзгерістердің өзі кезіндегі тарихи ақпараттар мен мәліметтердің тың ағымына сәйкес мектеп оқулықтары мен оқу құралдарынан, оның мазмұны мен атқаратын білім беру, тәрбиелеу, тарихи сана қалыптастыру қызметі тұрғысынан сәйкес келуі керек. Өйткені, оқулықтың бірінші қызметі ақпараттылық болып табылады, ал ақпарат тарихи туындылар, шығармалар, ғылыми зерттеулерден алынады. Оқулықтың жазылуында тұрған күрделі мәселелер көп, бірақ олардың көбі бір жүйеге түскен болса жеңіл шешімін табады. Мысалы алдымен үлгілік білім беру бағдарламалары, оқулықтың тұжырымдамалық іргелі негізі, негізгі мақсаты мен білім беру міндеттері тұрғысынан алдын-ала дұрыс даярланатын болса, одан кейін оқулықтың жазылуы да бір шеңбердің аясында іске асады, бірақ оның мазмұнан дәйекті ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен толықтыру, мазмұнын айғақталған фактологиялық материалдармен қамтамасыз ету сияқты міндеттері де тұрады. Зерттеу – ол ғылыми іздену жолы болса, зерттеудің нәтижелерін білім беру, оқыту процесіне енгізу, оны сабақта түсіндіруге қолайлы ету, дидактикалық аппаратын жетілдіру де үлкен мәселе болып табылады. Ізденіс барысында зерттеуші жаңалық ашуға ұмтылады, алайда ол үшін ашылған ғылыми жаңалық міндетті түрде дәлелді болуы керек.

Өзектілігі. Кез келген тарихи кітап, ол тарихи туынды я шығарма болса да, немесе оқулық пен арнайы оқу құралы болса да, ең бастысы тарихи шындық пен ақиқаттың болуымен құнды. Ал шындық тек қана объективті ғылыми зерттеу нәтижесі мен нақты тарихи

айғақтардың болуымен дәлелденеді. Ғылыми жаңалықтың өзі кейде кездейсоқ ашыла қалуы мүмкін. Әр заманның өз зерттеушісі, өз әдіс-тәсілі бар. Бүгінгі тақырыпқа біз ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы зерттеулерді назарға алып, осы кезеңдегі зерттеу нәтижелерін қарастыратын боламыз. Оның екі себебі бар: біріншіден, кез-келген ғылыми жаңалықтың маңыздылығы айқындала түсуі үшін уақыт керек. Ал бүгінгі таңда кез-келген ғылымның дамуын ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысында болған тарихи жаңалықтар, зерттеулерінсіз елестету мүмкін емес. Дегенмен, сол кездің саяси жағдайын да ескеріп отыруымыз керек. Екіншіден, ХХ ғасырдың алғашқы жартысында Ғылым Академиясы құрылып, тарихи зерттеулер жүйеленіп, бір жолға түсті. Қазіргі таңда инновацилық стратегия талаптары білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруді талап етуде, ендеше мектеп оқулығының бүгінгі жүгі одан ауыр, одан сайын өзекті болмақ.

Талдау. Қазақ мектептерінде тарих пәнін оқыту үшін пайдалынатын оқулықтардың бірнеше үлкен кезеңдерден өтті. Олардың ішінде, негізінен екі үлкен мерізімі бар – бірі кеңестік кезең болса, екіншісі – тәуілсіздік кезеңде. Кеңестік кезеңдегі тарих оқулығының екі даму мерізімі болды: олар 1920-1940-шы жылдары және 1950-1990 жылдар аралығында болған тарих пәнін оқыту мен оқулықтардың арасындағы концептуалдық айырмашылыққа байланысты. ХХ ғасырдың алғашқы жартысы Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, Т. Маннанұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Х. Досмұхамедұлы. Т. Шонанұлы, С. Асфендияров, М. Жұмабаев сынды ел зиялыларының төл тарихымыздың жазылу мәселесіне ерекше көңіл бөлумен де ерекшеленеді [1]. Олар тарихтың ұлт өмірінде алатын орнын көрсетіп, болашақ үшін маңыздылығын халыққа түсіндіруге тырысты. Сондай тынымсыз еңбектің арқасында құнды зерттеулер дүниеге келді. Кеңес өкіметі құрылған алғашқы жылдары М. Тынышпаевтың, М. Дулатовтың және т.б. алаш зиялыларының қазақ тарихы туралы еңбектері жазылып, жарияланып жатты [2]. Бірақ көп ұзамай саяси жүйенің әсерінен таптық сипаттағы тарих жазылып, басқа кезең басталып кетті. Мысалы, Қ.Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» еңбегінің тарихи маңызы өз кезінде өте зор болды. Ол қазақ тарихының айтулы тұстарына қатысты құнды мәліметтер берген. 1930 жылы басылып шыққан бұл еңбегінде сол кездің саяси жүйедегі көзқарасына қарсы келетін хандық билік, қазақ жүздері, ауызша тарих мәселелерін де қарастырды [3].

Т. Шонанұлының жер мәселесіне қатысты құнды еңбегі арқылы алғаш рет патша өкіметінің қазақ жерін отарлауын қарастырып, отарлауды екі кезеңге бөліп зерттеген [4]. Қазақстан, Орталық Азия, Башқұртстан тарихы бойынша тарихшы ретінде маманданған А.П. Чулошниковтың «Очерки по истории казах-киргизского народа и связи с общими историческими судьбами других тюркских народов» зерттеуі де тарих ғылымының дамуына өзіндік үлесін қосып, сыни көзқараспен қарауды талап етсе де күні бүгінге дейін деректік маңызын жойған жоқ. Халық аңыздарының, тарихи жыр мен дастандардың маңыздылығын ерекше атап өткен А. П. Чулошников өзінің ғылыми тұжырымдарында «Расында да, жоғарыда келтірілген мысалдардан қазіргі ғылым қорытындыларын айғақтауға халық аңыздары негіз болды. Бірақ сол аңыздардың құндылығы тек осымен шектелмейді, өйткені олар тек қана қазақ халқының қалыптасуын ХІV ғасырда көптеген рулардан құралғанын түсіндіріп қана қоймайды, сол сияқты бұл аңыздар олардың нақтылы рулық құрамын, өзара ынтымақтау ретін және құрамдық элементтерін анықтауға мүмкіндік береді» – деп жазған [5].

Кеңестік саяси жүйенің үстемдігіне қарамастан, қазақ ру-тайпаларының тарихын зерделеп, қазақ этимологиясын ғылыми түрде түсіндіруге тырысқан М. Тынышпаевтың «История казахского народа» еңбегінде қарастырылған қазақ халқының шығу тегін және ру-тайпалық құрылымы кейінгі оқулықтар мазмұнын байыта түсті [6]. «Шыңғыс ханның ұлы Жошы хан әулетінің шежіресі» атты еңбегінде М.Тынышбайұлы Шыңғыс хан құрған Ұлық Ұлы мемлекеті Қазақ хандығының пайда болу алғышарты ретінде қабылдап, оның үлкен ұлы Жошы ханның үлкен баласы Орда-Ежен әулетін туралы ізденіс жасайды және оны қазақ хандарының атасы ретінде төре ұрпақтарының шежірелер бойынша өсіп-өнуі, өрбуі арқылы генеалогиялық есепті негізге алып дәлелдейді. Журналдың атының өзі «Сана» аталуы да

ұлттық санасын ояту, тарихи санасын тәрбиелеуге бағытталған байқалады. "Сана" журналы ғылым, өнер мен білім, қазақ туралы шыққан кітаптар жайында материал жариялап тұрған.

Мемлекет қайраткері, тарихшы С.Ж. Асфендияровтың білім және ғылым саласына қосқан елеулі еңбегі зор. «История Казахстана с древнейших времен», «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» атты еңбектеріндегі мәліметтер кейінгі зерттеулер мен оқулықтарға да енді [7]. Ғасырдың негізгі тарихи еңбектері елдегі төңкеріс және оның кейбір мәселелеріне, азамат соғысының тарихына арналды. 1943 жылы жарияланған М. Абдықалықов пен А. Панкратованың басшылығымен «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» деген еңбегі жүйеленген ғылыми зерттеулер болып, білім беру мекемелеріндегі оқу басылымдарының негізгі сүйенетін жинағы болды.

Ұзаққа созылған бұл кезеңнің зерттеулері қарама-қайшылықтарға толы болып, тәуелсіздік алғаннан кейін жарияланған оқулықтарға ондағы тарих қайта сараланып енуімен қиындады. Ақпараттық-танымдық материалдар оқулықтарда сұрыпталып, талдаудан өтіп барып берілуі керек. Оқу бағдарламасына сай таңдалынған материалдардың мазмұны білім алушыларға рет-ретімен, анық баяндалуы және қолжетімді түрде болуы керек. Өйткені, оқулықтың екінші бір атқаратын қызметі ол – жүйелілік. Кітап – рухани азық. Кеңестік жүйе кезінде қазақ халқының тарихи санасы мен жадының сақтап қалуда қазақ жазушылардың атқарған ролі ерекше. Тарихқа, тарихи тақырыптағы көркем шығармаға әбден сусындап қалған халық шыққан шығармаларды кезінде жата жастана оқыды. Өйткені тоталитарлық кеңестік жүйе кезінде қазақстандық тарихшылар тарихты нұсқаумен жазды. Тарих тұңғығына еркін бойлауына осы мәселе кедергі келтірді.

Сондықтан болар, жазушылар қазақ тарихының мәселелеріне батыл түрде қалам сермей бастады. Ізденді, материал жинады. Мысалы, аға буын жазушылар тарихи тақырыпқа кітап жазар алдында бірнеше жыл бойы архив ақтарып, деректер мен фольклорды сүзіп шығып материал жинаған. Жазушылардың тарихи шығармалары қазақ халқының көркемдік санасымен қатар тарихи санасын да қалыптастырды әрі тарихи жадының жаңғыртты, рухани азық берді. Отан тарихының оқыту алдында тұрған басты концептуалды-әдістемелік мәселелердің бірі – тарихи оқиғаларға бүгінгі күн талабына сай жаңаша баға беріп ұғыну. Ол үшін ең алдымен Қазақстан тарихына арналған оқулық пен оқу құралдарын жазуда жаңа біртұтас ұстанымдарды қалыптастыру қажет. Сондықтан да бүгінгі күні Отан тарихын оқытуда жаңа концептуалды және әдістемелік тұрғыдағы ұстанымдар бойынша қалыптастыру тарихшығалымдардың алдында тұрған басты өзекті мәселелердің бірі болып табылады [4; 321].

Тарихи сана дегеніміз өткен тарих туралы түсініктер мен білімнің жиынтығы. Сонымен қатар, ол қазіргі уақытта болып жатқан шешуші тарихи өзгерістер мен тарихи оқиғалар туралы түсінік пен білім жиынтығы. Тарихи сананың мазмұндық сипатына ықпал ететін фактордың бірі – тарихи сана үлгісін сақтаушы, оның әлеуметтік жүйедегі орны. Осы тұрғыда қазақ шежірелері әр тарихи дәуір туралы белгілі бір көрініс қалыптастыратындай тарихи-әлеуметтік мазмұндағы білімнен құралады. Тарихи білімнің табиғаты да өз алдына әрқилы болып келеді. Халықтың өмір тәжірибесінен жиылған тарихи білім мен ғылыми әдіс жолымен қалыптасқан тарихи білімнің арасында үлкен айырмашылық бар. Егер, тарихи сананың көзі тарихи білім деп түсінсек, онда тарихи сананың сипатын да сол сананы тудырған тарихи оқиғалар туралы білім қалыптастырады. Ондай тарихи білім халықтың ұжымдық жадында сақталуы тиіс.

Кеңестік тарихнамада қарапайым халықтың тыныс-тіршілігі, қоғамдағы өзгерістердің оларға әсері, халықтың оны қалай сезінгені туралы мәселе ескерілмеді. Қоршаған ортаны өзгертіп, сонымен бірге өзі де өзгеріске түсіп жататын адам өмірі зерттеу аясынан тыс қалды. Зерттеушілер көбіне әлеуметтік, экономикалық, саяси және демографиялық тарихты, мәдениет тарихын зерттеумен ғана айналысты [3; 369]. Патшалы Ресей империясы дәуірінде де, кейінгі Кеңестік Одақ атанған дәуірде де барлық идея отаршылдық мұрат, пиғыл, мақсатқа құрылғандықтан, барлық оқу жүйесіндегі бағдарламалар мен оқулық кітаптар орыс халқының озық-ағартушылық өркениетін басымырақ айтып, оның арғы астарында Ресеймен және одан

ертедегі Мәскеу мемлекетімен жапсарлас өзге халықтармен, ұлыс, ұлттардың жерлері мен елдерін арғы қаһарлы Иван IV заманынан әрдайым бергіде қалай жауланғанын ашық сипатта жариялай бермеген. Оларды көбіне "Ресейге қосылды", "Ресей қарамағына өз еркімен кірді" деген сияқты "сұлу" астарлы мәймөңке сөзбен үстірт өтіп, орыс халқының оларға аса өнегелі болып, "өмірге үйреткендігі", "адам еткендігі" дәріптелген. Алпауыт империяның қазақ халқына емес, оның кең байтақ жеріне, қалай көзі қызарып, қызыққаны, сол үшін көшпелі және жартылай жабайы жоңғар жұртының қолтығына су бүркіп, қазақ даласына қалай айдап сала бергені айтыла бермейді. Әсіресе өзіне дейінгі алпауыт мемлекеттердің өзгелерді отарлау саясатын зерттеп, солардың ең құйтұрқы тәсілдерін меңгерген патшалы Ресей билігі қазақ даласын екі жақ бүйірден қыспақтатып, ұзақ жылдар бойы үздіксіз шапқыншылыққа ұшыратып, оның жұртын қансыратып барып, әбден титықтатқан соң ғана бас салып, болымсыз шығынмен билеп алу саясатын ұстанды. Бұл басқаны, оның ішінде қазақ еліндей үлкен елді ұлан-ғайыр даланы басып алудың ең ұтымды түрі еді.

1930-жылдары, яғни 1935 жылы бастауыш мектеп жүйесі құрылды. 50-жылдарға қарай 7 жылдық мектеп жүйесі етіп толықтырылды. Халықтың сауаттылығы кеңестік жаңа адамды тәрбиелеумен қатар жүрген осы мәдени революцияның аясында оқулықтарға енетін тарихи зерттеулер нәтижесі қатаң бақылауда болды. Сондықтан да оқу жүйесінде сапа төмендеп, оқу үдерісі көп жағдайда формалды, идеологияландырылған болды. Соған қарамастан, жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың білім сапасы арта түсті. 1946 жылы Қазақстан ғылым Академиясының ашылуы да оқулық әзірлеу мәселесіне ықпал етті [1; 13]. Тарихи зерттеулер мен шығармаларда қарастырылып, зерттелген тарихи нәтижелер мен тұжырымдар оқулыққа қалай енуі керек, құрастырушының еркіндігі тарихты қаншалықты ықшамдап, шынайылық дәрежесін сақтап қала алады деген мәселе күн тәртібінен түспеген маңызды мәселенің бірі болуы керек. Білім беру мекемелеріндегі оқулық болғанымен де ондағы ғылыми білім көпшіліктің тарихи санасына ықпал ете алады. Сондықтан да оны құрастырушылардың жүгі сараптама жүргізе алу, маңыздыдан маңыздыны іріктей алу тәсілдерін меңгере алу қасиетімен, салыстырмалы-тарихи зерттеулердегі нәтижелердің бар мүмкіндігін ұсына алуымен арта түспек.

Оқулықты құрастырудың өзі бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады: бөлімдер атауы, сюжеті жасалады, тарихи зерттеулерден керек ақпарат пен фактілік материалдар жинау, өңдеу, білім беру бағдарламасы қойған мақсатына сәйкес тілдік әрлеу жұмыстары. Міне, осы әртүрлі кезеңдерден өткен бастапқы кезеңдегі тарихи зерттеу жаңа оқулыққа ықшамдалып шығады.

Қорытынды. Тарихымыз арқылы еліміздің болашағы бағдарланады. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы деп тәрбиені басты ұстанатын құралымыз етіп айқындап кеткен әл-Фарабидің сөзін басшылыққа алып, оқулық тәрбие берушілік қызметті де атқаратынын ұмытпауымыз керек. Оқулық мазмұны жастарымыздың қабілетіне сай оны тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталуы керек. Автор ретінде оқулық құрастырушының да басты міндеті – білім бере отырып, ұлтын сүйетін, тарихын құрметтейтін азамат тәрбиелеу.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Бөкейхан Ә. (Түрік баласы) Қазақтың тарихы // Қазақ. – 1913. - № 9.; Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – А., 1991. – 464 б.
2. Дулатұлы М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы // Шолпан. 1923. № 3-5; Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент, 1925; Тұрғанбай М. Шежіре // «Абай». – 1918. - № 1-2.
3. Кеменгерұлы Қ. Қазақ тарихынан (құраст.: Қамзабекұлы Д.) Аст.: 2015. – 319 с.
4. Шонанұлы Т. Бестомдық шығармалар жинағы. (құраст.: Жұбаева О.) 3 том. А., 2015. – 255 б.
5. Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Оренбург, 1924. – 291с.

6. Тынышпаев М. История казахского народа. (Сост.: Такенов А., Байгалиев Б.) А., 2009. – 279 с.
7. Асфендияров С. Прошлое Казахстана в источниках и материалах (переизд.). А., 1998. – 351 с.

HISTORICAL RESEARCH AND THEIR SCIENTIFIC CONCEPTS AT SCHOOL TEXTBOOK

Alpysbes Makhsat¹, Smakhanova Zhanar²

¹ Lev Gumiliyov Eurasian National University, Dr. Prof., Nur-Sultan, Qazaqstan

² Lev Gumiliyov Eurasian National University, the doctoral student, Nur-Sultan, Qazaqstan

Annotation. The purpose of the scientific article is to focus on the difficulties that arise when writing school history textbooks, namely, the reflection of the results of scientific research, scientific concepts, factual materials and their teaching in order to form historical knowledge, educate cognitive skills and historical consciousness. The article does not provide a complete solution to these problems, but becoming the task of making this problem relevant. Currently, reforms are major changes in the field of education, and some of them include such important issues as school books, writing, updating content, adding new components, improvements. In particular, many projects are included in the state strategic program «Rukhani Zhangyru», such as a new humanitarian education, triumph and a cult of knowledge, and within the framework of «The Seven Facets of the Great Steppe» program, the historical values of Kazakhstan are explored - equestrian civilization, animal style, Golden Man, etc. They are aimed at showing the world community the place of our country in the history of world civilizations and, accordingly, it requires a high level of development of the humanities, social and social sciences, including history scientific research.

Keywords: the history, the research, the historical work, the result, the textbook

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И ИХ НАУЧНЫЕ КОНЦЕПЦИИ В ШКОЛЬНОМ УЧЕБНИКЕ

Алпысбес М.А.¹, Смаханова Ж.С.²

¹ Евразийский национальный университет Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

² Евразийский национальный университет Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Аннотация. Цель научной статьи – сосредоточить внимание на тех трудностях, которые возникают при написании школьных учебников по истории, а именно, отражение результатов научных исследований, научных концепций, фактологических материалов и их преподача в целях формирования исторических знаний, воспитания познавательных навыков и исторического сознания. Статья не дает полного решения этих проблем, но став задачу сделать эту проблему актуальной. В настоящее время масштабными изменениями в сфере образования являются реформы, и некоторые из них включают в себя такие важные вопросы, как школьные учебники, их написание, обновление контента, добавление новых компонентов, улучшений. В частности, многие проекты входит в государственную стратегическую программу «Рухани Жангыру», такие как новое гуманитарное образование, торжество и культ знания, а в рамках программы «Семь граней Великой степи» исследуются исторические ценности Казахстана – конно-кочевая цивилизация, звериный стиль, Золотой Человек, и др. Они направлены на то, чтобы показать мировому сообществу место нашей страны в истории мировых цивилизаций и, соответственно, требует высокого уровня развития гуманитарных, общественных и общественных наук, в том числе исторических исследований.

Ключевые слова: история, исследование, исторический труд, результат, учебник

УДК 911

ҚАЗАҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫН ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дайырбек Баянсұлу Баянбекқызы

Ғылыми жетекші – PhD, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
қауымдастырылған профессоры Жумабекова Г.А. Павлодар қ.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда интернеттің пәрменділігімен әлеуметтік медианың әлеуеті арта түсті. Әлеуметтік медианың қарқынды дамуы жаңа дәуір журналистикасына түбегейлі өзгерістер әкеліп, публицистиканы инновацияландыруға жетеледі.

Түйін сөздер: Көсемсөз, әлеуметтік медиа, инновация, публицистика, блогер.

Қазақ инновациялық публицистикасын жаңа медиа кеңістігіне енгізу – қазіргі медиа және журналистиканың міндеттерінің бірі. Публицистика – ол қоғамдағы өзекті, маңызды мәселелерді көтереді. Бүгінде жаңа медиа арқылы біз публицистиканы инновацияландыру жолын қарастыруымыз қажет. Қазіргі таңда журналистика саласында жаңа медиа ұғымы елеулі маңызға ие екендігі белгілі. Осы ретте жаңа медиа ұғымына тоқтала кеткенді жөн көреміз. «Жаңа медиа – ақпарат пен ойын-сауық хабарларды цифрлық жолмен тарату механизмі. Жаңа медиа жаңалықтарды жазу үшін журналистер, медиа ұйымдары және халық арасында өзара әріптестік орнатудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынды. Қазіргі кезде кез келген адам арнайы жаңалықтың алдын орап, Twitter, Instagram немесе Facebook секілді платформалар арқылы интернетке өз смартфондарынан мәтінді, бейнені жүктеп тарата алады. Шынтуайтына келгенде, қазіргі тұтынушы жаңалықты білу үшін дәстүрлі ақпарат құралдары – газет-журнал, телерадионы аса қажетсінебейді» [1, 25 б]. Егер осы анықтамаға сүйенетін болсақ, қазіргі кезде көсемсөздің де жаңа медиа кеңістігінде қалыптасуы мен дамуына, оны зерттеуге аса зәрулікті тудырып отыр.

«Барлық кәсіби журналист бірнеше платформада, кемдегенде баспада және онлайнда жаңалығын дайындауы қажет. Блог, Vlog, аудиоблог сияқты барлық цифрлық медиа журналистер үшін журналистік зерттеу жасауға, өндіруге және аудиториямен байланысқа жол ашты, тың талаптар қойды.

Алайда жұмыс істеу тәсілдері өзгеріп жатқан кезде, журналистиканың түпнегізі өзгермей, өзектілігі бәз қалпында қала бермек. Журналист әлі де ақпарат жинап, фактіге негізделген нақты, шынайы және қызықты жаңалық ұсынуы қажет. Бірақ ілгерідегіге қарағанда қысқа уақытта атқаруы кекек және ең бастысы, тез ойланып, дұрыс этикалық шешім қабылдап, пәрменді журналистика қалыптастыруға тиісті.

Кәсіби және штаттан тыс журналистер жаңалық шығару үшін цифрлік және әлеуметтік медиа құралдарын – атап айтқанда, блог, мобайл телефон және әлеуметтік желілерді бірдей қолдануда шапшаң болды. Цифрлық медиа-ортада бір өлшемде журналистика жеткіліксіз болуы мүмкін. Цифрлық және әлеуметтік медиа журналистикасы мультиөлшемді мультимедиялық журналистика құруға ұмтылады» [1, 535 б.].

«The Facebook» әлеуметтік желісінің негізін 2004 жылы Марк Цукерберг қалағаны белгілі. 2005 жылдан әлеуметтік желі «Facebook» деп аталып келеді. 2008 жылғы рейтинг бойынша «Facebook» әлеуметтік желісі ғаламдағы ең танымал әлеуметтік желі ретінде танылды. «Facebook» әлем бойынша «Google»-дан кейінгі ең көп пайдаланушысы бар, әрі қызметі ыңғайлы екенші интернет сайт ретінде белгілі.

«Журналист газет атауының тасасында беймәлім қалып жасырынуға болатын күндер артта қалды. Журналистің профайлы болуы қажет, Facebook сияқты әлеуметтік медиа сайтта дербес профайл құрады, оны дереккөздер және аудиториямен байланыс жасаудың тәсілі ретінде қолданады. Журналистер үшін де осындай онлайн-әлемді құрудың маңызы арта түсуде.

Facebook менеджерлері тұтынушы мінезіндегі бұл өзгерістерді мойындады. Олар енді платформаны тиімдірек пайдалану үшін жаңалық шығаратын ұйымдармен баспагерлермен серіктестік құрып, ақпарат көздерімен қамтамасыз етуде. Пурселл және оның әріптестері (Purcell, 2010) айтқандай: «Ең белгілісі, Facebook достарыңыз CNN немесе Washington Post сияқты сайттарда нені ұнатқанын (like) және ұсынғанын (recommended) көре аласыз. Мысалы, Washington Post әлеуметтік жаңалық тәжірибесі үшін әлеуметтік плагиндері арасында маңызды орын алатын Facebook–ті өзінің сайтына енгізді". Әлеуметтік желі сайттары XXI ғасырдағы жекелеген жаңалық жеткізетін маңызды платформаға айналды» [1, 536 б.].

«Twitter» жобасының бағдарламасын 2006 жылы Джек Дорси жасап жүзеге асырды. «Twitter» жасалған, қосылған күннен бастап пайдаланушысы мол әрі ыңғайлы, танымал жкпілердің біріне айналды. «Twitter»-дің өзгелерден ерекше тұсы – тек 140 символдан ғана тұратын хабарлама жазуға мүмкіндік береді.

«Жаңалық жеткізудің жедел тәсілі ретінде Twitter журналистік алаңды өзгертті. Twitter алғаш пайда болғанда, скептиктер 140 әріппен мардымды дүние айтуға болады деген идеяны келемеж етті, бірақ 2013 жылға қарай Twitter күніне 4000 миллионнан астам твит жіберетін 200 миллионнан астам қолданушысы бар XXI ғасыр «жаңалығына» айналды (Ritholtz, 2013).

Бүгінде Twitter журналистерге газет заманы немесе тіпті веб-журналистика енді-енді пайда болғанда мүмкін болмаған оқырманмен, көрерменмен және әріптестермен тікелей байланыс құруды қамтамасыз етеді. Бұл диалог құруға жол ашатын біріккен журналистикаға көшудің бір бөлігі; маңызды жаңалық, мақалалармен тікелей бөлісу көптеген журналистер үшін күнделікті өмір дағдасына айналды.

Сондай-ақ тілшілер басты жаңалық, мақаланы реал таймда жинап, жаңарту үшін Twitter-ге виртуал қойын дәптер ретінде жүгінеді. Басқалары оны оқырмандарды өз көзқарасымен бөлісу үшін пайдаланады. Twitter – ді қалай қолданатыныңызға қарамастан, келесі бірнеше негізгі озық тәжірибе парақшаңызға жазушылар санын көбейтуге және қызығушылық өсіруге көмектеседі. Деректерімізге сәйкес берілген қарапайым амалдар Twitter-дегі жұмыс тиімділігіңізді арттырады (Twitter media, 2015).

Twitter – дегі Journalism & News – дің креативті контент-менеджері Марк Лаккидің пікірінше, Twitter – дегі қатысу дәрежесін өсірудің ең жақсы тәсілдерінің бірі – ел аузындағы тақырып жайында үнемі твиттеп тұру. Микроблогтар сайты жүргізген зерттеу қысқа уақытта көп твит жариялаған адамдарға жазылушылар саны орташа көрсеткіштен 50%-ға жоғары болатынын (1.5x) көрсетті. Оқиғанызға қатысты жаңалық туралы тікелей эфирде твиттеп шығару немесе жаңарту – жазылушылар санын өсіріп, байланысты жақсарту тәсілі (Luckie, 2012).

Twitter – дің артықшылығы – журналистер реал таймда жедел жаңарту жасайды. Әр жеке твит 140 символмен шектелсе де, жеке твит қолданушының Twitter-інде бөлек жатпайды; ол әлде қайда күрделі дискурс құратын басқа твит контекстерінің айналысынан орын алды. Редакциялар Twitter лента ын бөлек өнім ретінде – тек журналистиканы ғана ілгері бастыру жері емес, журналистиканы Twitter форматына бейімдейтін орын ретінде де қарастыра басталды» [1, 536 б.].

Бүгінде интернет журналистиканың қарқынды дамуымен кейбір жоғары дәрежелі журналистер бүкіл әлемге ықпал ете алатын болды. Жаңа технологиялық жетістіктер цифрлық кеңістікте шапшаң дамуда және көбі «пост-мобайл» әлемде Google glass сияқты құралдар журналистік қызметті іске асырудың тағы бір жаңа тәсілдерін ашады. Цифрлық және әлеуметтік медианың, интернеттің ықпалы медиа алаңын түбегейлі өзгертті. Бұл өзгеріс дәстүрлі медиа үшін зиянды болса да, журналистиканы іске асыруда жаңа модельдере жол

ашты. Журналистер қашан да жаңа технологияларға бейімделу қажет, ал бүгінгі журналистер жаңалық пен ақпарат жеткізудің бұрын-соңды болмаған жаңа тәсілдеріне тап болды. Цифрлық әлемде табысты болу үшін бүгінгі журналист бірнеше платформадағы жаңа технологияларды игеруі қажет, дей тұрғанмен, журналистің ең маңызды құралы – жаңалық сюжетін өндіру үшін қолданатын технология емес, оның сыни ойлай білу қабілеті.

Қазіргі заманғы медиатану дәстүрлі БАҚ-ның қызмет ету ерекшеліктерін зерделеумен шектелмей, біздің өмірімізге тез сіңіп кеткен жаңа медиа контенттің жеделдігі мен әртүрлілігі, аудиториядағы қажеттілік деңгейі де өзіне назар аудартады. Интернет-басылымдар, блогтар және әлеуметтік желілер біртіндеп заманауи медиа кеңістігінің ажырамас бір бөлігіне айналды. Олар дәстүрлі БАҚ-ның бұрынғы және жақсы зерттелген жұмыс дәстүрлерін ғана емес, сонымен қатар жаңа әдістер мен тәсілдерді ескереді және пайдаланады. Мысалы, өзінің таралу арнасының ерекшелігі – жаһандық желімен негізделген мақсатты аудиториямен өзара қарым қтынас жасайды. Бұл тәжірибе күн сайын жетілдіріліп, байытылып келеді, сондықтан да жаңа медиа мәселелеріне арналған кез келген ғылыми зерттеулердің өзгермейтін өзектілігіне негізделген ұғынудың іс жүзінде мейнстримдік форматына мұқтаж. Ғылым мұндай жедел өзгерістерді бірден қалпына келтіруге үлгермейді, кейде ғалымдардың материалдары жаңа медиа практикасының нақты өзгерістерінен асып түсетін кездері де болады, алайда қолда бар тәжірибемен және жинақталған нәтижелермен салыстыра отырып, релевантты қорытынды жасау үшін, ең алдымен мұны сипаттама және бекіту деңгейінде ұғынып алған жөн. Сонымен қатар, желілік медианы қалыптасқан ғылыми құралдардың көмегімен және практик-журналистердің пікірін ескере отырып бақылау қазіргі уақытта шынайылық дәрежесі жоғары, аралық қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Біз де осы мақалада жаңа медиа-әлеуметтік желілердің ең жылдам өсіп келе жатқан сегменттерінің бірін зерттеп көру арқылы көрсетуге тырысамыз.

«Әлеуметтік медиа мақсатты аудиторияны кеңінен қамтуға және онымен тиімді қарым-қатынас жасаудың ең ауқымды мүмкіндіктерін ұсынады, бұл туралы медиажетекші-ғалымдар да бірнеше рет жазған болатын. Кез келген БАҚ-ның оқырмандары мен көрермендері санының өсуі оның әлеуметтік желілерде қатысу сапасына байланысты. Бұл ретте соңғылары үнемі дамып, жаңа опциялармен өсіп, «ойын ережелерін» өзгертеді, мұны бұқаралық ақпарат құралдары ескеріп отырып пайдалануы тиіс. Мысалы, соңғы жылдары деректерді жинайтын және талдайтын чатботтар, сондай-ақ онлайн-кеңесшілерді ауыстыратын, толықтырылған және виртуальды шындық, таргетинг алгоритмдері пайда болды. Аудиторияның мессенджерге көшуі және т. б. байқала бастады» [2].

Журналистер мен блогерлер түпнұсқадағы таңқаларлықтай тақырыптар мен ақпарат беру нысандарын іздейді, аудиторияны тәулік бойы жедел жұмыспен қамтамасыз етеді. Техникалық құрамдауыштар да есепке алынады: егер ақпарат тұтынылатын негізгі құрылғы смартфон болса, сәйкесінше, бейнелер мен фотосуреттер қазір негізінен тікелей тігінен бағдарланады. Бұл тренд соншалықты күшті, тіпті кинокомпаниялардың өзі блокбастерлерді тігінен түсіре бастады. Facebook, 2015 жылы презентацияланған «жылдам мақалалар» (Instant Articles) функциялары арқасында браузерге арнайы шықпастан, тікелей өз қосымшасында бөгде басылымдардан материалдарды оқуға мүмкіндік береді. Осылайша, желі ішінде трафикті ұстап тұрады.

«Дәстүрлі желілік бейнені тұтыну соңғы онжылдықта белсенді түрде өзгереді. Аудитория Интернетке ауысып, дәстүрлі ТВ рейтингтері төмендейді. Қазіргі уақытта технологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ бейбаяндарды кез келген уақытта, кез келген жерде және кез келген тасымалдаушыда көруге болады. Желідегі барлық интернет-трафиктің 75% – ы төрт жылдан кейін видеоконтентке тура келеді. Мұндай қорытындыға Ericsson шведтік мобильді компаниясының зерттеу орталығы келді. «Ericsson Mobility Report» баяндамасында 2023 жылы мобильді интернет контентінің үштен екі бөлігін бейне құрайды деп атап өтілген. Бұл феноменге практикалық түсініктеме бар» [3].

Жаңа медиа қарқынды дамып келе жатыр, атап өткендей, академиялық ғылым кейде олардың артынан үлгерми жатады. Әсіресе, бұл өзекті трендтерді терминологизацияландыруға қатысты. Терминді бекіту және түсіну үшін белгілі «эпикалық қашықтық» кейде бір жылға дейін және одан да аз уақытқа қысылады. Сондықтан жаңа медианың тәжірибелері номинативті мәндерді өздері ойлап табады. Мәселен, онлайн-трансляциялар «ағындық бейне», «live-видео», «бейнетриминг», «тікелей трансляциямен», «жанды бейне» және т.б. деп аталады, ал бүгінгі таңда жоғалып бара жатқан контенттің танымал опциясы, ең алдымен, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде («ВКонтакте»-ден «Оқиғалар», «WhatsApp» статустары), сонымен қатар кейбір дәстүрлі БАҚ-ында (мысалы, Олимпиада ойындары кезінде «The New York Times»-тен оқырмандарға арналған SMS) «уақытша посттар» және «шектеулі таралым өнімдері» деп те атайды.

«Social Media Today мәліметтері бойынша, пайдаланушылардың 85% Facebook-ті телевизиялық трансляциядан көруді жөн санайды, себебі мұндай формат олардың оқиға ұйымдастырушыларымен және басқа да көрермендермен өзара байланыс жасауға мүмкіндік береді. Әдеттегі роликтерге қарағанда Live-бейне баяндарына комментарийлерді 10 есе көп жазады. Сонымен қатар, шараның онлайн-көрсетілімін тамашалайтын көрермендердің 30% келесі жылы билеттерді сатып алып және іс-шараларға қатысады. Трансляцияланатын оқиғалар ретінде тек концерттер мен фестивальдер түріндегі мәдени іс-шараларды ғана емес, сонымен қоса конференциялар, спорттық жарыстар, презентациялар, қызықты табиғи құбылыстар (мысалы, «Mastercard» компаниясының 2017 жылы Facebook аккаунтында күн тұтылуын трансляциялау), дауыс беру және арнайы шоулар ұйымдастыруға болады» [4].

Жаңа мыңжылдықтағы ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы нәтижесінде, ғаламтор әлемдік сипатқа ие болып, таралымы мен тағылымы зор құбылысқа айналды; заманымыздың бүкіл болмысын айқындайтын ортақ құндылық болып қалыптасты. Сөйтіп, ғаламтор қоғамдық өмірдің барлық саласына дендеп енді: саясат пен экономика, әлеумет, мәдениет пен өнер, тіпті, жұмырбасты пенденің күнделікті тұрмыс-тіршілігі де желімен тығыз байланысып, біте қайнасып кеткендей.

Қорытындылай келе, публицистиканы онлайн форматта жасау қажеттілігі туындайды. Бүгінде қазақ инновациялық публицистикасының әлеуметтік медиа негізінде айтарлықтай қалыптасып, дамымауы үлкен мәселеге айналып отыр. Публицистиканы тек дәстүрлі журналистиканың төңірегінде ғана дамыта берсек, болашақ жастардың бұл саладан алшақтауы әбден мүмкін. Сол себепті көсемсөзді инновацияландыру мәселесіне аса мән беруіміз керек. Қазақ публицистері туралы медиаконтент жасауды қолға алуымыз қажет. Мысалы, telegram-канал ашу, қазақ публицистерінің еңбектерін және жеке парақшаларын facebook әлеуметтік желісінде ұйымдастыру, подкаст жасау. Әсіресе «Facebook» және «Telegram» әлеуметтік платформаларын публицистикалық мақалалар жазылатын алаңға айналдыру қажет. Көсемсөзді инновацияландыру үшін әлеуметтік желілерде SMM-ді дамытқан жөн деп білеміз. Сол арқылы қоғамның, жастардың назарын публицистикаға аударуға болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Бейнбриж Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика: теория мен практикаға көзқарас: оқулық. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 592 б.
2. <https://baribar.kz/105251/azamattyq-zhurnalistika-zhane-zhanha-media/> [03.07.2019].
3. Замков А.В. Новостной медиаробот: теоретические аспекты интеллектуальной системы генерации контента // Вопросы теории и практики журналистики. – 2019. Т.8.
4. Щепилова Г.Г., Круглова Л.А. Видеоконтент в Интернете: особенности аудиторного потребления // Вопросы теории и практики журналистики. – 2018. – Т.8. №2. – С.345.

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ДАМУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Сихаева Ақгүл Мейірханқызы¹, Абсалимова Айгерім Қанатқызы²

¹Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті «Көркем графика және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы

²Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті «Көркем графика және дизайн» кафедрасының оқытушысы

Республиканың егемендігі, ұлттық сана сезімінің өсуі, мәдени және рухани дәстүрлердің, тіл мен діннің қайта өркендеуі жағдайында эстетикалық тәрбиедегі ғылыми негізделген ұсыныстарды талдап жасауға қажеттілік қана өсіп қоймай, сонымен бірге оларды іске асыру мүмкіндіктері де анағұрлым ұлғайды.

Ұстаз үшін ұрпақ тәрбиесіне жауапкершіліктен асқан міндет жоқ. Әбу Насыр әл – Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма»,-деген екен. Ғұлама ғалым А.Байтұрсынов «Рас, біз шынында да әрқашан білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет. Ал, білімдар тәлімсіздік - ең үлкен жауыздық. Ол бәрін біледі, ол өзінің мақсаты үшін бәрінен аттап өтеді. Тәрбиелі білімдар ... Міне адам ! Міне тұлға ! Осыған ұмтылуымыз керек достым»,- деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл бөлу керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын баса көрсеткен.

Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан - жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны және т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез құлқы анықталады. Осыдан келіп әрбір жас ұрпақтың әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі қарастырылады.

Эстетикалық тәрбие адамның жан - жақты даму факторының бірі бола тұра, жас ұрпақтың өз өмірлерін « Әдемілік заңы » бойынша құра білуге шақырады. Балалардың эстетикалық сезімі мен ұғымын, көркемдік шығармашылық қабілетін үздіксіз дамыту әрбір ата-ананың, педагогтың борышы. Эстетикалық тәрбие - тұлғада әсемдік сезімін дамытады. Адам әсемдікті сезінуден, өз өмірін сұлулық заңымен құруға ұмтылады. Эстетикалық тәрбие адамгершілік, ақыл-ой, еңбек және дене тәрбиесімен тығыз байланысты. Табиғатқа, әдебиетке, театрға, музыкаға, поэзияға, көркем сурет және т.б. өнерге деген сүйіспеншілік адамның жан - жақты саналы дамуына әсер етеді. Адамгершілік қалыптасуда эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Әсемдік рахаты әр адамды жақсылыққа, ұжымшылдыққа, адал еңбекке жетелейді.

Әсемдік тәрбиесіне байланысты оқушылар эстетика теориясы білімдерін меңгеруге тиіс. «Эстетика» термині гректің «эстезис» - сезімталдық деген сөзінен шыққан. Бұл сөзді алғаш рет неміс өнертану ғалымы Баумгартен ғылыми атау ретінде енгізді 1750 ж. Оның «Эстетика» деген еңбегі жарық көрді. Сол кезден бастап эстетика ғылым саласына айналды. Ал, эстетика ұғымының өзі ертеректе туған. Оның бастауының өзі ерте заманға кетеді. Өркениет өрісінде адам өзін қоршаған ортада сұлулық іздеп, сезінуге үйренеді. Бұл қабілет эстетикалық сезім деп атауын алды. Ол еңбек процесіне орай дамиды және кемелденеді. Адам табиғатты жаңалау, өзгерту арқылы өз табиғатын, әлеуметтік қарым - қатынасын қалыптастырып отырады.

Тәрбие процесінде эстетикалық білім дамыту шаралары – бұл конкурс, викторина, мектеп мерекелері, үйірмелер, шығармашылық топтар т.б. Оқушылар олардан қысқаша мәлімет алып қана қоймай, эстетика ғылымын толықтай түсінуге бастау алады. Эстетика сабақтары оқушыларға эстетикалық таным заңдары мен заңдылықтарынан, өнердің жалпы принциптерінен ақпараттар береді.

Тәрбие ісін ұйымдастырғанда эстетикалық қабылдаудың психикалық заңдылықтарын ескеру керек, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай, эстетикалық форма мен мағына жағдайларының қиында күрделі сәттерін пайымдауға бағыттап барған жөн.

Эстетикалық қабылдаудың маңызды тұсы – шындықты бейнелеумен бірге жүретін адамның көңіл шарпулары. Жоғары көркем өнер шығармаларын қабылдай отырып, оқушы қуаныш пен тебіреніс, қорқу мен үміт сезінеді. Бұл сезімдер балаларды әсемдік заңымен өмір сүруге бағыттайды.

Эстетикалық тәрбиенің көптүрлі құралдары көркемдік жұмыстарда көрінеді. Тәрбиенің эстетикалық бағыттағы құралдары сан - алуан: табиғат, еңбек, адам қатынасы, өнер және т.б. тәрбиелеу көздері – қоршаған орта, оқу - үйрету еңбегі, өнер әлемі, музыка, суреткер шығармасы т.б.

Эстетикалық тәрбиенің құралы болып табылатын өнердің көп салаларының ішінде адамның ішкі жан дүниесіне, жүрек сезіміне, эмоциясына күшті әсер ететін музыканың алатын орны ерекше.

Музыка – адамзаттың тілмен айтып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Ол өзінің көркемдігі және маңыздылығымен баланың жанын баулап, ақыл-ой сезімін кеңейтіп, жақсы мінез-құлықтарының біртіндеп қалыптасуына әсерін тигізеді. Сондықтан мүмкіндігіне қарай баланы музыкаға жастайынан баулыған жөн. Өйткені, ән мен күй ана сүтіндей бала бойына ерте сіңсе, онда ол балаға ауа мен су секілді күнделікті қажетіне айналады. Ал, мұндай қажеттілік баланың сезімталдығын, мәдениеттілігін қалыптастырумен қатар бала бойына туа біткен дарынның ерте көктеп, гүлденіп, жеміс беруіне себебін тигізеді [1]

Халық музыкасының асқан шеберлері - әнші, күйші, жыршы, жырау, ақындар көшпелі күн көрістегі қазақ арасында зор әлеуметтік қызметте атқарды. Мұндай тума таланттар жалпақ жұртшылық арасында өз елінде ағартушы, тәрбиеші де болатын. Олардың көзі ашық, көңілі сергек, ой өрісі өзгелерден озық болды. Музыкалық дарыны мол қазақ халқы басқа тарихи профессионалдық дәстүрі бар елдер сияқты балаларының айрықша қабілетіне байланысты семьяда белгілі бір музыкалық аспапта нота арқылы білім беріп, мектепте оқытып эстетикалық білім, тәрбие бермегенмен өз жеткіншектерін өз ортасынан шыққан тума таланттардан өнерпаздықты үйренуге, олардан үлгі өнеге алуға баулып отырған. Халық музыканы да, оны орындаушыны да қастерлеп, қадір тұтқан. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық музыкалық дәстүрі бүгінгі Егеменді еліміздің профессионалдық музыка өнеріміздің нәрлі бұлағы болып, арнасын кеңейтіп, өрісін биікке көтеріп отыр. Халық мұрасы негізінде мәдени тарихымыздың бұрын-соңды болып көрмеген профессионалдық жанрлар симфония, кантата, оратория, опера, балет сияқты биік мәдениетті танытатын жанрлар тудырды. Ұлттық музыкалық қазынамызды насихаттап, ел өміріне айналдыратын мемлекеттік ұлт аспаптар оркестрі, симфониялық оркестрі, филармония, хор копелласы, вокальды аспапты ансамбльдер сияқты творчестволық [2].

Эстетикалық тәрбиенің келесі бір құралы - ол халықтың қол өнері болып табылады. Зергерлік өнер ерте заманнан келе жатқан әрі халыққа көп тараған сәндік және қосалқы өнердің бір түрі. Алтын, күміс, асыл тас және сүйекті пайдаланып сәндік-салтанат үшін әшекейлейлі жиһаз қыз келіншектердің сәндік бұйымдары мен қару жарақ, сауыт сайман, ер тұрман зерлеу өнері болған. Оған тас, сүйек, металл, бояу, былғары сияқты материалдар кең түрде пайдаланылған. Түркістандағы тай қазан, Семей музейінде Бөгенбай батырдың айбалтасы, Алматы обл., Есік қаласынан табылған мәйіттің алтын киімі т.б. зергерлік өнердің қазақ жерінде ертеден өркендегені айғақ.

Зергерлік өнердің туындылары жауға айбар, жақынға мақтаныш, аруға ажар, жігітке жігер беретін болғандықтан, батырдың ерлігіне, ақындардың тапқырлығына, жүйріктердің бәйгесіне сыйға тартылатын болған.

Халық педагогикасында әсемдік тәрбиесін үлкендердің ата аналардың жеке басының үлгі өнегесі, күнделікті өмірде «ұят», «ар», «намыс» сияқты ұғымдарды пайдалана отырып

үйрету, жазалау, жаттықтыру, әдеттендіру, сендіру, мадақтау, көтермелеу, мақұлдау, қоштасу әдістері арқылы біртіндеп іске асырып отырған [3]

Міне, осындай сәби көзін ашып, жарық дүниені сезіп, тіршілікке қол созған сәттен тәрбие нәрін анасының ақ сүтімен бірге қабылдап тал бойына сіңірген. «Әлди, әлди, ақ бөпем» - деп, басталатын бесік жырының өзі-ақ ананың әуезді үні арқылы жас нәрестені беймазальықтан, шыдамсыздықтан сақтандырып, мейірімділікке, сабырлылыққа баулыған. Міне, бұл мінез құлық эстетикасының, әсемдіктің басы болып табылады.

Балаға өзін қоршаған дүниені өнер арқылы танытудың бірден бір жолы - бейнелеу өнері болып табылады. Бейнелеу өнері -деп өмір шындығын ,біздің өзімізді қоршап тұрған дүниедегі жанды- жансыз заттарды көре отырып тікелей кескіндеп, не мүсіндеп түсіруді айтамыз.Оған көркем өнердің кескіндеме (живопись) , мүсіндеме (скульптура), графика,сән (декоративное) және қол өнері, тағы басқа түрлері жатады [4]

Адамдар бейнелеу өнерімен қоғамның алғашқы даму сатыларында- ақ шұғылданған. Олар жартастарға, өздері тұрған үйдің қабырғаларына суреттерді ойып салған.Ол суреттер адамдардың сол кездегі негізгі кәсібін бейнелеген. Оған Жасыбай және Ұлытау жартастарына ойып салынған суреттер қазбасы дәлел болады. Мұның өзі ертеде өткен ата- бабаларымыздың арасында да талай шеберлердің болғандығын айқындай түседі. Қарғалы және Жамбыл көнбелерінен табылған құмыра ыдыстарындағы, зергерлік бұйымдардағы хайуанаттар суреттері осының айғағы. Өнер иелерінің еңбектері арқылы жастар өз өлкесінің сұлу табиғатын , өз республикасының өткені мен бүгінгісін, халқымыздың тұрмысы мен әдет ғұрпын тани түсуге мүмкіндік алады.

Бүгінгі қазақ мектептерінің алдындағы міндет оқушылардың сана-сезімін оятып, тәрбиелеп, қалыптастырып тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені үйретіп, бойына сіңіріп, күнделікті тіршілікте пайдалана білуге үйрету міндеті тұр. Басқаша айтқанда, жеткіншек жас пен үлкендер тәрбиесін қатар қозғап, жүргізу әдісін ойластыру керек [5].

Жас ұрпақтың бойына эстетикалық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерін дамытып, оларды парасаттылыққа тәрбиелеуге экологиялық тұрғыдан келудің де маңызы зор. Балалардың мейірімділік, қайырымдылық, аяушылық, мүсіркеушілік және басқа гуманистік ерекшеліктерін дамыту бағытында табиғатпен сырласу жеткіліксіз болса, олар парасаттылық тәрбие алуда белгілі бір мөлшерде қысым көру мен шектеушілікке душар болады. Табиғат, кеңес жазушысы С.Залыгиннің сөзімен айтқанда, адамныңар-ұят сақтауына табиғатты үнемі ана ретінде еске алып отыруына көмектеседі.

Табиғат арқылы экологиялық тәрбие берудің маңызын бағалай келіп А.Е.Тихонова «Табиғатты эмоциялық сезіммен қабылдау оған деген эстетикалық қатынастың бастапқы негізі болып саналады. Мұғалімнің міндеті эстетикалық сезімді байыту ғана емес, сонымен бірге табиғатқа адал қатынастағы адамгершілік – эстетикалық жағын дамытуды, оның сұлулығын молайтуға ұмтылдыруда болып табылады»,-деді [6].

Қазақ эстетикасы халықтың көркемдік әрекетінің алуан түрлерінен көрініс тапқан. Жас ұрпақты «жан-жақты жетілген адам» қылып тәрбиелеуді ұстаздар мұрат тұтып, білім беру мен тәрбиеге назар аудару қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Дюсембинова Р.К. Музыкально - эстетическое воспитание школьников средствами казахского народного песенного творчества: Автореф.дис...к.п.н. -Алматы, 1992.
2. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі.-Алматы, 1990.
3. Әбиев Ж.Ә.,Бабаев С.Б.,Құдиярова А.М. Педагогика:оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А.М. - Алматы, - 2004.
4. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы,1969.

5. Альмухамбетов Б.А. Эстетическое воспитание учащихся 4-7 классов средствами национального изобразительного искусства (на материале об общеобразовательных школ Казахской ССР) Автореф.дисс...к.п.н –Алматы,1990.
6. Сарыбеков Н.С. Воспитание любви к природе.-Алматы: Рауан, 1994.

АТА-АНАЛАР МЕН МЕКТЕП АРАСЫНДАҒЫ ҚАУЫМДАСТЫҚ БАРЫСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Хангелді А. А., Серікбайқызы З.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің педагог-ұйымдастырушы
кураторлары

Қазақстанның білім беру жүйесін жетілдіріп, оқыту технологиясын әлемдік стандарттармен сабақтастыра дамыту – заман талабы. Жаңашыл ұстаздың бүгінгі мақсаты - жас ұрпақты жаңашылдыққа (инновация) бейімдеп, оқытудың тиімді әдістерін оқу-тәрбие үрдісіне енгізу. Баршамызға мәлім, білім жүйесінде халықаралық деңгейде түрлі бағдарламалар баршылық және ақпараттық қоғамның арқасында олардың ерекшеліктерімен таныс болуға мүмкіндіктер көп. Бұл бағдарламалар еліміздегі білім ордаларында да кең қолданысқа ие. Заманауи бағдарламалар жастардың жан-жақты білім алып, өз зияткерлігін дамытуына мүмкіндік береді. Осы орайда, Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі Халықаралық бакалавриат шеңберінде білім алушыларды атап өтсек болады. Бұл мектеп – Назарбаев Зияткерлік мектептері желісіндегі Халықаралық бакалавриат (International Baccalaureate) бағдарламасы бойынша оқытатын алғашқы білім беру мекемесі болып табылады. Мектеп білім берудің әлемдік деңгейдегі сапасын одан әрі жетілдіруде. Бұған дәлел, аумақтық деңгейдегі мектеп аясында өтіп жатқан түрлі атаулы жобалар, іс-шаралар және кездесулер. Сондай-ақ, мектеп қызметкерлері кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында курстар мен семинарларға жиі қатысатынын атап өткен жөн. Аталмыш жұмыстарды жүзеге асырып, білім берудің сапасын жетілдіруде мектеп қауымдастығының айтарлықтай үлесі бар.

Жылдар бойы жинаған педагогикалық тәжірибемізбен мектебіміздің бір бөлігі ретінде саналатын білім алушылардың ата-аналарымен бөлісіп, оларды мектеп бағдарламасымен толықтай таныстырып, білім жүйесіндегі өзгерістер мен жаңа ақпараттардан хабардар ету - басты міндеттеріміздің бірі деп санаймыз. Себебі, білім алушы мен ата-ана бір ағымда болулары қажет. Яғни, мектеп бағдарламасын ата-ана да толықтай меңгергені жөн. Өйткені, өмірде бала бір жақты тәрбие алуы мүмкін емес. Тәрбиенің іргетасы отбасында қаланады. Ал ата-ана қалыптастырған тәлімді одан әрі дамыта түсу ұстаздың құзырында. Бірлесе отырып біз өнегелі ұрпақты, дара тұлғаны тәрбиелеп шығара аламыз. Ата-ана мен мектеп қауымдастығының ынтымақтасқан әрекеті арқасында оқушы тұлғасын дамыту мәселелерін табысты шешуге болады. Себебі, бұл қауымдастық жеке тұлғаны қалыптастыруға, сапалы оқытуға және саналы тәрбие беруге себепкер. Осы тұста мектеп пен отбасы арасындағы тәрбиелік мақсатта атқарылатын жұмыстарда өзара сабақтастық өз үйлесімін табуы тиіс.

Осы орайда, ата-аналар мен мектеп қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектебінде түрлі жобалар іске асырылуда. Соның бірі әр жыл сайын үздіксіз 2018 жылдан бері бастау алып келе жатқан «Талқылайық & TalkLike» жобасы. Бұл жоба - әр апта сайын мектептің ата-аналар қауымдастығын мектеп бағдарламаларымен таныстыру мақсатында өткізілетін кездесулер. Ата-аналардың оқушы рөліндегі сабақ фрагменттерін ұсына отырып, ІВ бағдарламаларының компоненттері мен жобалары бойынша тақырыптар негізінде таныстырылым, семинар-тренинг, әңгіме-талқылау түрінде өткізіледі. ***Жобаның мақсатына келетін болсақ, мектептің ата-аналар қауымдастығын “Халықаралық бакалавриат” оқу бағдарламасының ерекшеліктерімен таныстыру. Оқушыларды оқыту барысында туындаған және ата-аналарды қызықтыратын сұрақтарға жауап беру. Сонымен қатар ата-аналар қауымдастығы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.***

Жобаның мақсатына сәйкес негізгі қатысушылар ата-аналар болып табылады. Ата-аналар бұл жобада мектепке қатысты маңызды сұрақтарға жауап алып және оны алдағы уақытта дұрыс іске асыра алады. Өз тараптарынан қандай да бір ойлармен бөлісіп және

қажетінше оларды мектеп бағдарламасына енгізу жолдарын талқылайды. Осылайша, ата-аналар бұндай жобаларға қатысу барысында мектеп аясында орын алып жатқан жаңалықтардан хабардар бола алады және мектеп бағдарламасын толықтай меңгергенін көруге болады. Әсіресе, бұл жоба мектебімізге енді қадам басқан жаңа буындағы білім алушылар үшін өте тиімді.

Мектеп қауымдастығымен бірлесе қызмет атқару алдағы уақытта білім алудың тиімді жақтарын анықтап, оқушылардың сапалы білім алуына септігін тигізе алады.

Қазіргі таңда аталмыш жоба өз жалғасын табуда және әлі де жақсы нәтиже күтілуде. Оқу жылының соңын қорытындылай келе, «Талқылайық & TalkLike» жобасына қатысты алға қойылған мақсатқа жетуге әрекеттер жасалды. Жоба барысында ата-аналар әр тақырып бойынша мектеп координаторларының өткізілген кездесулерінде ХБ бағдарламасының ерекшеліктерімен толықтай таныс бола отырып, өз көкейлерінде жүрген ІВ бағдарламаларының компоненттері мен жобаларына қатысты сұрақтарға жауап ала алды. Бірнеше өткізілген кездесулерден кейін мектеп қауымдастығы мен ата-аналардың арасында ынтымақтастық пен сабақтастық одан әрмен нығая түскені байқалды. Себебі, жобадан бөлек мектеп аясында өткен іс-шараларға ата-аналар аса белсенділік танытып, өз үлестерін қосты. Әр кездесуден алған әсерлерімен ата-аналар қауымы интервью беру арқылы бөлісті. Аталған тәжірибелерді және қорытынды нәтижемізді, интервью бейнежазбалары мен YouTube әлеуметтік желісіндегі жобаның толық нұсқасынан байқауға болады.

Сілтеме: <https://www.youtube.com/playlist?list=PL6lVr1Yxg3C1rnBpFx7lhTH0wiY5XPOin>

Сіз мектебіміздің аясында өткізіліп жатқан тек бір ғана жобамен таныс болдыңыз және бұл жобаның тиімділігін атап өттік. Болашақта бұл жоба өз жалғасын таба бермек. Сонымен қатар, Назарбаев Зияткерлік мектептер желісінде енгізу жоспарымызда бар. Білім жүйесі заман талабына сай қарқында даму үстінде. Болашақта білім ордамызда жүзеге асырылып жатқан өзге де жаңашыл жобаларымызбен таныс боласыздар деген ойдамыз. Тиімді жұмыс істеуге пайдасын тигізетін осындай жобаларды өз білім беру ордаларыңызда іске асыруды ұсынамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Талқылайық & TalkLike» жобасының ережесі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы, 2019-2020 жж.
2. Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ресми сайты, www.nisa.edu.kz
3. Мектеп, оқушы, ата-ана: ынтымақтастық қырлары, Түркістан облысы Мақтаарал ауданы білім бөлімінің Үлгілі жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ресми сайты, www.ulgili-maktaaral.mektebi.kz

EDİMBİLİM: DİL KULLANIMI VE BAĞLAM İLİŞKİSİ

Gülsüm Songül Ercan

Dr. Öğr. Üyesi, Dokuz Eylül Üniversitesi Dilbilim Bölümü, İzmir, Türkiye

Özet. Edimbilim dilsel anlamı bağlama dayalı olarak inceleyen bir alandır. Dilbilimin alt alanlarından biri olan edimbilim dilsel biçimlerle söz konusu biçimlerin kullanım amaçları, diğer bir ifadeyle işlevleri arasındaki ilişkiye odaklanır ve anlamın yorumlanmasında bağlamın rolünü inceler. Böylece biçimci yaklaşımlarla açıklanamayan dil olguların açıklama getirir ve toplum bireyleri arasındaki iletişimi tüm yönleriyle açıklamayı hedefler. Konuşucu/yazar, dinleyici/okur, aralarındaki ilişki ve bağlam özelliklerinin anlamın iletilmesindeki ve iletişimin sağlanmasındaki rolünü inceler. Bu çalışmada edimbilim, inceleme alanı ve dil kullanımına yaklaşımına ilişkin bilgi verilmekte; iletişimin sağlanmasında temel etmenlerden biri olan bağlam konusu irdelenmektedir. Son olarak bağlam çerçevesinde yorumlanan dilsel biçimler olan gösterim ve gönderim kavramları ve türleri açıklanmaktadır. Sözü edilen tüm kavramlara ilişkin örnekler sunularak konulara açıklık getirilmiştir.

Anahtar Sözcükler: Edimbilim, Bağlam, Gösterim, Gönderim

PRAGMATICS: THE RELATIONSHIP BETWEEN LANGUAGE USE AND CONTEXT

